

СӘБДЕН Оразалы

ЭКОНОМИКА
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

XII
ТОМ

Алматы
2011

УДК 338 (574)
ББК 65.9(5Каз)
С 28

Сәбден О. **ЭКОНОМИКА**: Таңдамалы еңбектері. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК ЭИ, 2011.

ISBN 978-601-215-031-5

Том XII: **Халық игілігі үшін.** Екінші басылуы./Жақыпбек Л.Д. – 180 б.

ISBN 978-601-215-043-8

Бұл кітапта танымал ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ғылым саласындағы Ресейдің Ломоносов Орденінің иегері, академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор Оразалы Сәбденнің азамат болып қалыптасуы мен шығармашылық өсу жолы баяндалады. Оның ата-ана, әке-шеше қара шаңырағында бойына сіңірген адалдық пен әділдік, еңбекқорлық пен максаткерлік және жастайынан бойына сіңіре білген туған жеріне деген балалық сүйіспеншілігі хақында жора-жолдастары тарапынан жылы лебіз білдіріледі.

Кітапта біздің кейіпкеріміздің үлкен ғылымдағы алғашқы қадамынан бастап, бүгінгі таңдағы жеткен жетістіктері, бұл жолдағы табиғи және жасанды қиындықтарға толы өмір өткелі шынайы бейнеленеді.

Бұл басылымда Оразалы Сәбденнің Жоғарғы Кеңес пен Парламент депутаты ретінде Қазақстанның егеменді ел болып орнығуы мен қалыптасуына қосқан елеулі үлесі жарқын көрініс тапқан.

Қазақстан Ғалымдар Одағының президенті және Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық казак-түрік университетінің ректоры кезіндегі сан-салалы нәтижелі еңбегі де зерттеліп-зерделенген.

Кітапта Оразалы Сәбденнің қызметтес әріптестері ірі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің ой-тұжырымдамалары мен пікірлері, кейіпкер бейнесін барынша айқындап, толықтыра түскен.

Кітап жалпы оқырман қауымға, әсіресе ХХІ ғасырда Қазақстан мемлекетін өркендетті ел қатарына қосылуға ат салысатын жастарға арналған.

УДК 338 (574)
ББК 65.9(5Каз)

ISBN 978-601-215-043-8 (Т. XII) © Сәбден О., 2009

ISBN 978-601-215-031-5 © ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2011

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
I. Бірінші бөлім. Халық игілігі үшін	8
1 тарау. Ата-ана қуанышы	8
2 тарау. Өмір бастаулары, алау жастық	28
3 тарау. Ғылымның құзар шыңына	54
4 тарау. Халық сенімі, туған жер киесі	72
II. Екінші бөлім. Ғалымдар, әріптестер пікірі	120
Академик С. Зиманов	120
Академик А. Абдулин	129
Академик А. Қошанов	132
Академик К. Нәрібаев	138
Ғалым Ш. Жансейітов	142
Ғалым А. Осман	155
Ғалым Н. Бірімбетова	166
О.Сәбденнің Ғылыми және Қоғамдық өмірдерегі	168
Эпилог	177

“Мен үшін елім маған не істеді деу орнына, елім үшін мен не істей аламын деген сұрақ қойған абзал”.

Джон Кеннеди

АЛҒЫ СӨЗ

20 мамыр 2007 жылы атақты ғалым, экономика ғылымының докторы, академик, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты егеменді Қазақстанның Жоғарғы Заң шығару органында асқан қажырлылықпен тиімді де сапалы еңбек еткен кәсіпқой парламентарий Оразалы Сәбден асқаралы 60-тың табалдырығынан аттап отыр.

Оразалы Сәбденнің өсу мен өркендеу жолы еліміздің егемендік алып, еңсесін жаңадан көтере бастаған сәтінде үлкен серпіліс алды. Жаңа экономикалық формацияда көзделген іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында көптеген заң жобалары қабылданып, онда көзделген міндеттер сөзсіз жүзеге асырылуы тиіс кезең болатын.

Экономикалық реформа, ғылым және білім комитеттерін басқара жүріп, Оразалы Сәбден өзінің жаңа қырынан көріне білді. Ол жетекшілік еткен комитеттер, ел өміріне аса қажетті Заңдар топтамасын дүниеге әкелді. Көптеген әлеуметтік-экономикалық процестерді жандандырудың заңнамалық жобаларына басым бағыт беріліп, кіші және орта бизнесті қарқынды дамытудың ғылыми-методикалық әдістемелері қолданысқа ие болып, игі нәтижелерін беріп жатты.

Нарықтық экономиканы елімізде түбегейлі орнықтырудағы Оразалы Сәбденнің аса көрнекті ғалым-экономист ретіндегі еңбегі жеткілікті. Ол – еліміздің бүгіні мен болаша-

ғын жай болжаммен емес, ғылым көзімен көріп, дәлелдей алған озық ойдың иесі. Оразалы Сәбден тәуелсіз, егеменді Қазақстанның экономикалық өрлеу жолдарының ұтымды бағдарламасы және тұжырымдамасын дайындаған ғалым. Әзірге, өкінішке орай, кейбір кертартпа күштердің кесірінен, оның экономикалық тығырықтан алып шығар тура жолды көрсете білген ерең еңбектерінің бірқатары қолданысқа ендірілмей, амалсыздан, еленбеген күйде, өз кезегін күтіп жатқан жағдайы бар.

Оразалы Сәбден Қазақстанның рекордтар кітабы КИНЭС-ке Жоғары Кеңес пен Парламентке 1990-2001 жж. қатарынан 4 рет депутат болып сайланған халық қалаулысы ретінде ендірілген болса, екінші рет Кеңестер Одағы уақытысында және Егеменді алған кезең ішінде де экономика ғылымы саласында тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері атанған абзал азамат, айтулы тұлға.

Заң шығару органындағы қыруар еңбегімен қатар Оразалы Сәбден ғылым мен білім, нарықтық экономика салалары тұрғысында 22 монография, оның ішінде 11-і жеке монография, 400-ден аса ғылыми сипаттағы жарияланымдардың авторы.

Орекеңнің әріптесі әрі ұстазы, академик Аманжол Қошанов, оны республикамыздың ғылымдық және қоғамдық өміріне үлкен үлес қосқан белгілі ғалым және саяси қайраткер ретінде сипаттайды.

Халық жазушысы Шерхан Мұртаза Оразалы Сәбденге мына төмендегі мазмұнда мінездеме береді: “Оразалы Сәбден белгілі ғалым-экономист, академик, егемендіктің бастапқы жылдарынан-ақ елдің бүгіні мен болашағын дәлме-дәл болжай білген саясаткер, өзіне тән азаматтық ұстанымы бар қоғам қайраткері, қолданыста жүрген нарықтық жүйенің авторы”.

Қазақстанның халық артисі Сәбит Оразбаев өз пікірін: “Оразалы Сәбден ел болашағының жарқын болуын тек қана армандаумен шектеліп қоймай, өзінің бұл туралы ойларын ешқандай бүкпесіз, билік басындағыларға жалтандамай, ашықтан-ашық, нақты фактілермен баспа және теледидар беттерінде жариялап, тұшымды сөз айтып жүрген батыл әрі ел-жұртқа танымал саясаткер”, – деп түйіндейді.

Лесбек Жақыпбек Дүйсенұлы досы әрі сыныптасы Оразалы Сәбден туралы мектеп өмірінің кейбір эпизодтарын былайша еске алады: “Оразалы мектеп қабырғасында жүріп-ақ, біздерден өзгеше озық ойлылығымен, еңбекқорлығы және мақсаткерлігімен, жоғары ұйымдастыру қабілеті және бос уақытын өте тиімді пайдалана білетін қасиеттерімен ерекшеленетін. Ол өз қатарының алды әрі жолбастаушысы болатын. Оқуда озат, спорттық мәдени шаралардың бел ортасында жүретін Ошанды мұғалімдеріміз - ағай, апайларымыз үлгі тұтып, біздің одан көп нәрсені үйренуіміз керектігін үнемі есімізге салып отыратын. Мектеп пәндерінің ішінде алгебра, математика, химия, физиканы жаны сүйіп оқитын, алдына жан салмайтын. Мектеп оқушысы бола жүріп спорттың 10 түрінен 1-2 разрядты алды, олар: жеңіл атлетика түрлері, волейбол, баскетбол, бокс, велосипед, ал шахмат, гимнастика мен еркін күрестен чемпион атанған, болашағынан мол үміт күттірген талантты спортшы еді.

Шахматшы ретінде, ол өзінің әрбір қадамын түпкі мақсатқа бағыштап, атқарылар істің алдын-ала немен аяқталатынына болжам жасап қоятын. Ол жоспарлаған тірлік түбінде өзі ойлағандай көрініс тауып, өз пайдасына шешіліп жататын. Оразалы өзінің күш-жігерін түпкі мақсатқа бағыттай білетін. Оразалы Сәбденнің тұғырлы азамат, ірі ғалым, белгілі саясаткер, қоғам қайраткері болып қалыптасуына оның адалдығы, еңбекқорлығы

мен ізденімпаздығы және Отанға, елге-жерге деген сүйіспеншілігі сөзсіз игі ықпалын тигізді деп есептеймін”.

Кітап қазақ және орыс тілді оқырман қауымы үшін жазылды. Аталған бысылымның қазақша үлгісінің 4 тарауына қазақ әдебиетінің айтулы көркем-сөз шеберлерінің бірі Мархабат Байғұттың Оразалы Сәбденнің 50-жылдығы қарсаңында жазған “Серт пен Сенім” атты очеркісі арқау болды. Біз белгілі шығармашы Мархабат Байғұтқа, өз туындысы “Серт пен Сенім” очеркісінің әлі де болса іске жарап, оның негізгі түпнұсқасынан ауытқымай, дәл бастапқы қалпынан бір айнамай, айна-қатесіз пайдаланғанымыз үшін рахмет айтып, ризашылығымызды білдіреміз. Бұл кітаптың бірінші бөлімін және оның орысша мәтінін Леспек Жақыпбекұлы жазған.

I – БӨЛІМ. ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Бірінші тарау

АТА-АНА ҚУАНЫШЫ

Қазақ жерінің әрбір қадамы қасиетті, әрбір сүйемі сүйікті, әрбір уыс топырағы киелі екендігін аяулы ата-бабаларымыз айтып та, жазып та қалдырған. Бұл ұғымды мақалдары мен мәтелдеріне, нақыл-өсиет сөздеріне ғана емес, күллі-дәстүр салтына, рәсім-рәміздеріне, әдет-ғұрыптарына сіңіріп кеткен. Осындай-осындай әңгімелерді Оразалы әкесі Ерекеңнен, ауыл-аймақтың ғана емес, елдің ағасына айналған Ережептен есін білгеннен бермен қарата еститін еді. Әрине ең алдымен Сәбден ата мен Кенжекүл апасының айтып беретін ертегілері арқылы ойы мен бойына сіңірген шығар. Көпке дейін Ерекеңнің өзін жезде, ал әпке деп атайтын Үрзаданың ана екендігін білмей, сезбей келгендігі өз алдына бір тарих, қызықты хикая сияқты.

Иә, Ерекеңнің ең сүйікті сөзі, жиі-жиі айтып отыратын нақылы, толғана өрнектейтін нақышы “Туған жер – алтын бесік” деген ұлағатты ұғым еді. Атақты Алатау мен қарт Қаратаудың қауышар тұсындағы тарихы тым-тым тереңде жатқан Түркібасы – Майлықент өңірі, хәм ұлы қазақ даласының құнарлы да құйқалы бір төрінен саналатын әмбеге аян. Белгілі ғалым, профессор Әділхан Байбатшаев былай деп жазады: “Ғұлама ғалым Бартольд Батыс-Түркі қағанаты жеріндегі көне және ортағасырлық қалалардың аттары мен тұрған орындарын тәтпіштеп жазып кеткен. Аталған қалалардың болғандығы тарихи шындық екенін кейінгі жүргізілген археологиялық қазба жұмыстар дәлелдеуде. Мысалы, қазіргі Түлкібас ауданының жері арқылы өткен Ұлы Жібек жолының небәрі 60-70 шақырым бойында

Сайрамнан Таразға қарай жүргенде Шараб (қазіргі Балықты ауылының шығыс жағы), Будахкент (қазіргі Тастұмсық, Азаттық орнына), Тамтас, Абартәж деген қалалар болған. Академик В.Бартольд “орта ғасырлық Тамтәж қаласы ежелгі Түркібасы қаласы, алыс Батыс-Түркі ханының жазғы ордасы қаланың Түрік басы тауына тігілген” деген пікір айтқан.

Бүгінгі біз сөз еткелі отырған академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор, белгілі саясаткер, ірі қоғам қайраткері, парламентарий, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Оразалы Сәбден осы Түркібасы-Майлықент өңірінде туып өскен. Оразалының әкесі Ережеп Қалдыбайұлының атасы Сәлімбаи да осы Ақсу-Жабағылы, Құлантау мен Жыландытау жоталарының бауырларын мекендеген Таушілмембет бабаның ұрпақтарынан өсіп-өнген екен.

Кейініректе, карашекпенділердің қоныс аударуы жиілеп жер танабы қусырылып, қазакемдер құнарсыз аймақтарға қуыла бастаған тұстарда ғой, Жауылбай мен Құдайқұл әулеттері Жыландысайдың ұзына бойынан шығандап шыға алмай, кібіртктеп қала бергені...

Иә, Ерекең әр түрлі мақалға салып, кейде әнге қосып, ал кейбір кірбінді кездерінде күңіреніп айтатындай “Туған жер – алтын бесік”. Анау Алатаудың ақ күміс шыңдарына қарасаң, мерейің биіктеп сала бермей ме? Одан былай қарай Ақсу-Жабағылы жатыр. Теріскейі атышулы Ақсай мен Көксайға, сәл солға таманда жосылып жатқан Жуалының жолына Мыңбұлақтың шежірелі сай-саласына ұласар. Оң таманға көз жіберсеңіз, Иіреуден төмен қарай Майлықенттің мыңқайнары тағы көкірегіңді ашып, кеудеңе салқын самалын құйып сала берер.

Шақпақ атадан атақты Арыс өзені бастау алатынын біреу білер, екеу білмес. Оның бір жағында Жабағылы сарқырай-

ды, екінші жағынан екі-үш қыратты асып өтсең Шілікті, Құлан, өзендері күркіреді. Құланнан әрмен жылжып, жылнамалата бастасаңыз, Жыланды, Үлкен Көкбұлақ, Кіші Көкбұлақ, Қанай мен Боралдай болып жалғаса береді. Ал, Арыс өзенінің басынан Иірсуге қарай қарасаң ше, Күмісбастау мен Кемербастау, Көктерек пен Тасбұлақ, Балықты мен Ұрбұлақ, Ұзын Машат пен Келте Машат, Даубаба мен Машат, Қайыршақты, Қарадөң, Қарабастау, Ақбастау, Көкбастау және Көгілдір болып кете береді.

Бұл айтқан-атағандарымыз негізінен бұлақ-бастаулардың, өзен-сулардың аты-жөндері ғой. Оның үстіне бұл атаулардың көпшілігі жердің де, таулардың да, тіпті бірқатар ауыл-аймақтың да аттарына қойылған. Мінекейіңіз, осындай-осындай жер-су мен елді һәм елсіз мекендердің орта тұсында Түрікбасы жатыпты. Тарихи Түрікбасыңыз, яки бағзы замандағы Батыс-Түрік қағанаты ханының жазғы ордасы Арыс пен Құланның қосылатын жеріндегі осы Түрікбасының биік беткейдегі әулие қайнарлардың бойына тігілген-дағы, сол тарихи Түрікбасыңыз, ел есінен танып, жадынан жаңылатын қуғын-сүргін кезеңдерінен кейін Түлкібас атауына айналған. Мына бүгінде, ел егемендік алған шақта Жамбыл қаласы қайтадан Тараз атанып жатқанда, Түлкібас ауданының ежелгі атын қайтадан қалпына келтіріп, ескіше Түрікбасы атауымен атаған әбден жөн болар еді.

Әнекейіңіз, арғы-бергі жақтарын қысқа ғана шолып өткенде, осы Түрікбасы өңіріндегі кішкентай ғана ауылда дүниеге келген Оразалы алпысқа жуық аса ірі-ірі, экономикасы мен өркениеті шарықтап дамып, өзгелерден әлдеқайда ілгерілеп кеткен елдердегі озық тәжірибені зерттеу мен алмасу сапарларында, Ерекеңнің сол бір “Туған жер – алтын бесік” деген әуен-әуезін ешқашан да естен шығарған емес.

Сонау, 1947 жылдың мамыр айының мамыражай бір

күнінде соғыстан келгелі сылтып басатын жаралы жауынгер Ережеп пен Ұрбұлақтан келін болып түскен Ұрзаданың үйінде ұл-перзент, дүниеге келген еді. Сұрапыл соғыстан ес жиып, тойынып үлгермесе-дағы бұл ауыл-аймақтың қазақтары наурыз мейрамы мен ораза-намазынан жаңылмағанды. Мөртай әженің қуанышында шек жоқ. Ұлы Ережеп пен келіні Ұрзаданың қараша үйінде шыр етіп туған ұл баланың шілдеханасы қызықты өткен. Баланың атын қариялардың қалауына салып еді, олар “Ораза кезінде туғандықтан, Оразалы болсын”, – десті. Мөртай әже де қуаттады мұны. Жастар жағы да құп алысты. “Оразалы, Оразалы, Оразалы!” – деп Ерекең, соғыстан кемшін боп қайтқан аяғын қалайда тең басуға тырысып, үш мәрте дауыстаған құлағына.

Ал, Ережеп пен Ұрзаданың Жанаталап ауылындағы үйлерінде, Түлкібасы тауының баурайындағы кішкентай ғана елді мекенде шілдехана тойы өте берсін. Біз Балықты бойын бойлай жүріп отырып, Балықты дейтін республикалық маңызы бар, атақты санаторий жанынан өтіп, Ұрбұлақ дейтін ауылға барайық. Себебі, біз әңгіме етіп отырған Оразалының сәбилік өмірі сәл ғана уақыттан соң осы ауылда жалғасайын деп отыр.

Қалдыбаевтар отбасы ақ басты Алатау бөктерін қоныс еткен шілдембет руының елге сыйлы, текті кісілердің отбасының өкілдері. Сәлімбай бабалары беделді болыснай болған деседі. Ел ішіндегі көп дауды у-шусыз, екі жақтың да ыңғайын тауып, әділдікпен шешіп отырған дейді сол бір ықылым заманнан бізге жеткен хабарлар дерегі. Сәлімбай атаның немересі Ережеп көкеміз көпті көрген, өмірден алған тәжірибесі мол қамқор әке, ел ағасы атанған мейірман жан болатын. Тоқсанға аяқ басқан Ұрзада апа 7 ұл-қыз дүниеге келтірген ардақты ана, қара шаңырақ иесі, өзінің барлық саналы ғұмырын балалар тәрбиесіне арнаған асыл жан.

Ұрбұлақ, Балықты бұлақтан былайырақ, Ұрбұлақ тауы мен Қарақшы дейтін әйгілі асудың баурайына жақынырақ жатқан мекен. Ұрбұлақ тауы Жабағылының етегінен бастау алатын биік қырат, сүйірлене сүйіліп барып, Қарақшы асуына айналады. Сол Ұрбұлақ тауының қалың шатқалынан қайнап шығатын су көзін Ұрбұлақ дейді. Бұл атаудың шығуы жайлы түрлі-түрлі аңыздар баршылық. Бірінші болжам бойынша бұлақтың суы айрықша дәмді, ем-домға һәм қолданылатын болса екен-дүр. Ол мөлдірей құлдыраңдай ағып-ағып келіп, асудың астындағы терең жыраға түсер жерде қан-құйлы қарақшылар, пейілдері харам пенделер ішпей-ақ қойсын деп бірден жоғалып кеткендағы, барып-барып бес-алты шақырымдағы Сазтөбенің сұлу-сазды, қамысты-құрақты ойпаңынан ойнап шығып, бірден көгілдір көлге айналатын.

Ұрбұлақ аталғаны жайында нешеме ауыз-әңгімелер күйкылжыта айтылып жататыны түсінікті жәйт. “Ұрыбұлақтан” барып “Ұрбұлаққа” айналып кеткені тағы да құлаққа кіреді. Екінші бір аңызда “Ұр” емес “Үр” сөзіне көп назар аударылады. Ол “Ұрбұлақ”, яки “Үрдің қызы” дегенге меңзейді. Ақсу-Жабағылыдайын кербез-көркем әлемнен бастау алған үр-бұлақ, яғни сұлу бойжеткен қарау ниетті Қарақшыға тап болып, өзін-өзі терең құздан ба, биік жардың басынан ба төмен тастап жіберіп, мерт болмай ма баяғы?... Содан барып, “Ұрбұлақ” аталыпты-мыс.

Қалай дегенде де бұл Ұрбұлақ ауылын мекендейтін қазақтар да, басқа қазақтар секілді сол Батыс-Түрік қағанатының қанаты астында өсіп-өнгендер ғой. Ежелгі атамекендерінде, ата-бабаларының қонысында отырғандары, бағзы ғасырлардан бермен қарата осы Балықтының арғы жақ, бергі жақтарын, Қайыршақты-Боралдай таулары мен өзендерінің бойларын, Дегелекүя Сазтөбенің айнала-төңіректерін, Үлкен Көкбұлақ пен Кіші Көкбұлақты, Бесқасқаның жазығын жайлап, қыстағаны тарихтан мәлім-дүр.

Осы ауылда Сазанбай деген старшын болған. Өзі кейінгі сұрапыл соғыстың алдында ғана дүниеден өткен. Отызыншы жылдардың басында қуғын-сүргін көрген, қамалған, ақталған. Әйтеуір бастан өткермеген азабы да, тозағы да қалмапты. Қамап әкетуге келгендерден “Кімсіңдер өздерің, Түстерің тым суық қой ант-ұрғандар”, – деп, тілін тартпаса керек. Келіп тұрғандар “Байқап сөйле, бізді жіберген ГПУ!” – дейтін көрінеді. Сонда Сазанбай ақсақалыңыз “ГПУ болсаңдар, беттеріңе тіпу!” – деп түкірген дейді. Осы әңгімені Ұрбұлақ ауылының адамдары жыр қылып айтады. Сазанбайдан Сәбден, Мәмбет, Қалыбай, Әлібай, Әбсембет, Құлтай, Айзада, Сман атты перзенттер туған. Старшын Сазанбайдың үш әйелі болған екен. Үшіншісі өзбек қызы деседі. Айтыскер – ақындығы да әжептеуір-ақ болған. Сазекең Тәшен болыстан әлгі өзбек әжемізді (келіншекті) суырып салма өнерімен-ақ тартып алса керек. Сазанбай перзенттерінің тағдырлары қилы-қилы кезеңдерге тап келген. Айзада дейтін қызы кішкентай кезінде-ақ қоныс аударып келген қарашекпенділердің оспадарлығынан жүрегіне зақым алып, шейіт кетіпті. Ұлдарының көпшілігі жастай кетіп, бәрі сұм соғыстан қайтпаған. Оқыған, түрлі партия орындарында жауапты қызметтер атқарған, 1936 жылғы онкүндікке байланысты Мәскеуге барған, сонда Тұрар Рысқұловпен кездескен Әбсембет Сазанбайұлы, Тұрар ағасы ұстала сала қуғынға түскен. Кейіннен Ленинград қоршауында жау оғынан қаза тапты.

Не керек, сөйтіп, Сәбден Сазанбайұлы жалғыз қалған. Сәбден ат жалын тартып, азамат болғаннан кейін Кенжекүл атты ашық-жарқын, ақылды, сөзі мінәиі, мінезі шынайы қызға үйленіп, үй болды. Екеуі он үш перзент көрсе де, қыздарының бірқатары аман қалып, ұл балалары шетіней берген. Аман қалсыншы, ана дүниеге жылжи берместен, мына пәни жалғанда тұрып қалсыншы деп, әрі Түлкібасынан түлеп ұшқан, күллі қазаққа ғана емес, түгел түркіге ортақ

перзент болған қайраткер Тұрар Рысқұлұлының атына сай болсын деп бір ұлының атын Тұрар қойып еді. Шіркін-ай өзі де өзгеше бала болып өсіп келе жатқандай, маңдайы кере қарыс, эппақ, шашы бұйра болып айнала-төңіректі таң қалдырып, он екі жасқа толар-толмаста тіл-көзден аман қала алмады. Сәбденнің қыздары Бекзада, Үрзада, Тойдық, Алтынкүл бірінен кейін бірі бой жетті, алды тұрмысқа да шыға бастаған. Бекзададан кейін Үрзада да Ұрбұлақтан Түлкібасы тауының баурайына барып келін болды. Кенжекүл апа күні-түні толғаныстан кейін келген сөз түйінін білдірді. “Отағасы, – дейді Кенжекүл, қаз дауыстана қырағаттап сөйлейтін әдетімен. – Шет жағасын былтыр-ақ айтып едім ғой, осы Үрзадашым ұл тапса, бала қылып бауырымызға бассак... Айы-күні жақындап келеді, аяғы ауыр, Ережептің есі бар ғой, айналайын. Құлағына бір салғанымда, әдемі күліп қойып, артынан ақылды ғана сөз айтып, құмбылдық білдірген...”

Осы әңгіменің аяғы Оразалыны осында, яғни, Ұрбұлаққа алып келді. Баяғы Әбсембет Сазанбайұлының баласы, Оразалының жақсы-жайсаң ағаларының бірі, кезінде танымал еркін-күрес шебері, Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, ұлағатты ұстаз, белгілі профессор, педагог, қазіргі кезде зейнеткер Тұрсынбек Әбсембетұлы былай дейді: “Ережеп жездеміз ерекше адам еді ғой. Ол кісі “жақсы жезде әкеңмен тең” деген қағиданың нағыз дәлелі іспетті. Әке ретінде санайтынымыз, өзі барлық кезде де сол биіктен төмендеген жоқ. Осы Ошанды да **(Оразалының туыс жарандарының көпшілігі Кенжекүл апаның еркелетіп қойған аты бойынша Ошан деп атайды)** титімдейінен алып келдік қой. Ережеп жездем әлдекімдерге ұқсап, мінез де көрсетпеді, толқығанын да білдірмеді. Ұрбұлақ пен Жыландының арасы бірталай жер, қазір мейлінше білінбейді. Ал, ол жылдары Жыландыға арбамен баратынбыз.

Ошан туылғанда да мен қаршадай болып-ақ арба айдап барғанмын. Сонымен, не керек, біржарым айлығында ма, әсте солай шығар, Ошанды Кенжекүл апа бауырына басып, бала қылып, ауылға алып келді.

Ережеп жездем салмақты күйінде, сәл ғана күлімсіреп қойып: “Бұл бала сіздердікі, құдай алдында сұрамаймын, қызығын көріңіздер, бақытты болсын, бетінен жарылқасын”, – деді. Сол сөзінде тұрды. Артық-ауыз, олқы-толқы әңгіме айтқан жоқ, сыр білдірген емес. Қайта күбіжіктеп тастайтын. Ошанды Сәбден атам мен Кенжекүл апам қатты еркелетіп, бетінен қақпай, алақандарына салып мәпелеп өсірді...”

Шынында да Ошан, Оразалы тым ерке әрі қағылез болып өсті. Ұрбұлаққа біржарым айлығында әкелінген ол Ерекенді әке деп, Үрзаданы шеше деп білген емес. Бүкіл Ұрбұлақ ауылы бойынша, тіпті тиіп тұрған Балықты кентінің бір бөлігі осы қағылез баланы бір кісідей еркелететін еді. Бесалты жасынан-ақ “тентек” бала атанды. Үйдің тұсынан өтіп бара жатқандарға тұтқиылдан тиісіп, “рәгәткімен” атқылап, оқты қардай боратып қоя беретін. “Тентек” бала ауыл келіншектерінің балтырын да таспен атқылап талай жаралағаны осы күнгі кемпірлер күліп отырып айтады екен. Бастаудан қос шелекпен майысып су әкеле жатқан жас келіншектер “Кенжекүл енемнің” еркесі таспен атқылап жатқанда да лям-лим демейтін көрінеді. Ауылдың үлкенкішісі түп-түгел төбесіне көтерген сол “тентек” күндердің күнінде Балықтының иірімдерінен балық аулай бастайды. Жасы жете қоймаса да, өзінен ересек балаларға ілесіп, құрып кетуді шығарады. Жіберуге болмайды, қиғылық салса, бетінен қайтпас нағыз қайсардың өзі-тін. “Ойбай, Ошанжан-ау, айналайын сенен!” – деп, айналып-үйіріледі Кенжекүл ана елжіреп. Ауылдағы жеңгелерінің бәрінің балтырлары көкпенбек болып бітті. Әлгі рәкәткінің оғы тас

па өзі, темір ме, әлде?” – Кенжекүл апа осылай десе, Сәбден ата қулана күлімсіреп қойып: “Баяғыда біз оқта-текте қамшы үйіріп, жон арқаларыңды көгертіп қоятын едік, бүгінгі балдар келіндерден қорқады. Қамшы көтермек түгілі қатты-қайырым сөз де айта алмайды. Менің Ошаным солардың кемістігін толтырып жүр емес пе?!” – дейтін.

Балықты санаторийінің аты бүкіл Қазақстанға белгілі. Мұнда жылдап жататын балалар да көп, оларды емдейтін ақ халатты дәрігерлер де көп, күтуші және дәрі-дәрмек беруші ем бикелер одан да көп. Сол санаторийдің айнала-төңірегіннің бәрі балалар үшін таптырмас орындарға тұнып қалған. Санаторийдің баулары да қызық, аулалары да қызық, артынан өтетін тас жол да қызық. Тас жолдың арғы бетіндегі колхоздың қарасы да, тауға қарай биіктей беретін қыраттар да хикаяларға тұнып-ақ тұрады. Сол санаторийдің төменгі жағынан ирелендеп ағатын Арыс пен Балықты бұлағы осы тұсқа келгенде әжептеуір өзенге айналатындай. Оның иірімдерінде балық дегенің қырғын. Шомылатын керемет жерлер де осы төңіректе. Арыс пен Балықтының иірімдері десе осы күнге дейін осы маңайда туып-өскен талай-талайлардың кеуде тұстары шымырлап, жүректері балғын шақты сағынып, лүпілдей жөнелетіні тегіннен-тегін емес.

Балықтыдан балық аулап жүрген күндердің бірінде Ошанның алақанын қармақ ырсыта сойып кетті. Кенжекүл апаның да, Сәбден атаның да зәрулері қалмады. Ары да жүгірді, бері де жүгірді. Бір шеті бозарып, бір шетінен қан сорғалап тұрған алақанын бармағымен басып алған Ошан жылайтын емес. Санаторийдің, ондағы дәрігерлердің жақындығынан ғана аман қалған шығар-ау сонда. Алақаны айтыртық болды да қалды. Ол жарасы жазылар-жазылмаса, тағы да қара қармақ алақанын көлденеңінен осты да кетті. Тағы да Әсілбек, дәрігер ағалар, емдеуші келіншектер мен қыздар. Санаторийліктер де бұл “тентек” баланы әбден

танып-біліп алған. Үшінші рет екінші алақанын қармақ тесіп өтті. Тағы да санаторий, тағы да осында бас дәрігердің орынбасары болып істейтін мейірбан Әсілбек аға, тағы да...

Сәбден ата баласының жанынан екі елі ажырамайтына ға айналды. Алысқа жібермеуге тырысатын, “Тарзанның” киносына есекпен апарып, көріп болғаннан кейін бірге алып қайтатын еді. Есекпен келе жатып, Тарзан болмаққа ұмтылып, Ошан секірді де кетті. Талдың бұтағына жармасып, бірер сәт шынымен-ақ кинофильмдегі Тарзаннан аумай тербелді. Бұтақты серпи тартқылап, келесісіне, биігірекке секірмекке талпынды. Балалар да, Сәбден ата да таңырқай қарап не істерге білместен, ауыздарын ашып қалған екен. Бұтағы құрғыр сынып кетіп Ошаныңыз құлап түседі. Құры бекер құламастан, есекке тиісіп, оның арқасына жабысады. Үріккен есек оскырынып, жұлқи тарта жөнеледі. Сол кезде арқанның ұшындағы темір қазық кірші етіп Ошанның басына кіреді ғой баяғы. Тағы да әбіржу, тағы да жүгіріс, тағы да санаторий... Келесі оқиға шелекке байланысты. Бір шелекті жуып төңкеріп, екінші шелекпен сиыр сауып отырған Кенжекүл апа, есік алдында тыныш таппастан, біресе биікке, біресе ұзындыққа секіріп, ойнап жүрген Ошанның сатымен жоғары өрмелеп бара жатқанынан секемденеді. Көзді ашып-жұмғанша сатының бел ортасынан сәл былайырақтағы ажырақ шөпке секіріп түспек болған Ошаны қаттырақ серпілгендіктен, шелекке құлайды. Балықтының базарынан алған көк шелек Ошанның басқа жерін емес, тұп-тура қарнын сояды да кетеді. Бәле шелектің бау тағатын құлағы тікірейіп қалған әрі өткір екен. Тағы да санаторий... Ақ халатты абзал жандар енді оқта-текте Ошан келіп, бір жерін жаматып, тіккізіп тұрмаса, “сағынатынға”, өзара әңгіме етіп, әзілдейтінге айналады. Сәбден ата: “Осы Балықтының санаторийін бүкіл Қазақстанның балаларына арнап емес, біздің балаға арнап салған секілді”, – деп күледі екен.

Күндердің бір күнінде Ұрбұлақ ауылына алғашқы комбайн келеді. Тракторға тіркелмей, өз бетінше жүретін, көгілдір комбайнды ауыл балаларының алғашқы көруі-тін. Алғашқы комбайнға ауыл бойынша алғашқылардың бірі болып кім мінеді? Әрине, Ошан! Одан озып көрген бала әзірше жоқ шығар. Міне мінді. Сатымен жүгіріп барып, рульге де жетті.

Ары айландырды, бері айландырды. “Мен Тарзанмын!” – деді сәлден кейін. Ошанның бұл сөзінен шатақ шығатынын балалардың бәрі де білетін. Сауран да, Амангелді де, Сапар да, Жұмабек те, Асан да, Пернехан да, Тұртай да былайырақ тұрған Біләл мен әлі онша жүгіре алмайтын Бердібек те Ошанның: “Мен Тарзанмын!” – деген сөзіне елең ете қалған. Артынша қолымен бұрап тұрған рульге секіріп шықты да, Тарзанша ербеңдеп, билей бастады.

– Құлайсың, Ошан, апам Тарзан болмандар деген, – деді Сауран. Тарзан! Тарзан! – десті біраз балалар.

“Тарзаныңыз әлдеқайда ұшып бара жатқандай болды да, көрінбей кетті. Асан деген бала Сәбден атаға қарай жүгірді. Сауран мен Сапар комбайнның орағына құлаған Ошанға жүгірді. Орақ оң балтырын сойып-сойып кеткен екен. Қан судай ағып жөнелді... Қорытындысында талай қанынан айрылған бала бозарып тағы да санаторийде жатты. Темір құрсау салып, оң балтырын тігіп жатқан дәрігерлер әзілдеп қояды “Бұл баланың өзі өскен сайын жарақаты да үлкейіп бара ма, қалай өзі?! – деседі әйелдер жағы. “Е, ештеңе етпейді, тұла бойында тыртығы көп еркек бақытты болады қайта. Тыртықсыз еркектер әйелдер секілді емес пе?! – деседі ересектер жағы.

Мектепке Ошанды есекпен апарып, алып қайтатын Сәбден ата бір күні жолаушылап кетіп, баласы жалғыз өзі барған. Бірге ойнайтын досы Жұмабектің әкесі Нарғозы колхоздың күзетшісі болатын. Иттері өте қабаған, Ошан

оған өш, “рәкәткімен” атқылап Жұмабекке де көнбей, талай қиғылықты салатын. Атасын қорған тұтып өз-өзі есектің үстінде келе жатқандықтан, Жұмабектің итіне тиісіп, атқылап, жұлқындырып кетпесе, көңілі көншімейтін. Ошан бұл жолы қорқыңқырап, көңілі жабырқау тартыңқырағанын сезгендей еді. Атасы Сазтөбеге кеткен, өшігіп қалған ит босанып кетсе, бәле ғой. Ойланғаны дөп келіп, жалғыз өзі жаяу өтіп бара жатқанда Жұмабектің иті ырылдай үріп, жұлқындырай. Атасы ауданнан әкеліп берген портфельмен қорғанбақ болып, ертерек алыстасам екен деп тырысып-ақ бағып еді. Шынжырдың үзілетінін сезгендей екен. Ит шабаланып кеп, тағы да жұлқынғанда босанды да кетті. Портфельмен айма-тайма жасаймын деп, Ошан етпетінен түсті. Баланың құйрығынан бір тістеп, етін жұлып алған иттің жыны тез басылды қайта... Одан әрі талай берсе, не болып, не қояр еді?! Бүкіл ауыл аяғынан тік тұрды. Кенжекүл апаның ашуын бұл ауыл білмейді екен де. Өзі баяғы байдың келіні болса, оңдыра ма енді? “Охрана бастығы” болып жүрген Нарғозы да оп-оңай жігіт емес еді.

Бірақ Кенжекүл апаның алдында ештеңе дей алмады. “Баланың өзі тым беймаза ғой, итті өшіктірген өзі емес пе, жеңеше!” – дегісі келгенімен, лям-лимсіз, үн-түңсіз қалды. Кенжекүл апа қосауыз мылтық әкеліп, елдің көзінше Нарғозының қолына ұстатты.

– Мына итіңді өз қолыңмен ат! – деді, жекіп.

– Ойбай-ау, күллі малымнан артық көретін қазынам еді, қалай атамын? – деп, жылап жіберді Наркең.

– Құтырған ит болмасын дегін, әйтеуір! Ат деген соң, ат! – деп, бұйырды Кенжекүл апа.

Нарғозы көзінің жасын көлдетіп тұрып, атуға мәжбүрленді. Кенжекүл апа бәрібір тыныш таппады. Иттің дені-басы сау, ешқандай құтыру белгісі жоқ екендігін, балаға әбден ызасы келгендіктен ғана қалай тістеп, бір шөкім етін

жұлып алғанын білмей қалғанын айтқан санаторий дәрігеріне де иланбастан, еркебұланын жетектеп, ту-у Түркістанға, айналайын Әзірет Сұлтанға баратынын мәлімдеді. “Кенжекүл айтпас, айтса, айтқанынан қайтпас”, – деп, Сәбден ата ақ жол тілеп, батасын берді. Ақыры Сазтөбеден пойызға отырған Кенжекүл апа мен Ошан Түркістаннан бірақ шықты. Бұл кездерде Сәбден атаның көзі нашарлап жүрген. “Барса, барғандары да жөн шығар, өзім мына тұрған Сазтөбені эзер таптым кеше”, – деп қала берген Сәбден ата. Тауар пойызбен барып, Әзірет Сұлтан әулиеге түнеп, құдығынан су ішкізіп, тәуіпке қаратып, оқытып қайтқаннан кейін ғана апаның жаны жай тапты.

Ауылдың жанынан ағатын Арыс өзені тасып кеп бергенде, айтпаңыз, Балықтының оның қасында ойыншық болып қалатын. Бұл жолы қатты тасығандығы соншалықты, Арыстың бөз-ботана суы бұлардың үйіне дейін жетті. Арыстың адуығындығын, Балықты бұлақтың мөлдірлігін сол жолы анығырақ ұғынғандай болғандығы әлі күнге дейін есінде қалып қойыпты. Бірде, өз күшін сынағысы келді ме, әлде “тентектігі” қайтадан қозып шыға келді ме, әйтеуір балалардан былайырақ барып, ешкім жоламайтын, ағыны қатты айналымға қойды да кетті. Жар астындағы терең иірім тереңіне бірден тарта жөнелген. Шомылып жатқан балалардың бірі де Ошанның айналмаға секіргенін байқамаған, алаңсыз ойнай берген. Ошанның жарлауыт астынан шығып, ес-түссіз ағып бара жатқанын атқа мініп, итін ертіп кетіп бара жатқан бір қойшы кісі байқап қалған. Ажалы жоқ екендағы, әлгі кісі, суға қойып кетіп, баланы ажал құрсағынан босатып алыпты. Тағы да бүкіл ауыл у-шу болды да қалды. Әсілбек аға аса көпшіл, әзілқой, әсіресе балаларға ешқашан ашулануды білмейтін адам еді, бұл жолы да ессіз жатқан Ошанды есін жиғыза тұрып: “Бұл бала бар ғой, аман болса бір жерден жарып шығады әлі!” – деген екен.

“Тентек” баланың соңғы кезде жүріс-тұрыстарында бірқатар өзгерістер пайда болғандай! Бұрынғы ойынға бөлінетін уақытқа шектеу қойылды. Апасының “Ошанжан-ау, өзім-ақ бітірем ғой, күнім, ойнап келе бер, достарыңмен”, – дегеніне көнбестен, жанына отыра қалып, жасымықтың шөбін жұлатын. Ноқат кетпендейтін, жүгері жекелейтін. Әшейінде алып-жұлып, шыдамсыздық танытатын Ошанның жұмысқа бір кірісіп кетсе, бітірмей тынбайтынына қарап, апасы: “Тіпә-тіпә”, – деуші еді. Сиырға салу үшін жүгерінің айналасынан, арық-атыздың бойынан шырмауық жинау науқаны жүретін. Қаптың үлкенін таңдап алып, аузына дейін толтырып, иығына салып әкелгенде, тағы да: “тіпә-тіпә” – деп жағасына түкіретін. “Осы сен соңғы кездері түкіргіш болып кеттің-ау, кемпір”, – деп, бұл кезде көзі мүлде көрмеуге айналған Сәбден шал жөткірініп қояр еді...

* * *

“Біздің ауылда екеу-екеу ән мен әуен қосып алып, күн батқаннан таң атқанға дейін әзілдесе айтысып, ән шырқап, тамаша құру қашаннан-ақ келе жатқан салт еді”, – дейді Тұрсынбек аға, Ережеп жездемнен басқалардың бәрі біздің ауылға мықтымсынып келгенмен, ән-өлең айтыстарынан жеңіліп, екінші жоламастай болып кететін еді. Ережеп жездем ғана өзінің қоңыр әуендерінен бір танбай, Құрал ағам бар, басқалар бар, олармен де әзіл-өлең жарыстырып, үлкен-кішінің бәрін таң-тамаша қалдырып қайтатын. “Аршалым-ай, Аршалым! Көптен көрмей қайын жұртты аңсадым...”, – деп тұрып әндеткенде, балдыздары айнала қоршап отыра қалатын. Тіпті Ерекеңнің өзі шығарған бір-екі әуені болушы еді”.

Ерекең қайын-жұрты саналатын Ұрбұлақ ауылына жиі-жиі ат басын бұрып, көзі нашарлап қалған Сәбден ата мен

бүкіл тірлік бір өзіне қарап қалған Кенжекүл апаға сәлем беріп, қал-жағдайларын біліп тұратын. Тұрсынбек Ерекең мініп келген атқа құмар. Міне сала Сазтөбе жаққа тартып тұрады. Мұндайда Ошаннан құтылу оңайға түспесін біліп бір дорба асығын, бес-алты мықты сақаны беріп, алдаңқырап қалған баланы үйге тастап, қара жорғаны жүйткітіп, жолға шығып кететін. Кейінірек қой, Ерекеңнің інісі Оразбек те Ұрбұлақта жүріп, Балықты орта мектебінде оқи бастады. Өзі Тұрсынбекпен қатар. “Математика жағынан масқара күшті еді Оразбек, – дейді Тұрсекең, – Бәріміз де оны мойындаймыз. Есептерді мұғалімнен бұрын шығарып алып, қарап отыратын. Ойпырай, өте салмақты еді сабазың. Өзіміз есепті олай шығара алсақ бар ғой, мұғалімнің төбесіне шығып алармыз...Ошан да сол Оразбек ағасына тартты. Ерекең емес пе, ең алдымен есеп жағына жүйрік. Әне, бұлардың бәрі солай, шырағым...”

Оразалы да мектепте жақсы оқыды. Әсіресе, Тұрсынбек ағасы анықтап айтқандай, есеп жағына, әуел баста арифметикаға, сосын алгебра мен геометрияға аса жүйрік болды. Кейіннен физика мен химияның күрделі есептерін де оп-оңай, жаңғақша шағатын еді. Сабақтан бос кездерінде апасына асқан ықыласпен көмектесетін. Төменгі класстарда жүргенде-ақ шахматпен қатты әуестене бастады. Оны да үйреткен Оразбек ағасы болатын-ды. Ал, шахматтан іші пысыңқырап кеткен сәттерде асық ойнауға қойып кеп кетеді. Шетінен қирата жеңіп қалталарынан қойын-қонышына дейін ұтып алған асыққа толтырып, үйіне әкеліп қапқа салатын еді.

Кейде асық саудасы немесе айырбастау жұмыстары қызып кеп жөнеледі. Тұп-тура Балықтының базарындағыдай, немесе Сазтөбе станциясының вокзалындағыдай қызатынды сауда-саттық мәселесі.

Елу тоғызыншы жылға қарай Сәбден ата мүлде нашарлап

кетті. Кенжекүл апа да шаршаңқырай бастаған еді. Ерекең ауыл ақсақалдарының алдынан өтіп, Құрал бастаған кейінгі жігіттермен әбден ақылдасып, шал мен кемпірді өзі қызмет істеп жүрген “Азаттық” колхозына көшіріп алуға келісті. Өздерін бөлек үй етіп қойды, шағын болса да жай салып берді. Сәбден ата да, Ошан да өздерінің Ұрбұлағын қимады. Әсіресе, Кенжекүл апа қатты қиналды. Тіпті қияндағы алыс жерге кетіп бара жатқандай ахылап-үшілеп, абысын-ажындармен, кереметтей жақсы көретін келіндермен және көрші-қоландармен қинала қоштасқанын айтып жеткізу қиын болған деседі.

Арасы небәрі отыз шақырымдай ғана болғанмен, Ұрбұлақтағы өмір мен аудан орталығына таяқ тастам тұстағы ауылдың өмірі мүлде бөлек еді. Оның үстіне бұл “Азаттық” колхозында көбінесе өзбек бауырлар тұрады. Өзі шәрілі кент іспетті, тұрмыс ағысы да тәртібі өзгешелеу секілді. Қазақ балалары бес-алты шақырым жердегі аудан орталығына, атақты Ванновка (қазір Тұраркент) ауылындағы Абай атындағы қазақ орта мектебіне барып оқыды. Ол кездері бүкіл аудан бойынша төрт-бес қана қазақ орта мектебі болатын-ды.

Осылайша Оразалының өмірінде айтарлықтай өзгеріс болды. “Тентек” бала бұл жаққа келіп, табан астында, бірден өзгеріп сала берді. Бұл өзгеріске бәрі де қатты танданып, өзара күбір-күбір әңгіме етісіп, жақсылыққа жорып жүрді. Баланың жан-дүниесінде, дәурен-әлемінде не болып, не қойып жатқанын көбінесе ересектер байқай бермейді. Үңіліп, назар жығып жатуға олардың уақыттары да жетіспейді – қу тіршілік оңай да емес қашанда. Ал, Ошанның, Оразалы Сәбденнің мінез-құлқындағы өзгерістер байқалмай қалған жоқ-ты.

“Тентектігімен” бір жола болмаса да, бірте-бірте қоштасатынын Ошан – Оразалының өзі де түйсініп, сезіне бастаған...

* * *

Ережел әкенің сөзі

Айналайын өзіннен, туған өлкем,
Майлықент, Түлкібасы қандай көркем.
Мәскеу-Берлин екі ара жаяу өтіп,
Жеңіспен елге оралу мақсат еткем.

Иншалла, асыл арман орындалды,
Отан үшін қан төктік аянбадық.
Қанша боздақ оқ тиіп жер жастанды
Пешенеге жазғаны бар болған соң,
Соғыс бітті, жеңіспен елге оралдық.

Аманбысың Алатау, Қаратауым,
Оралды мекеніне жауылбайың.
Басымды иіп, жер иіскеп сәлем бердім,
Ата-ана, кәрі-жас, құрдастарым.

Соғыс бітті, жаймашуақ заман келді
Қызу еңбек күтіп тұр біздің елді.
Халық үшін күндіз-түн қызмет ету
Міндеті әр азамат қала берді.

Үй-жай болу, деседе оңай емес
Кәрі әке, ауру ана оған себеп.
Келін түсір, басыңды екеу қылғын
“Приказ” алдық, бос жүрме жылдам, – деген.

Сөз байласқан хас сұлу, нақ сүйерім,
Үрзада хордың қызы, менің теңім.
Сертке берік жан едің қарлығашым,
Ата-ана тілегімен түсті келін.

Шүкіршілік құдайға, тәуба етем,
Отбасы, ошағымнан жылу кетпес,

Жеті перзент сыйлады адал жарым,
Ақылына көркі сай өңкей өрен.

Туған інім Оразбек – ірі ғалым
Көш бастады серкедей, берді тәлім.
Оразалы тұңғышым ғылым қуды
Аға-інілі академик – қос қанатым.

Тағы да тәуба айтамын жаратқанға
Атақ-абырой келмейді тек жатқанда.
Оқу білім бұлағы деген сөз бар
Табыс өзі келе ме білген жанға?

Оразбегім – туған інім барысым!
Бойыңда бар от жігерің, намысың.
Інілерің Ошан, Қали, Қаныбек
Қуанышың, мақтанышың, өрісің.

Аймаш, Раушан, Нұржамал мен Фәтима,
Қыз өсірдік жетік ата салтына.
Білім бердік, үй-жай қылдық, не арман
Еңбек етсін Отан, қазақ халқына.

Тұңғыш келін, үлкен келін Жанатым
Атасының баласы ғой Қайратым.
Анар-Жанар, Гауһар сынды арулар
Өмірімнің жалғастары, қанатым.

Өз жұртым, нағашы жұрт, қайын жұртым,
Сыйлы болдым, ортаңда сайран құрдым.
Сыйға-сый, сыраға бал деген сөз бар,
Қызметте де атақ-даңқ қатар жүрді.

Құда-жекжат, ағайын, жора-жолдас
Дұрыс қой әрқайсының көңлін тапқан
Ішай демей өткіздік Үрзадаммен
Бастапқыдан – қазірге, дүние жалған.

* * *

Ережен ағаға

Кез-келгеннің келе бермес шамасы,
Алтын тойдың артық бүгін бағасы.
Аман болсын жеті ұл-қыздың анасы,
Аман болсын Сіздей елдің ағасы.

Бұл заманда жетпіс те оңай жүк емес,
Өмір жолы сызғыштайын тік емес.
Ел жұртыңа қадірі артқан сіз үшін,
Жетпіс түгіл сексен, тоқсан түк емес.

Кім тілемес бақ құсының өрлеуін,
Ұрпағының алыс қанат сермеуін.
Тұңғышыңыз танытып жүр бұл күнде
Тұрар туған топырақтан өнгенін.

Аман өтіп қанша қауіп-қатерден,
Бақыттысыз сан мақсаты өтелген.
Ініңіз де шырқап ғылым шыңына
Сізбен елдің абыройын көтерген.

Бұл – ұлы той, туыстарды қимаған,
Бабалардың отауына жинаған.
Қаныбекті қалай осал дейік біз
Сізге бүгін “Волга” тұлпар сыйлаған.

Тамыр жайған Сіз бір алып бәйтерек,
Той-думандар тарқамасын ертерек.
Жүзге келіп жүріңізші осылай
Ерекең боп ортамызда еркелеп.

Ерғали Жүсіпбеков

Ұр қызындай апамыз

(Ұрзада апамыздың 80 жылдығына)

Құтты болсын сексенге толғаныңыз,
Ақ кимешек, алтын әже болғаныңыз
Немере, шөберелер ортасында
Өткенге бір көз салып толғаныңыз.

Ерекеңмен елу жыл өтті бірге,
Сол бір шақтар қайрылмай кетті мүлде
Иншалла, ұрпақтар өркен жайып,
Ризашылық білдірер жұрт бүгінде.

Табиғат, соншалықты шебер едің
Сексен мен сүндет тойы шөберенің
Қатар келіп, ел-жұрты қуануда,
Көріп тұр Түркібасы әулие жебегенін.

Орекеңнің атағы кеткен алыс,
Туған жерге жасаған көп қолғабыс.
Академик ғалымды шетел білер
Мүмкін емес тоқырап, тоқтауы ағыс.

Күйеу балалар шетінен күлімдеп тұр,
Апаға не дейміз деп дірілдеп тұр.
Бәрінің де жеткен өз биігі бар,
Ал Керімжан бөлекше дүрілдеп тұр.

Апа, Сіздің биік қой орыныңыз,
Алда жүздің төрінен көрініңіз.
Бүгін өзі демалып отыр ма екен
Кәдіркүлдей сүйікті келініңіз.

Ерғали балаңыз

ӨМІР БАСТАУЛАРЫ, АЛАУ ЖАСТЫҚ

Ол кезде 1950-ші жылдардың басында Түлкібас (Түрікбасы) ауданының бүгінгі орталығы Тұраркент “Ванновка” деп аталатын. Аудан орталығының Ванновка аталуы кейбір мәліметтерге қарағанда патшалық Ресейдің генералы Ванновскийдің есімімен байланысты-мыс. Николай патша “Бөліп ал да, басқара бер”, – деген қитұрқы қағиданы басшылыққа ала отырып, қазақтың небір шұрайлы жерлеріне орыстың беделді бай-манаптары мен жоғары шенді әскерилердің басшылығымен қара шекпенді “переселендерді” барынша тоғыта отырып, өзінің отарлау саясатын жүйелі түрде жүргізіп отырғаны баршамызға мәлім. Патша пәрменімен Түлкібас ауданының жері мен суы граф, орыс генералы Ванновскийдің жеке басының иелігіне өткен білем. Ол кезде аудан тұрғындарының ұлттық құрамы да біркелкі емес еді. Ауданда сонау бағзы заманнан бері ата-бабаларымыздан кейінгі ұрпаққа мұра болып келген ата мекеннің шын мәніндегі, заңды қожайындары – жергілікті қазақтардың ұлттық құрамындағы саны 65-70-пайыздан аспайтын. Патшалық Ресейдегі 1861-жылғы “крепостное право” жойылуына байланысты және 20-ғасырдың басындағы премьер-министр Столыпиннің жүргізген отарлау саясатының нәтижесінде елімізге “шақырылмаған қонақ-орыс-орман” жобамен аудан тұрғындарының бестен бір бөлігін құрайтын. 1944-жылғы Сталиндік репрессия құрбандары, жер аударып келген кавказ елінің ұлт өкілдерінің саны бес пайыздай болатын. Бұған сонау Бұқар әміршілігі мен Қоқан хандығы кезінде өз өктемдігін жүргізуге қалдырған, кейінде осында орнығып қалған өзбек ағайындарды қосыңыз.

Қонақжай қазағым қаншама шешен мен ингуш, әзірбай-

жан, түрік, грек, кабардин-балкар, Еділ бойының немістерін өздерінің онсыз да қуыстай жер тамынан жылы орын бөліп, жарты шелпекті бөліп бергендігінің арқасында осы тағдыры онсыз да тәлкекке түскен адамдарды соғыс жылдарындағы қиын-қыстау, нәубетті кезеңнен аман алып қалды...

Көп жылдар бойы “Азаттық” колхозындағы Әлішер Науаи атындағы өзбек мектебінде директор болған, ауданға танымал, атақты ұстаз ағалардың бірі Жұмат Қайырбеков былай дейді: “Біз Ерекең, осы Ережеп Қалдыбайұлымен бір жағынан бөле, бір жағынан бажа болып келеміз. Бұл академиктеріңізді біз титімдейінен білеміз. Әпкесі Тойдық арқалап көтеріп өсіргендердің қатарында ғой. Ерекең Үрзада әпкемізді сонау Жаңаталапқа келін қылып түсіргеннен кейін бірер жылдан соң біз де мына Тойдық әпкелеріңізді әкетіп қалғанбыз. Кенжекүл апа: “Ойбай, Ошанға енді кім қарайды?!” – деп жылаған.

Ерекендердің әулеті, өзімізге жақын болғасын айтқаны емес, текті, көргенді, өнегесі мол, айнала-төңірегіне шуағы түсіп тұратын әулет қой. Ерекеңнің өзі қаншама қарапайым, мейірбан еді ғой, марқұм. Сол кісінің ақылымен, жол көрсетуімен Жаңаталап ауылының ғана емес, осы аудан аймағындағы талай-талай жастар үй-күшіктеніп қалмастан, білім мен ғылымның жолына түсті. Көпшілігі сол мақсаттың жолында биік-биік белестерден көрінді. Қазір бәрі Ерекеңе шексіз алғысын айтып жеткізе алмайды. Өне, бүгінгі мына Түлкібасы әулие түбіндегі үлкен ауылдың Жанымай жотасына қарай өрлейтін, Жыланды мен Жаңаталапқа қарай биіктейтін бір көшесіне Ережеп Қалдыбайұлының аты берілген. Оразалы осы ауылға көшіп келген соң атақты Абай атындағы орта мектепке барып оқи бастады. Мұздыбай ағаның үйінде жүргенін де білеміз. Абай мектебі ол кезде бүкіл республикаға кеңінен танылған алтын ұя еді ғой. Кезінде мұнда Ленин орденді, өзге де көптеген наградаларға

ие болған тамаша педагог, білімпаз ұстаз, іскер басшы Сираж Ермекұлы Әмірханов директорлық етті. Сираж Ермекұлы өмірдің қилы-қилы бұраландарын көп көрген, отыз жетінші жылдың ойранын бастан кешіп, оншақты жыл қуғын-сүргінде болған, абақтыда азаптанған, сонысына қарамастан аса қажырлы, қайратты, табанды адам еді. Жастар тәрбиесіне мән-маңыз беретін, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетін. Қазір осы Оразалы секілді елге белгілі ерендердің бәрі де ол кісіні ғажайып ризашылықпен еске алатыны сондықтан шығар. Міне, академик ініміз сондай-сондай ұстаздардың тәлімін алған...”.

Ұрбұлақ пен Ванновканың айырмашылығы бадырайып білініп тұрды. Ара қашықтығы 5-6 километр құрайтын Ванновкадағы мектепке Ошан алғашқыда велосипедпен қатынап жүрді. Ұрбұлақтағы атақты жорықтары, барлық **сотқарлық пен “тентектік”** түп-түгел **спорт** дейтін әдемі әлемге ауыса бастағанына бәрі де таң-тамаша қалысты. Қысқа қарата колхоз Ванновкаға барып оқитын балаларға бүркеншігі бар жүк машинасын бөлетін. Оразалы көбінесе осы машинадан қалып кетеді. Себебі сабақтан соң бірнеше спорт секциясына қатысуы керек-ті. Көп ұзамай-ақ, Оразалы шахматтан өткен аудандық жарыста бірінші орынды иемденіп шыға келді. Күреске де, баскетбол мен гимнастикаға да қатысатын. Спорттың көптеген түрінен суырылып алға шығып мектеп құрама командасының басты ойыншысына айналды. Өзі шағын денелі ғана, бірақ өте ширақ. Ылдым-жылдым бола тұра көкірек көтермейтін, орынсыз мақтану дегенді білмейтін. Қатар құрбылары мен ұстаздары алдында абыройлы, сыйлы болды.

Шынын да Абай мектебінің сол жылдардағы орнықтылығының, озық ойлы ұстаздарының ұстанымы мен мақсат-мұратының шәкірттерге беретін терең білімі мен үлгі-өнегесінің жөні бөлек еді ғой...

Сираж Әмірханов, Хамытбек Ахметов, Әбдіраш Құлмағамбетов, Ізтілеу Сыдықов, Мүсілім Әбиров, Пернебай Серғазиев, Дәуренбек Салыбеков, Сәлімбаи Ахметов, Нұрғали Сарыбеков, Клавдия Семеновна Груздь, Леонид Груздь, Антонина Клуменова, Анна Ивановна Коротенко... Осы тізімді бірталайға дейін жалғастыра беруге болар еді?!

Оразалымен бірге оқыдық. Спорт секцияларына да бірге қатысып жүрдік. Сол оқушы кездердің өзінде Орекең көптеген мұғалімдердің сүйікті оқушысы болып саналатын. Салмақты, алғыр, қайсар мінезімен нендей мақсатқа болса дағы жетпей тынбайтын табандылығымен ерекшеленетін. Ал, сол мақсатқа жетіп, абырой биігінен көрінгенде бар ғой, ешқандай менменсу, дандайсу байқалмайтын. Оның Лесбек Жақыпбеков, Жақсылық Қаспақов, Зал Мұқатов, Махмұт Үсенов, Қанат, Зүбайда, Көлбике, Мықтыбек, Сәбит сияқты өзгелерден жақынырақ жүретін достары көп еді. Әсіресе, Лесбекпен жұп жазбайтын дос еді. Орекең бүгінде осыншама биіктерден көрініп, ел таныған, тіпті әлемнің талай елдеріне танымал азамат, ғалым, парламент мүшесі, қоғам қайраткері, саясаткер болып отырса, ол құбылыстарда, әрине Абай атындағы орта мектеп сияқты алтын ұямыздың, Абай атамyzдың айтқанындай, жалығуды білмеген ұстаздарымыздың үлесі аз емес. Әлбетте көрегендігі мол, алғыр да қайсар Орекеңнің сол ұлағат ұясынан ұғымталдықпен өнеге ала білгені – бәріміздің де үнемі қайталап айтып жүрген қағидаларымыз. Академик Оразалы Сәбден мектеп мақтанышы. Жоғарыда аталған ұстаздарымыздың көпшілігі бұл дүниеден өтіп кетті, бірқатары әлі де арамызда ақыл айтып, ақсақалдық етіп келеді. Олар да мектептен түлеп ұшқан шәкірттерін үнемі әңгімелеп, мерейленіп жүреді, тіпті кейбір шәкірттерінің балалық шақтағы қылықтарына дейін ұмытпай, еске түсіріп қоятындары бар.

Шіркін балалық шақ деген естен шығар ма?! Кім-кім де

болсын, бал дәуреннің мөлдір шықтай тап-таза шақтарын белгілі бір деңгейлерде еске алар-ау, сірә. Балалық кезіне кекесінмен, мысқылдай қарап, ұмытқысы келетіндер де болмайды емес. Иә, ондай-ондайлар да бар шығар. Бірақ ондай-ондайлардан қандай-қандай адамдардың шығатыны һәм аян ғой.

Құдайға шүкір, біз өз кейіпкеріміз Оразалы Сәбденмен тым жиі болмағанмен, оқта-текте, сәті түскенде кездесіп тұрамыз. Сондағы бір байқағанымыз: Орекең қашан да балалық шақтарын еске түсірген сәттерде сәбилік күлкісін қайта тапқандай, рахат күйге түседі. Балалық шағының тәтті күндерін ғана емес ащылау, кермектеу кезеңдерін де айта отырып, ой түйеді, терең–терең түйіндер жасап қоятыны бар. Құдайым балалықты ұмытқандардан сақтағай. Ондай-ондайларда мейірбан-иман бола қоймайтынына да талай-талай реттерде көз жіберіп жүрген жоқпыз ба осы!

Түлкібасы тауының бауырынан, ежелгі Тамтәж шаһарының жанынан Ұлы Жібек жолы өтеді. Бүгінде оның бір бөлігін Алматы – Ташкент тас жолы деп те атайды ғой. Міне, осы Түлкібасының бір бүйірінде жатқан ауылға Сәбден ата Кенжекүл ана және Ошан бала көшіп келгеннен кейін бұлардың өмірі өзгешелеу арналарға түсе бастағанын жоғарыда бірқыдыру айтыңқырап өттік. Көп ұзамай Сәбден ата дүниеден қайтты. Бауырларының бәрі соғыста қаза тауып, жалғыз қалғанымен, көп жалғызсыраған жоқ. “Елге, ел ішіндегі адал азаматтарға рахмет!” – деп, адамдардың бар-баршасына алғысын жаудырып отыратын жан еді. Алайда, бауырдың аты бауыр, перзенттің аты перзент. Бекзада, Ұрзада, Тойдық, Алтынкүл сияқты қыздарының қызығын аз көрген жоқ Сәкең ақсақал. Дегенмен, қазақ ұғымында ұл перзенттің жөн-жосығы тағы да бөлектеу екенін жоққа шығару қиын ғой. Осындайларды ойлай беретіні бар-тын. Сонда да айнала төңірегіндегі адамдарға алғысын аямай,

ықыласын төгіп отыратын ақсақал, әсіресе күйеу баласы Ережекке өле-өлгенше риза болып кетті. Алғысын айтып, батасын беріп, бақилыққа аттанды. Өзінің “Сәбден” деген атын Ошанның, Оразалысының былғай қоймасына көзі жетіп, қанағат тұтты. Қанағат тұтып қоймастан қанағаттанып аттанып бара жатқанын Ұрбұлақтан көңілін сұрай келген інілері Құралдарға, Әсілбектерге, Тұрсынбектерге айтып кетті...

“Азаттыққа” көшіп келгелі үй тірлігінен қолы босаған Кенжекүл апа қалған өмірінің барлығын дерліктей Ошанына арнады десе де болады. Оразалының түрлі спорттық жарыстарынан қалмайтын еді. Ошанның жеке жаттықтырушысы іспетті аудандық, облыстық тіпті республикалық жарыстарда да баласының қасынан табылатын. Бір жолы Сәбденов Оразалы атты озат оқушы ауданда шахматтан бірінші орын алып, облыстық жарысқа қатысатын болды. Кенжекүл апа айтты: “Мен де барамын. Ойбай-ау, Ошаным бүкіл Түлкібасы – Майлықент бойынша бәйге алып, Шымкент шаһарына кетіп бара жатса, қайтіп қана отырайын омалып?!”-деп жұрттың бәрін дүрліктірді. Ерекең рахаттана күлді. Ұрзада жеңгейіміз білдіріңкіремей, бұрылып мырсылдайды. Бірақ Кенжекүл апаға ешкім де қарсы шыға алмайды. Мөртай әже болса: “Мен де кетіп қалатын едім, денсаулық шіркінді айтсаңшы, барсын Кенжеш, барсын”, – дейді қостап. Шіркін, сол ақ кимешекті апа-әжелермен қызық еді ғой балалық шақ.

Сөйтіп, Кенжекүл апамыз Оразалының шахматтан облыста да озып шыққанына куә болған. Баяғыда тауар таситын поезбен Түркістанға айналып Әзірет Сұлтанға барғандағы сапарын қайта-қайта еске алып, Шымкентте де айналып-үйіріліп баласының тілеуін тілеумен жүрген. Ананың ақ тілегі қабыл болып, Абай атындағы мектептің оқушысы Оразалы Сәбденов облыста да озып шығып, Алматыға баратын

болды. Шымкенттен Ванновкаға қатынайтын автобус ішінде отырып та, үйіне келгеннен кейін де Оразалы өзінің жарыстағы жүрістерін, финалдағы қарсыласының қателігін қайта-қайта талдаумен болды. Ал, апасы айналып-үйіріліп сондағы көрген тамашасын, баласының қалай отырып, қалай ойланғанын және ойнағанын жыр етіп айтатын еді.

Ағасы Оразбек те Шымкентте ойналған партияларды қайта-қайта талдап, мектептегі ағайларымен бірге талқыға салды. Оразалының жеңісі, чемпиондығы мектепте де ұмытылмастай әсер қалдырды. Мектептің көптеген оқушылары Оразалының осы жеңісінен кейін шахмат ойынымен түбегейлі айналыса бастады. Оразалы мектеп қабырғасында жұмысы қайта жанданған шахмат секциясының басы-қасында жүрді. Нәтижесі де жаман болмады. Мектептің шахмат командасы аудан, облыс көлемінде өткен шахмат турнирлерінен жүлделі оралып жүрді.

Түлкібасы тауының оң жақ бүйіріндегі өзбекте, қазақта бір кісінің баласындай, тату-тәтті өмір сүріп жататын жап-жайлы, жып-жылы ауылдың кей-кейде атақты Шақпақ желінің қаһарына ұшырайтын кездері де бар. Бір тұрса, бірнеше күндерге созылып, тоқтамай соғатын суық жел алып-алып талдар мен зәулім теректерді шулатқанда, колхоздың бүркеншік жамылған, оқушыларды мектепке тасымалдайтын жүк машинасы балаларды тиеп алып, Құлан өзенін кешіп өтіп, аудан орталығына қарата кетіп бара жататынды. Доғы жел ышқына ұрып, машинаның жылдамдығын мейлінше баяулатып, тіпті тоқтатып тастауға ұмтылады. Бірде екі арадағы қашықтықтың жобамен жартысын өтер-өтпес, машина кенеттен тоқтады. Күйіп-піскен жүргізуші моторды ары шұқылап, бері шұқылайды. Күпәйкесінің қос өңірін жалпылдата сабалап тұрған желден даусы бір естіліп, бір естілмей, суырып тұрған қардан жиіркене: “Балалар, біздің шаруа тынды. Трактормен сүйретіп әкетпесе, жыл-

жудан қалып тұрмыз. Мықтыларың мектепке қарай, қалғандарың ауылға қарай шагом марш!” – дейді ғой баяғы. Оразалы, Қалаубек, Төребек, Сейілбек, қыздардан Тыным мен Жаңыл, әрине, мықтылардың қатарынан табылмаққа тырысады. Мектепке қарай, жұлмалаған желге, суыра ұйытқыған қарға қарамастан алға қарай ұмтылады. Сабақтан біршама кешігіңкіреп, бет-ауыздары домбыға қызарып, мектептің коридорына да кіреді-ау бұлар. Жаурап, тоңып келгенімен шаруасы шамалы, алгебрадан жаңа сабақ, өте бір қиын есепті шығарып тұрған Ахматов Хамытбек ағайлары суық қарап, суықтан бетер қариды ғой сонда. “Басқа-басқа, Сәбденов сен неге кешігесің? Біз сенен мықты математик шығады деп жүрсек, шахматтан атақты чемпион деп жүрсек. Бұл, қалай, а?!” – дейді шынымен-ақ қатты ашу шақырып. Балалар жолда машинаның бұзылып қалғанын, оның үстіне Шақпақтың желі екі ортада қатты үдеп тұрғанын, Сәрсетова Тынымның қолы үсіп, коридорда жылап отырғанын айтады. Ондай-ондай себептердің бірде-бірін тыңдағысы келмеген Хамытбек ағай одан бетер қатая түседі қайта. Кешігіп келгендерді тікесінен-тік тұрғызып қойған күйі: “Міне мынау А нүктесінен В нүктесіне дейінгі аралық бар болғаны бес шақырым, ауылдардағы жолды қосқанда алты ғана шақырым. Біз, мына біз сендердей кезімізде он екі бүтін оннан төрт шақырымға барып оқитынбыз. Ешқандай бүркеншік машина деген болмайтын. Сендер әбден еркето-тай болып кеткенсіңдер. Егер жеңіл ғана жүгіріп немесе кәдуілгі спорттық қадаммен адымдап аттасандар бар ғой, қырық тоғыз минутта жетіп келетін жер.

Ал, енді алгебрадан мынадай есепті шығарып үйрену үшін тағы да қосымша сабақ өткіземіз. Түс қайта кешіккендердің бәрі қаласындар. Ұқтыңдар ма?” – дейді.

Ұқпағанда ше? Хамытбек ағайдың айтпайтыны, айта қалса, қайтпайтыны белгілі. Бұл кісі жаман оқитындарға

емес, қайта жақсы және өте жақсы оқитындарға ерекше қатал қарайды және өзгешелеу талап қояды. Сол күні спортзалда арнайы байқау өтетін еді. Гимнастикадан бірінші разрядтың нормативін орындауы керек-тұғын. Қосымшы сабақ басталар алдында класқа физкультура пәнінің мұғалімі Борис Леонидович Груздь ағай кірді. Ол кісіні Хамытбек ерекше құрметтейді ғой, онша ашулана алмады. “Сәбденовты босатуымыз керек қой, Борис Леонидович, солай ма?” – деді борды шымшып тұрған күйі. “Дәл солай, Хабеке!” – дейді Борис ағай күлімсіреп. Па, шіркін-ай, десеңші, сол кісілердің күлімсірегенінің өзінде қаншама мейірім мен шапағат тұнып тұрушы еді-ау!

Иә, сол жолы Сәбденов гимнастикадан да ерекше өнер танытып, бірінші разрядқа ие болған. Сол жылы жеңіл атлетиканың бірнеше түрлерінен жоғарғы көрсеткіштерді игеріп, бірінші және екінші разрядты қанжығасына байлап үлгерді. Волейбол мен баскетбол, теннистен де өз қатарларының алдында болды. Мектепте ең дамыған спорт түрі әрине баскетбол болатын, команда облыстағы командалар арасында жеңімпаз болып танылған. Оразалының алдындағы кластардан Мырзахан, Тілепалды, Мұрат, Серік, Мәдіхан, Жандар, Міртәліп, Қалаубек, Махамбет, Белқожа, Әсербайлар шықты суырылып. Әсіресе, Мырзаханның шеберлігіне шақ келетіндер кемде-кем болатын-ды. Ал, бұлардың кластарынан Лесбек, Жеңісбек, Жаксылықтармен, Әпсәмет, Қаныбек, Салыбек, Қанатбек пен Амангелді, Ілесте тағы басқалар мектептің мақтаныштары еді. Спорттан өзге, мәдени шаралар мен би кештері, үрмелі аспаптар оркестрінде жүрді Оразалылар. Би кружогін Анна Ивановна Коротенко апайымыз жүргізетін-ді. Жеп-жеңіл, көбелектей ұшып тұрған апайымыз, уақытпен санаспай, біздерді би өнерінің қыр-сырын үйретуден бір жалықпас еді. Хамытбек ағай ұлт-аспаптар оркестрінің жұмысын басқаратын-ды. Қазақ,

орыс әдебиеті классиктерінің еңбектерінен Ізтілеу ағай, Клавдия Семеновна апайымыз алғашқы таныстырғандар мен табыстырған ұстаздарымыз болатын. Борис Леонидович Груздь болса, физкультура сабағының “разминкасының” алғашқы 5-10 минутын вальс биін үйренуге арнайтын. 1-2-3, 1-2-3 – міне осы үш тактты кадам вальс биінің азбукасын мектеп қабырғасында жүріп, үйренген болатынбыз!

Жазғы демалыста қызылша, жүгері, алма жинау жұмыстарында да белсенділік танытып, күндік норманы артығымен орындайтын оқушыладың көш басында Оразалы жүретін-ді. Көрші Сайрам ауданына мақта жинау науқанына бір кісідей ат салысып қайтқан едік.

1964-жылы 10-класты бітірген соң мектеп дирекциясы Хамытбек ағайдың басшылығымен бізді 2-автобуспен Тараз - Фрунзе - Рыбачье - Пржевальск - Шолпан-ата - Ұзын-Ағаш - Алматы бағытындағы экскурсияға алып жүрді. Көне Тараз - Айша Бибі мен Қарахан мұражайларымен Қырғыздағы Пржевальск музейі, Ұзын-Ағаштың жанындағы Жамбыл ата Жабаев музей-үйінде болып, Ұлылардың өмір тарихымен танысып қайтқанымыз әлі есімде. Сол сапарда Фрунзе, Алматы қалаларының ғимараттары естен кетпес әсер қалдырған болатын ауыл балаларына. Күні бүгінгідей жадымда, асықпай жол-жөнекей қала аралап, шаршап-шалдығып екінші күннің түнінде Алматыға да жеттік-ау әуірімдеп. Алдын-ала келісілгендей, бізді Алматыдағы №2-ші мектеп-интернаттың жатақханасына орналастырды. Бізді әдейі күтіп отырған сыңайлы жуындырып, тамақтандырып, жатар орындарымызға жайғастырған. Түнгі астананың сан мыңдаған электр шамдары қатты әсер қалдырған болуы керек, елегізіп, дөңбекшумен танды да аттырдық-ау, әйтеуір. Кейін білгеніміздей бұл аталған оқу орнының басшысы өзіміздің бұрынғы директорымыз Сираж ағай екен. Бұл хабарды таңғы асымызды ішіп бола бергенде

Хамытбек ағаймен бірге асханаға кіріп келген Әмірханов ағайды көргенімізде түсіндік. Марқұм, иманды болғыр, Сираж ағай өте мәдениетті, сыпайы, текті адам еді ғой, бәрімізбен қол алып амандасып, қал-жағдайымызды сұрап жатты. Аман-саулықтан соң далаға шықтық. Спорт алаңында 5-6 біз қатарлы жасөспірімдер баскетбол ойнап жүрген. Біз де алаң жиегіне жақындап, сыртқа шығып, кеткен допты кольцоға лақтырып, 1-2-рет доп түсіріп, бұл ойыннан таза мақұрым емес екенімізді байқатқандай болдық. Оларды, әсіресе Ошанның алыстан лақтырған добының кольцоға дәл түскені таңқалдырған болуы керек, ішінен ұзын бойлы, мығым денелі біреуі бізге жақындап, кездесу матчын өткізіп жіберуді ұсынды. Автобустар жанар май бекетіне май құюға кеткен болатын, жарты сағат-бір сағаттай бос уақытымыз бар болатын, іздегенге-сұраған демекші, біз де көп ойланбастан тез келісе кеткенбіз. Команда құрамы іріктеліп, ойын басталып та кетті. Біздің жігіттерді, әдеттегідей, капитанымыз Ошан алып шықты алаңға. Команда құрамына Ошан мен Лесбек, Әпсәмет, Жақсылық, Қаныбектер кірді.

Сонымен, Түлкібас ауданы Абай атындағы қазақ орта мектебінің 10-шы сынып оқушыларынан құралған команда мен Алматы қаласы №12 мектеп-интернатының құрама командасы арасындағы жолдастық кездесу басталып та кетті. Алғашқыда біздің ойыншылардың бірқатар қателіктерін тиімді пайдалана білген алматылықтар өз қарсыластарының корзинасына 3 жауапсыз доп салып үлгерді. Олардың арасынан №5 ұзын бойлы мығым денелі баскетболшы асқан белсенділігі және шеберлігімен бірден көзге түсті. Сабазың өте жылдам әрі секіргіш екен. Оның ұйымдастырған шабуылын тосқауыл қоймақ болған Лесбек пен Әбсәмет екі бірдей “штрафноймен” жазаланды. Қарсыластарымыздың қорғаныс шебі мығым болғандықтан, біздің жігіттерге, олардың (зонасына) аймағына жету оңайға түспеген еді.

Капитанымыз Оразалының ұйғарымымен бізге бір минуттық тайм-аут алуға тура келді. Бұл кезде қарсыластарымыз 8:0 есебімен алда болатын. Оразалы тайм-аут кезінде өзімбілемділікке қатаң тиым салды. Тек қана комбинациялық ойын, қатаң қорғаныс, әсіресе №5-ші ойыншыға тосқауыл қойып, оны бар мүмкіншілігінше ойыннан тыс қалдыруға күш салу міндеті қойылды.

Интернатшылар, ойын осымен тәмам болғанға саяды, жеңетіндеріне шек келтірмеген сыңай танытып, дандайси бастады, кейбіреуі алаң шетінде тұрған біздің қыздардың атынан әзіл-оспақ айта бастады.

Команда капитаны Оразалының сын-ескертпелері және ойын жоспарымен қаруланған біздер, ойын алда деген нық сеніммен алаңға қайта шықтық. Жеңісбек пен Лесбек қарсыластардың №5 форвардының жойқын шабуылына мықты тосқауыл қоя білді. Қарсыластарымыздың алғашқы минуттағы менмендігі мен бейғамдығын ұтымды пайдалана білген Оразалы алыстан корзинаға 2 рет бағыттап, екеуін де корзинаға дәл түсіре білді. Есеп 8:4! Ұзын бойлы Әбсәметте 2 доптың авторы атанды. Жеңісбек пен Лесбек, Жақсылық та қорғанысты алынбас қамалға айналдыруда жан аямай шапқылап жүр. Қарсыластарының оңай шағыла салатын жаңғақ емес екендігін кештеу түсінген алматылықтар есін бірден жиып, біздің шепке лап қойды. 1-ші периодтың соңы алма кезек шабуылмен өтіп, 24:22 есебімен алматылықтардың пайдасымен аяқталды.

Үзіліс кезінде 1-ші периодтың ойынына терең талдау жасалды. Әрбір ойыншының іс-әрекетіне сын айтылып, бағыт-бағдарлама берілді. Командалық ойынсыз жеңіске жету мүмкін еместігі қадап айтылды. Мүмкіншілігінше корзинаны алыстан шабуылдап, 3-очколық нәтижеге жете білу басты міндет болып есептелінді. Щит астындағы “подбор” ұзын бойлы Лесбек пен Әбсәметке жүктелді.

Қарсыластарымыздың шеберлігінің бізден аса қоймағанын байқаған біз, алаңға үзілісте қойылған міндеттерді мүлтіксіз орындағанда ғана жеңіске жетеміз деген нық сеніммен қайта шықтық. Судья лақтырған допты ұтып алған біз қарсыластар қорғаған аймаққа лап қойдық. Қарсыластарымыздың қалың қорғаныс шебін оңайлықпен бұзып өту мүмкін еместігін бірден түсінген Ошан корзинаға алыстан доп лақтырып, 3 очкомен біздің команданы 1-ұпаймен алға шығарды. “Снайпер” – мерген деген бұрынғы лақап атын қайта дәлелдей білді.

Қарсыластардың добын қапыда қағып кеткен Әбсәмет, оны алға ұмтылған Ошанға тез бағыттап үлгерді. Алматылықтардың 2-бірдей қорғаушысын жылдам алдап өткен Ошан тағы да допты, еш кедергісіз корзинаға дөп түсірді. Таразы басы біздің пайдамызға қарай ауып, біз ұпай санын 3-ке арттырдық. Команда капитаны Оразалының ұйғарымымен, шаршап қалған 2 ойыншыны алмастыруға тура келді. Бұдан әрі Ошанды ұстау мүмкін емес еді. Оның жеке “проходтары” мен алыстан лақтырған доптары көздеген жеріне дәл тиіп, корзинада “тулап” жатты. Бұл ойын өміріміздегі ең маңызды, ең басты жан-алысып, жан-беріскен тарихи ойын болды десек артық болмас еді. Ойын уақыты бітіп, судья 48:45 пен, жеңісті Түлкібастықтар иеленді деген хабарды естігенімізде біздің шаттануымызда шек болмаған. Кейбір қыздарымыздың алды көздеріне қуаныштан жас та алып жатты. Ошанды ойыннан тыс қалған сыныптастарымыз алаңнан қолдарына көтеріп, алып кетті. Бүгінгі ойынның ең басты кейіпкері әрі жеңімпазы, әрине, Ошан болатын. Бір адамның көп нәрсе тындыра алмасы бағзы заманнан белгілі, алайда жалғыз адам көпшіліктің ортақ тірлігіне ұйытқы болып, сол көпшілікті түпкі мақсатқа жұмылдыра білсе, қорытындысында түпкі мақсат түгелімен орындалып, коллектив мүддесінен шығып жатса, бұл сөзсіз

аталған жеке тұлғаның іскерлік қабілетін, дарындылығын білдірсе керек.

Өз ортасының ұйытқысы, жетекшісі әрі жолбасшылық қасиеті Оразалыға бала кезінен тән қасиеттерінің бірі еді. Ол өзінен де, өзгеден де, тазалықты, тән мен жан мықтылығы мен сәйкестігін, төзімділікті, мақсаткерлікті талап ететін. Оразалы мектеп қабырғасының өзінде әрбір іс-әрекетін алдын-ала болжап, сарапқа салу арқылы, түпкі нәтижеге жетуге тырысатын. Оразалы ар-ождан мен адамгершілік шеңберінен әлі күнге дейін бірде-бір рет шыққан емес. Ол әділдік жолындағы қажымас күрескер, халық мүддесін, жеке мүддесін жоғары қоя білген табанды күрескер, тұғырлы азамат.

* * *

Алтын ұя – мектеп қабырғасынан түлеп ұшу мерзімі де жақындап қалған болатын. Әрбір оқушы өзінің мектеп қабырғасынан тыс үлкен өмірдегі алғашқы қадамын немен бастап, немен байланыстыратынын жоспарлап жүрген кез еді бұл. Әке-шеше, ағайын-туыстың қорғап-қолдауынсыз жаңа өмір баспалдағына аяқ арту, күрделі де жауапты кезең емес пе?! Қайнаған қала өмірі, жаңа орта, жаңадан қалыптасатын қарым-қатынас, жоғарғы, өзің тандап алған оқу орны – бұл әрбір мектеп бітіруші жастың басты арманы саналатын. Алайда, өмірдің қатал шындығы, бірқатарымыздың мақсат-мүдделеріміздің түгелдей жүзеге асуына бастапқы қадамнан ақ, басты кедергі болды. Баз біреуге өзінің шамашарқысының шамасын дәл есептей алмауы салдарынан армандаған мақсатымен бастапқыдан-ақ қоштасуға тура келді.

1964-1965 оқу жылын 10 және 11-класс оқушылары бір уақытта аяқтауына байланысты, мектеп бітірушілер саны

2-есеге артып, жоғарғы оқу орнына түсушілер арасындағы конкурс 2-есе көбейген.

Ережеп аға ұлы Оразалыға жоғарғы оқу орнын таңдау құқын өзіне қалдырды. “Алла жар болсын, балам, кәмілеттік жасқа жеттің, қалауың білсін, өзің діттеп жүрген мамандық беретін институт бар болар, алайда, бұл мәселені Оразбек ағамен ақылдасып барып, шешкенің дұрыс болар еді”, – деген қашыртпа сөзден артып, ештеңе айтпады. Либерал Оразбек аға да осы мәселені тек өзің шешкенің дұрыс болар дегендей сыңай танытты. Ошанның бұрыннан көкейіндегі жүрген басты армандарының бірі, әрине, Алматыда оқу!

Жүрегі алас ұрып, Алматыға да жетті. Алматы – Астана! Алматы – бас қала! Үлкен қала тіршілігі ауыл өмірінен тіптен бөлек. Алғашқыда бір жақын туысының үйіне тоқтаған. 2-3 күн қаланың әр нүктесінде орналасқан жоғарғы оқу орнын іздеп табу мен өзі көздеп жүрген мамандықтар беретін факультеттердегі конкурспен танысуға кетті.

Институттардың алдындағы үміткерлердің көптігі сондай, қабылдау комиссиясына жету үшін таласып-тармасып, күш пен айла қолданбастан жету тіпті мүмкін емес-ті. Қала өмірі, оның күйбең тірлігі, оңды-соңды сабылып жатқан халық Оразалы жүрегіне қуаныш орнына, бірте-бірте мұң ұялата бастағандай. Оразалы бұған дейін де Алматыда талай рет болып, спорттық жарыстардың жеңімпазы атанып, қуаныш-шаттық сезіммен елге оралатын. Ондағы сезіммен қазіргі қал-жағдайдың айырмашылығы тау мен жердей. Көңілде күмән, алдағы мақсат та айқындалмай тұр.

Десек те, Оразалының мінезіне тән қасиет-мақсаткерлік оны Қазақ политехникалық институтының алдына алып келді. Құжаттарын аталған оқу орнының қазақ жастары арасында айрықша беделге ие болған автоматика және телемеханика факультетіне тапсырып, кәдуілгі спорттағы қайтпас-қайсарлығына басып, қызу әзірленуге, өзін-өзі аямастан

қамшылауға кірісіп-ақ кеткен. Институтқа күнара, кейде күнде барып консультацияға қатысады. Бір консультацияға қабылдау комиссиясының арнайы адамы келіп, төменгі жағдайға тоқталды. Бұл автоматика және телемеханика факультетінің жаңадан ашылып отырғандығын, оған тек таңдаулылардың таңдаулылары, үздіктердің үздігі ғана түсе алатынын, осы күнге дейін небәрі жиырма бес орынға бір жүз жиырма бес медаль иегері құжат тапсырып отырғанын баян етті. “Сол себепті, мен сендерге ескертіп қойғалы келіп отырмын. Әлі де болса, ойланыңдар. Мүмкін болса, құжаттарыңды алып, өзге оқу орындарына тапсыруларыңа болады, 125 медалист оңай емес”, – деп, сұқ саусағын шошайтып, ұзақ уақытқа дейін түсірмей тұрып алғаны. Оразалы мына ағайдың сұқ саусақ шошайтуын жаратпады. Өзі қаншама жақсы оқыдым, ойдағыдай бітірдім дегенімен медаль жоқ. “Әй, шырағым-ай, спорт-спорт, деңкеріп кетпегенде, бір медаль сенікі еді ғой”, – деген Ізтілеу Сыдықов ағайының сөзі келді ойына. Алматының азаңғы ашық аспаны, түнеріңкіреп барып, қабағын тіптен ашпай қойды. Алматының көшелерімен жападан-жалғыз, жаяу жүріп барып, темір жол вокзалынан ауылына билет алды.

Ошанның қайтып оралуына Кенжекүл апа қатты қуанды. “Ойбай, айналайын, Ошан-ау, Алматыда нең бар еді, бір Оразбек те жетеді онда, сенің Шымкентке түскеніңді жатсам да, тұрсам да құдайдан тілеп отырмын”, – деп, өзіде облыс орталығына баласымен бірге барды. Оразалы Сабденов Қазақ химия-технология институтының автоматтандыру – механикаландыру факультетіне құжат тапсырды. Бұл жоғары оқу орындарына құжат тапсырудың ең соңғы, ақырғы күні.

Облыс орталығында дегені болмаса, Қазақ химия-технология институтының атақ-даңқы Алматыдағы политехника институтына оншалықты кем емес екен. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келгендер өте көп болып шықты. Тіпті,

Өзбекстаннан, Тәжікстаннан, Түркіменстан мен Қырғызстаннан келгендер, оларды айтасыз, Ресейдің атақты қалаларынан келгендер толып жатыр. “Қалай дегенде де, енді мұнда түсе алмай қалсам, ұят болар”, – деп ойлады Оразалы.

Бірінші емтиханнан “өте жақсы” деген баға алып, қатты қуанды. Екінші емтиханнан “орта” деген баға алып, шахмат ойынынан ойсырай ұтылғандай бір жайсыз күйге түсіп көз алдынан астанадағы аспанға шаншылған сұқ саусақ кетпей қойды. Үшінші емтихан қайтадан көңіл көтеріп кетті, тағы да “өте жақсы” қойылды. Ол кездері оқуға түсу үшін төрт бірдей пәннен емтихан тапсыру қажет еді. Алда төртінші асу тұрды аспанда. Енді міндетті түрде “бес” деген баға алмаса, онда: “Қош бол, жоғары оқу орны”, – деп, ауылға қайтуға тура келеді. Тек қана “бес” алмақ ләзім.

Міне, тамыз айының тымырсық күні қырсығыңқырап, қапырыққа айналып кетті. Кенжекүл апа кәдуілгі Коммунистік проспектісінің (бүгінде Тәукехан даңғылы) бойындағы дәу қара ағаштың түбінде бозғылт қапшықты төсеніп күтіп қалған. Емтихан басталып кетті. Абитуриенттер шетінен тапсырып, құлап жатыр. ”Үш” алып жатқандары да олардан бес-бетер. Жылап, еңіреп бара жатқандары да аз емес. Бұған да келді кезек. Сұрақтардың бәрін білетін секілді, қуанып-ақ кетті.

Көп отыра алмай, жауапқа шықты. Бәрін-бәрін нақтылай дәлелдеп, есептерін түгелдей дұрыс шығарып, барын салып, асықпай-саспай, айтып беріп, міндетті түрде “бес” қоятын шығар деп ойлаған еді. Бірақ, неге екенін кім білсін, жүрегі атқактай суылдап жөнелді. “Төрт қоямыз, жауабы жап-жақсы, үлкен төрт қояйық”, – деді емтихан алып отырған кісілердің бірі. “Дұрыс қой”, – деп есінеді екіншісі. “Ағайлар, мен беске жауап берген сияқтымын”, – деді Оразалы Сабденов жағы сәл қушыңқырай бозарып. ”Не дейсің?” – деді емтихан

қабылдап отырған кісі. “Қанағаттанбасаңыздар, тағы да сұрақ қойыңыздар,” – деді Оразалы оларға тік қарауынан жазбай, онша сыр бермей, іштей қатты толқыса да білдірмей. – “Мен беске жауап беремін”. “Охо, қарай көріңіз!” – деді емтиханшы, – “Қарай көріңіз, бұл балаға бес керек екен ғой? Біз білмеппіз ғой?”. “Иә, ағай, маған тек бес қана керек. Сұрақтарыңыздың бәріне толық, жан-жақты жауап бердім. Егер беске лайық болмаса, тағы да қосымша сұрақтарға жауап берейін ...”

Төрт қойғысы келіп отырған емтиханшы алған бетінен қайтпай, енді тек кекесін кейіпте қолына қалам ала бергенде, құдай сәтін салып, институт ректоры Сүлейменов кіріп келсін. Ол кезде Оразалы ректордың кім екенін білмейді ғой, әрине. Сәл біртүрлілеу болып отырған емтиханшыны, одан да біртүрлі болып ренжіген абитуриентті үлкен кісі байқамады дейсіз бе, кенет ортада отырған шымыр денелі, сүйкімді балаға барлай қарап: “Кәне, бұл баланың жауабын тыңдап көрелікші, сұрақ қойыңыздар”, – деді-ау сонда. Спортшылықтың қайсарлық қасиеті, міне, осылайша пайдасын тигізді. Сол жолы төртке көніп, бұл факультет болмаса басқасына, конкурсыз біріне түсермін десе, кете баратын еді. Сөйтіп, ректордың өзі қатысқан емтиханнан, қосымша қойылған небір сұрақтардан мүдірмей өтіп, бес алып, өзінің таңдаған факультетіне түсті емес пе? Мүсілім Әбиоров ағасының айтқаны келгендей көрінген...

Институт студенті болғанын естігенде қара ағаштың түбінде демігіп отырған Кенжекүл апасы балаша қуанып жүгіріп кетті. Кәдімгі әдетіне басып, баласын айналып-үйіріліп, көшеден ағылып жатқан жұрттың көзінше, әсіресе, әдемі-әдемі қыздардың көзінше кішкентай бала секілденіп, аймалап, құшақтап, бетінен сүйе берді, сүйе берді...

Ережеп аға ұлының студент атанғаны жөніндегі хабарды асқан байсалдықпен, асып-саспай, бір өзіне қасиетке

тән заңды оқиға ретінде қабылдады. Ағайын-туыс, көрші-қолаңның “Құтты болысына” бір ғана қысқа жауап “рахмет” деумен шектелді. Құдайы таратылып, ата-баба аруақтарына құран бағышталды. Оразалы 20 күндей ауылдың бітпес күйбең тірлігімен айналысты, қолдағы бір-екі қара, он шақты уақ малдың қыстық азығын дайындау науқанын өткеріп, қыркүйек айының біріне таман Шымкентке оқуға аттанды.

1-ші қыркүйек 1965 жылдан Оразалы Сәбденнің өмірінде жаңа кезең осылай басталған еді. Орыс тілді ортада өскен Оразалы үшін орыс тілінде оқылатын лекциялар, өткізілетін семинарлар, коллоквиумдар мен қабылданатын сынақтар мен емтихандар онша ауыр бола қоймады.

Бірте-бірте Оразалының жанында мақсат-мүддесі бір, қабілеттес топ қалыптаса бастады. Оларды оқуға деген құштарлық, спортқа деген ынта-жігермен бірге, өмірге деген ортақ көзқарасы біріктірген еді.

Студенттік өмірдің қызығы мен шыжығы, алғашқы кезеңі осылайша біркелкі, бірқалыпты күннен-күн асырып, өтіп жатты. Бұл кезде Оразалының аталмыш Тұрсынбек Әпсембетов ағасы осы институттың дене тәрбиесі факультетінің ұстазы әрі еркін күрес секциясын жүргізетін жаттықтырушысы болатын. Кезінде белгілі еркін күрес шебері Тұрсынбек аға Қазақстанның осы күрес түрінен бірнеше дүркін чемпионы, Бүкілодақтық жарыстардың жүлдегері атанған танымал балуан болған. Атақты боксшы, жерлесіміз Әбдісәлан Нұрмаханов – бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы, бүкілодақтық біріншіліктердің жүлдегері, Токиода өткен ГАНЕФО ойындарының жеңімпазы, атақты ауыр салмақтағы еркін күрес шебері. Әбілсейіт Айханов, Аманша Ақпаевтармен бірге оқып, Қазақ елінің намысын ұлттық құрама туы астында абыроймен қорғай білген бірден-бір атпал азамат қатарынан саналады.

“Сендерге үлгі алатын азаматтар, қазақта, құдайға

шүкір жетерлік”, – деп бастайтын Тұрсынбек аға әңгімесін ауыр жаттығулардан кейінгі отырыста. 1957 жылы, атаанамның рұқсатымен “мұғалім” болуға толық бел буып, Алматы педагогикалық институтына құжаттарымды тапсырдым. Кездейсоқ, Алматы көшелерінің бірінде ауылдағы мектеп мұғалімі Сансызбаев Бейсалы ағаны жолықтыра кеттім. Қал-жағдай сұрастырғаннан кейін, Бейсалы ағай менің тандауымды толығымен құптамайтындығын айтып, құжаттарымды оның ішінде жата да жабысып, физкультура институтына апарып тапсыруымды жөн деп тапты. Менің спортқа құштарлығымды, күреске бейімділігімді мектеп қабырғасынан білетін ағайым, мені қолымнан жетектеп отырып, физкультурныйға алып келді. Қабылдау комиссиясындағылар құжаттар тек қана спорттың қай түрінен разрядтық нормативтің орындалғаны туралы куәліксіз қабылданбайтынын ескерткен соң Бейсалы ағай бары-жоғы 1 тәулік ішінде Түлкібастан менің үйімдегі сақтаулы құжатты алып қайтты. Емтихандарды “жақсы”, “өте жақсы” деген бағаларға тапсырып, физикалық дайындықтан сүрінбей өтіп, физкультура институтына түсіп, еркін күрес шебері, чемпионы атануды тағдыр жазды”.

Тұрсынбек аға көптеген еркін күрес шеберлері мен чемпиондарын тәрбиелеп, өсірген ұлағатты ұстаз. Басшы қызметтерде де болды. Облыстық спорт комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарып, оңтүстік спортының дамуына елеулі үлес қосты.

Тұрсынбек аға Оразалыға еркін күрес секциясымен қатар гимнастикамен де айналысуға кеңес берді. Білгір спорт маманы, көзі қарақты ұстаз гимнастика жас өскіннің балғын денесін ширата түсіп, дене мүшелерінің пластикасын қалыптастыратынын алдын-ала білген еді. Лекция, семинар сабақтары, гимнастика, еркін күрес залы мен жатақхана! Оқу озаты атанды, еркін күрес пен гимнастикадан бір

жыл мерзімде институт чемпионы тұғырына көтеріліп, шеберлікке кандидат нормативін орындап шықты. “Оқу мен спорт – егіз”, – деген қағида бекер айтылмаса керек. Оразалы осы екі саланы да бірдей алып жүрді. Оның арасында жолдастарымен бірге театрлардағы жаңа қойылымдарды үнемі назарынан тыс қалдырмады, оқта-текте облысқа ат басын бұратын, опера және эстрада әншілерінің концерттерін тамашалап, рухани баюға да уақыт таба білді.

Оразалының институт қабырғасындағы 2-3-4 жылдары айтулы табыстарға толы болды. Толассыз еңбек, шелектеп төккен тер өзінің игі нәтижелерін бере бастады. Гимнастикадан алған тәлім-тәрбие Оразалының еркін күрес тәсілдерін жете меңгерген, жылдам әрі қарсыластарының мықты немесе осал тұстарын зерделей білетін балуан ретінде қалыптасуына өз септігін тигізді. Оразалы қарсыласына дес бермейтін, айқас қорытындысын өз пайдасына шеше алатын балуан болатын. Ол үлкен кілемге шыққалы 2,5-3 жыл ішінде қатысқан 5 турнирдегі барлық кездесуін тек қана жеңіспен аяқтаған, рейтингі ең жоғары балуан болған кезінде. Күреспен енді айналыса бастаған шақта жеңілістің ащы дәмін татуға тура келген әрине.

1967-1968 жылдары институтта еркін күрес құрама командасы өте мықты күрескерлерден іріктелді. Тәртіп темірдей қатты болатын. Бірқатар, азғана табыстардан көкірегіне нан піскен кейбір балуандар, себепсіз бір немесе екі рет жаттығуға қатыспағаны үшін команда құрамынан біржолата аластатылды. Бұл қатаң шешім өзгелерге сабақ болғандай еді, құрама мүшелерінің тәртібімен бірге спорттық деңгейгі және жауапкершіліктері арта түсті. Оразалы бұл жерде де капитан міндетін атқаратын еді. Институттың құрама командасының қатарында Мәдібек Алтаев, Владимир Жарликов, Абдулла Жабраилов, Аманжол Қадыров, Николай Шляпиков, Құлжабай Алтынбеков сынды

спорт шеберлері, еліміздің чемпиондары болатын. Спорттық жарыстар, турнирлер көбейе түскен, оқуға уақыт жетіспей жатты. Спортта біршама елеулі табыстарға жеткен Оразалы, күреспен кәсіби айналысын тоқтатып, барлық уақытын институттағы оқу процесіне арнауға шешім қабылдайды. Болашағынан көп үміт күткен жаттықтырушысы Тұрсынбек ағаға бұл шешім оңайлыққа түспеген. Дегенмен, түптеп келгенде, Оразалының тап осындай шешім қабылдауын заңдылық ретінде түсіне білген ұстаздың сіңірген еңбегіне айтар рахметіміз бен ризашылығымыз санаусыз!

Алайда, Оразалыға күреспен бірден қош айтысып кету оңайлықпен келмеген еді. Оразалы институт қабырғасында жүріп, білім мен ғылымды ұштастыра білді. Оқу сапасы күрт көтеріліп, озаттар қатарынан орын алды. Ғылыми еңбектермен айналысуды қолға алды. Институтта өткізілген ғылыми-техникалық конференцияда баяндама жасауға қол жеткізді. Жора-жолдастар саны молайып, студенттік өмірдің қызығы арта түсті – Сергазиев Болат, Тимур, Мақсұт, Қантбек ...

Бүгінгі күнде сол бір ұмытылмас студенттік шақтардағы бірге жүрген достар қатары сиреп те қалыпты. Студенттердің барлығы қызыға да қызғана қарайтын өте жарасымды Болат пен Дариға жұбы араларына тұп-тура 40 күн салып, бақилыққа аттанды. Мақсұт та қазір қатарымызда жоқ. Өмір-өзен, ағып жатыр, ағып жатыр. Қаншама қайғырғанымызбен, амал қанша, қолдан келер дәрмен жоқ. Өмірде, орын алған фактілермен санаспауға еш болмайды!

Студенттік өмірдің де аяқталу мерзімі таяп қалған іспетті. Осы институт қабырғасында өткізген 5 жыл ішінде Оразалы жеке басының тірлігін ұйымдастырумен есте айналыспады. Талай арудың осы бір ұстамды да салмақты, оқу озаты әрі чемпион жігітпен танысқысы келгені, тіпті кейбіреулерінің мүмкін болған жағдайда семья да құрсам

деп, арман құшағында қаншама түнді ұйқысыз өткізгені хақ. Бірақ, Оразалы жүрегiнiң кiлгi аспанда болатын.

1970 жылдың орта шенiнде Оразалы мемлекеттiк комиссия алдында өзiнiң дипломдық жобасын “өте жақсы” деген бағаға қорғап шықты, инженер деген диплом иесi атанды. Институт деканаты мен факультет Оразалы Сабденовті, өз қатарларында ғылыми қызметкер ретiнде қалдыруға ұйғарым етiп, ректор атына өтiнiшпен шығады. Бұл өтiнiште оның iргелi ғылыммен тұрақты түрде айналысуға бейiм екендiгi, теория мен практиканы үйлестiре бiлегiндiгi айтылады. Ректорат та бұл өтiнiшпен толығымен келiседi, себебi институттың атағын шығарған әйгiлi чемпион, озат студент жоғары оқу орын басшылығының назарында бiраздан берi бар болатын, Оразалы Сәбденнiң мықты ғылыми қызметкер болатындығына еш күмән келтiрмейтiн.

Бұдан бөлек, болашағынан үлкен үмiт күтiретiн жас маманға ғылыммен түбегейлi түрде айналысу жөнiндегi тиiмдi ұсыныстардың бiрнешеуi болғаны рас. Осыған қарамастан, Оразалы бiлiм орнына өндiрiстi, зауытты, оның iшiнде тiкелей Шымкент қорғасын зауытын қалады.

Алда бiр ай демалыс күтiп тұрған. Оразалы төс қалтасына су жаңа дипломды басып, қуанышын Кенжекүл апа және ағайын туыстарымен бiрге бөлiсуге елге асықты. Кiшiгiрiм диплом ”жуу” рәсiмiне ағайын-туыс, көршi-қолаң шақырылып Оразалының атына мадақтау сөздер айтылып жатты. Жоғары бiлiмдi жас маманның алғашқы еңбек жолын қатардағы жұмысшылардан бастайтынына көпшiлiк түсiнбеушiлiк байқатып, таң қалысты.

“Ойбай – Ошанжан-ау, бiз сенi үлкен Өкiмет болады деп, тақиямызды аспанға атып, қуанып жатсақ, бұл не шатпағың, ойнасаң да, ойланып сөйле қарағым”, – деп, тiптен ренжiп қалғандары да аз болмады ағайынның.

Тек, Ерекең, сол баяғы бiрқалыпты, байсалдығымен:

“Бала, өзi осындай шешiм қабылдаған екен, болсын солай, алған бiлiмiнiң өндiрiске ендiрiлу барысын өз көзiмен көрсiн, тәжiрибе жинақтасын, ал бiлiм аман-саушылық болса, ешқайда кете қоймас. Шешiмiндi құптаймын, iске сәт”, – деп қысқа қайырды. Ертеңiне Оразалы ауыл ақсақалдары мен алыс-жақын ағайын туыстарды аралап, сәлем берiп, саулықтарын бiлiп қайтты. Анасы Үрзаданың туған сiңлiсi Алтынкүл әпке сонау Жамбыл облысы Шу ауданының орталығы Ново-Троицк ауылынан сым-тетiк арқылы хабарласып, өзiн сағынғанын тiлге тиек етiп, келiп кетуiн өтiнген. Оразалы, әпке өтiнiшiн жерге тастамай, Ново-Троицкке жол тартты. Сағынып қалған әпкесi, айналып-үйiрiлiп, құшақ жая қарсы алды.

Оразалының жан жары және өмiрлiк серiгi Жанат бүкiл Шу өңiрiне танымал, әйгiлi Сәмбет руының Ақботаевтар әулетiнен тарайды. Жылқайдар ұлы Естемес бабасы би болған, “Тура биде туған жоқ” деген мақал-мәтелге сай елдiң қадiрлi азаматы болған деседi. Естеместен Ақбота, Ақботадан Сүйiмбек, Сүйiмбектен Оразалы – Жанаттың әкесi туған. Жылқайдар бабаның анасы Әлима әже қаз дауысты Қазыбек бидiң немересi, Алшындай бидiң қызы. Бұл кiсiлердiң бәрi елге әйгiлi, сыйлы кiсiлердiң бiрiнен саналған. Жанаттың атасы Сүйiмбек қария өз заманының озық ойлы азаматы, сауатты болған, Меркi орыс-түзем училищесiнiң 4-класын атақты Тұрар Рысқұловпен бiрге аяқтаған, көзi ашық, көкiрегi ояу, ел қамын жеке басының мүддесiнен жоғары қоя бiлген саналы азаматтардың бiрiнен саналған.

Аштық жайлаған отызыншы жылдары, сол кездегi жас өскiн, Бiшкекке жаяулатып жетiп, Түркiстан АССР-ы ашаршылыққа қарсы комиссия төрағасы Тұрар Рысқұловтың қабылдауында болып, елдi жайлаған аштықпен жалаңаштықтан бiр қауым жұрттың түгелдей қырылып

кету қаупі орын алып отырғанын дәлелдей білген. Тұрар Рысқұловтың берген тікелей нұсқауына сәйкес бөлінген жүз пұт күріш пен алпыс пұт ақталған тарыны шашпай-төкпей, өзінің жолын тосып отырған ауылдастарына түгелдей жеткізіп, бір қауым елді өлім аузынан алып қалған, елім деп өмірден еңіреп өткен Сүйекең екен кезінде. Азықтықтан қалған күріш пен тарыны тұқымдыққа пайдаланып, егіс егіп, ел халқы ашаршылық құрсауы мен өлім тырнағымен біржола құтылған екен деседі қазіргі ұрпақ Сүйекеңнің сол бір ерлікке тән іс-әрекетін ризашылықпен еске алып. Ұлы Отан соғысы алдындағы жылдары және одан кейін де Сүйімбек ауылшаруашылығы артелін басқарады. Колхоз төрағасының орынбасары, аудандық сот төрағасы, агроном қызметтерін зейнеткерлікке шыққанға дейін абыроймен атқарып келген.

Ұлы Оразалының білімге деген құштарлығын ерте байқаған Сүйекең, оның ауылшаруашылығы техникумына оқуға түсуіне қарсы бола қойған жоқ. Техникумды өте жақсы бітірген ол, орман-су шаруашылығы агрономы мамандығын алады. Сол, 1938 жылы Алматының заң институтына 3-ші курсынан, майданға алғашқылардың бірі болып аттанады. Батыс майданы Смоленск бағытындағы ұрыстарға қатысып, жаралы болады. Госпитальдан емделіп шыққан соң, әскери прокуратурада қызмет етеді. Соғыстан қайтқаннан кейін бейбіт өмірге араласып, көлік, әскери прокуратурада тергеуші, прокурор, халық соты қызметтерін абыроймен атқарған белгілі заңгер. Отан алдындағы ерен еңбегі көптеген орден, медальдармен аталып өткен.

Ақботаев Оразалы Сүйімбекұлы Қазақ ССР-ның құрметті заңгері, 89-жасында да ақсақал күш-қуаты мол, қоғам өміріндегі айтулы оқиғалардан толық хабардар жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруден жалыққан емес. Жанаттың анасы Бибігүл апай Орекең екеуі бес ұл, үш қыз тәрбиелеп, білім

беріп, құтты орындарына қондырған бақытты ата-ана. Жанаттың нағашысы Ағаділ қария бір колхозды 15-жыл басқарып, ауыл шаруашылығын өркендетудегі жетістіктері үшін Социалистік еңбек Ері атанған жан.

Оразалы мен Жанаттың алғашқы таныстығы, үлкен мәңгілік махаббатқа ұласып, Түлкібасы – Майлыкент өңірінде 1970 жылғы жаз айының жайма шуақ күндерінің бірінде өткен керемет, айтулы тоймен қорытындыланды. Міне, содан бері 40-жылға жуық мерзім ішінде Оразалы мен Жанат, махаббаттарына ешқандай сызат түсірмей, өмір-өзен толқынында жұптарын жазбай, бірге жүзіп келеді. Бір ұл, үш қыз дүниеге келді. Тұңғышы Қайрат, кездейсоқта сұм ажалдың тырнағына ілініп, қандықол қарақшының қолынан қапыста қаза тапты. Орны толмас қазадан айығу екеуіне де оңайға соқпаса керек. Десек те, қазалы ата-анаға қалған перзенттерінің болашағы үшін күнделікті күйбең тірліктің ағымына ілесіп, кете баруы өмір заңдылығы еді.

Оразалы мен Жанат, өздерінің ата-аналық сүйіспеншілігін Қайраттарынан қалған жалғыз тұяқ Меруертке, егіз қыздары – Анар мен Жанарға, кенжелері Гауһарға арнаумен келеді. Жанар болашағынан үлкен үміт күттірер, әке жолын қуған ғалым, экономика ғылымдарының кандидаты. Анар елде алған білімін Англияда жалғастыруда. Гауһар қыз Ұлыбританияның атақты университеттерінің бірінде оқуын одан әрі жалғастыруда, болашақ бизнес-экономика маманы. Күйеу балаларының бірі Ғани кеден қызметкері, екіншісі Мұхамед бизнес саласында жұмыс жасайды. Немерелері Меруерт, Ризали, Салтанат, Аружан, Лара, Аяна мен Сая мектеп қабырғасында, үлгілі тәрбиесі және өте жақсы үлгерімдерімен ата-анасын қуантумен келеді.

ҒЫЛЫМНЫҢ ҚҰЗАР ШЫҢЫНДА

Жоғарыда айтқанымыздай, Оразалы өзінің еңбек жолындағы алғашқы қадамын жылы кабинет пен жұмсақ әрі жайлы орындықты таңдаудан бастамаған. Оған, бірқатар қала кәсіпорындары әкімшіліктерінен орта қол инженерлік қызмет ұсынылғаны тағы да аян.

Мен, кейде, өзіме-өзім: неге “Оразалы одан ешкім күтпеген қызметтен бастаған, оған қызмет карьерасы сатысымен жоғары өрлеу оңайға түспек емес пе еді?”, – деген сұрақтарға дәлелді жауап таппай қиналатынмын. Бертін келе, бұл сұрақтардың жауабын тапқандай болғанмын. Оразалыға бала кезден біткен тән қасиет, ол әрбір істі ой елегінен өткізіп, бүгү-шігісіне дейін, түгелдей талдау жасап, сараптамадан өткізіп барып, нақты бір шешім қабылдайтын. Қолға алған ісін аяғына дейін жеткізу жолындағы мақсаткерлігі мен табандылығы – оның ең басты қасиеттерінің бірі болатын. Меніңше, Оразалының өз еңбек жолын қарапайым зауыт жұмысшысы кәсібін таңдап алуының бірден-бір себебі, өндіріс процесін – шикізаттың дайын өнімге айналу процесін өз көзімен көріп, өз қолымен өткізу болған дер едім. Белгілі бір өнім мөлшерін өндіру процесі қанша жұмысшы қолының қарапайым еңбегін қажет етеді, бұл процестің қанша пайызы механикаландырылған-автоматтандырылған, қандай жолдармен қарапайым зауыт жұмысшысының еңбегін жеңілдетуге болады, өндіріске ғылым жетістіктерін енгізіп, оны ғылыми негізде ұйымдастыра білсе, дайын өнімнің өзіндік құны қаншама арзандар еді? Міне Оразалының қарапайым жұмысшы кәсібін таңдап алудағы түпкі мақсаты да осында жатса керек!? Ауысыммен жұмыс істейтін Оразалыны Жанат дайындап қойған ас суды ішіп алғаннан

кейінгі, мазалайтын ойлар осы тақилеттес болатын. Шикізаттың дайын өнімге дейінгі барлық процедуралардан өту барысын өз көзімен ғылыми негізде бағамдап-болжап жүрген Оразалы көптеген салыстырмалы талдау мен сараптама жасауы нәтижесінде, зауытта істегеніне 2 жыл толартолмас өндіріске 5 бірдей рационализаторлы ұсыныс енгізеді. Ол түпкі мақсатқа жету үшін өзінің барлық күш жігерін, білімі мен еркін, қажымас қайратын жұмылдыра білетін.

Қорғасын зауытының қара түтінін қала халқы жақтырмайтын еді. Шымкент шаһарының шығыс жақ шетінде, биіктеу қыраттарда мекендейтін тұрғындар қорғасын зауыты жағына бара қалса, тықылдап жөтеле бастайтыны да өтірік емес.

Бұл төңіректің иісі бөлектеу, түтіні қоюырақ, ауасы ауырлау. Сонда да Оразалы ондай-ондайға онша назар аударма бермейтін. Қорғасын зауытының әрбір цехына дейін, әр бұрышынан бұйраланып шығатын түтініне дейін аса жақын, қымбат болып кеткен. Бір жаққа алыстап кете қалғанда, жарыстарға аттағанда қорғасыншылар мекенін біртүрлі қимайтын да еді. Бауыр басып қалыпты. Тіпті кейкейде, келешек туралы толғаныстарға берілгенде өзінің тағдыр-талайын осы өндірістің қара шаңырағы, қазақ металлургиясының ордалы ошағы – қорғасын зауытымен байланыстыратын.

Өзі істеп жүрген, агломерация және қорыту цехтарының қаншама пайда беретінін, ел игілігіне қосып жатқан үлесін, Ұлы Отан соғысында шыққан айрықша даңқын, кәсіпорынның тарихын жап-жақсы білетін. Шикізаттың қайдан келіп, қалай өңделіп, қай түрінің қайда кетіп жымжылас жөнелтіліп жатқанын аңғармайды емес.

Бәрібір, жүрек түптерінде әлдебір құпия, өзіне де бағыныс бермей бұлқынатын бір бұла күш жиірек бас көтеруші

еді. Қорғасыншы қызметін қаншама құрмет тұтып, қадірлеп, мақтаныш еткенімен, бәрібір ғылымға деген құштарлық әлгі спортқа деген ұмытылмас құлшыныстан артық асқақтамаса, кем соқпасты. Ауызды үлдірекепен байлап, немесе противогаз киіп алатын жерлерде де мүлт кетіп қалған сәттері жоқ емес-ті. Кім білсін сондай-сондайлардан ба, жоқ әлде басқа себептері болды ма, әйтеуір көп ұзамай-ақ Оразалының екі бірдей азу тісі түсіп қалды. Кейіннен зайыбы, шымкенттіктерше айтқанда, келіншегі Жанат жымып қарап отырып: “Жұрттың кетігі бергі шетінен басталушы еді, сенікі арғы шетінен шетінегені қалай болды өзі?” – деп әзілдейтінге айналды. Жанат ойын ары қарай жалғастырады:

- Кейінгі кездері көп ойланып, көп күрсінетін болып жүрсің...

- Әлгінде әзілдесем де, енді шынымды айтып отырмын Ошанжан.

- Ой көп, жұмыс одан бетер көбейіп барады Жанатжан!

- Ғылыммен айналыссам деп армандаушы едің, сол ғой деймін, саған уайым түсіріп жүрген.

- Екі тісі түсіп еді, қашып кетті демей ме осы?

- Мәселе тісте емес, істе шығар? Бағана Құлжабай ағаң келіп кетті тағы да..

- Шынымен бе? Не дейді? Маналы бермен қарата неге айтпай отырсың? Ой, Жанатжан-ай, тым сабырлысың ғой сен, тіпті...

Уақыт өте Оразалы зауыт өміріне толығымен үйреніп, жұмысқа төселіп-ақ қалған. Еңбекке деген ынтасын, ұқыптылығы мен іждәһаттығын әділ бағалай білген зауыт басшылығы, оны қарапайым жұмысшы қатарынан инженер-технолог деңгейіне дейін көтерген. Зауыт ұжымы Оразалыны өз қатарына кәдімгідей ауырсынбай қабылдаған. Жас маман жұмысшылар ортасында да, инженер-техник қызметкерлері

ортасында да білімділігі мен еңбек сүйгіштігі, табандылығы мен мақсаткерлігі арқасында тәп-тәуір атақ-абыройға ие болған кезі.

Оразалының көптеген достарының ішінен ерекше көретіндері де аз емес. Киевтегі бауырлас институттың аспирантурасында оқитын ағасы Құлжабай Алтынбеков ағасы елге бір келгенде: “Ореке! Ойлай-ойлай келгенде, сенің сол көк түтіннің ортасында өмір кешіп жатқан жүздеген тіпті мыңдаған жандардан артықпын ба дейтініңді де білемін. Бірақ, сен әу бастан-ақ ғылым үшін жаратылған жансың, Ореке. Сен секілді инженер-технологтан гөрі болашақ ғұлама ғалым Сабденовтың қазақ халқына көбірек пайдасы болар еді”, – деген.

Ертеңіне демалыс еді. Есіктің қоңырауы қағылды. Құлжабай шығар деп ойлап, тез тұрып есік ашты. Сөйтсе Құлекең емес, қорғасын зауытында ғұмырын өткізіп, кейініректе зейнеткерлікке шыққан Зейінекең екен. Зейінекең дейтін ағасымен танысқанына жарты жылдай уақыт болған. Осылайша, күтпеген жерден келеді де, ай-шәй жоқ, бір жаққа шақырады. Өзі табиғаттың аясында көбірек болғанды жаратады екен. Аңшылығы да жоқ емес. Біресе, қармағын алып Машат жаққа, кейде қосауызын арқалап, Созаққа кетіп бара жатқанын айтады. Ауыз әдебиетіне мықты. Қисса – дастандардан үзіндіні жатқа да айтып жібереді. Өкініштісі сол, ол кісімен – әлі де бір рет сапарлас болудың сәті түспеді. Сонда дағын Зейінекеңді керемет сыйлайды. Әсіресе, әңгімесі қызық. Айтқаны бір саяхат, әр үзіндісі бір саят секілді.

Міне, қарт қорғасыншы ауызғы бөлмедегі орындыққа отырып алып, жас инженерді бұл жолы Қазығұрттың сол жақ баурайындағы Аңғарата ауылына шақыра келгенін айтты. Онда қымыз да бар, құс та бар. Ең бастысы қызық-қызық аңыз-әңгімелер естіп демалып қайтады. Ағарған ішіп,

көк түтіннің зиянын сейілтiп оралады. Кейiнде Оразалы Зейiн аға екеуi жаяу-жалпылап талай рет Арыс өзенi мен Алатау бөктерлерiн, Құлантау мен Огем тауларының адам аяғы тимеген, табиғаты тұнып тұрған бұрыштары мен қалтарыстарын сапар шегiп, балық аулап, құс атып демалып қайтатын. Тас басып, тау кезу хоббиден гөрi әдетке айналып бара жатты. Тас басып, тау асып әбден шаршап шалдығып, өзеннiң бiр сағасынан немесе таудың жел тимейтiн бөктерiнiң бiр бұрышынан жастар орын қарастырып, сексеуiл мен долана ағаштарының қураған бұтақтарынан жағылған маздап жанған отқа бет тосып, жаурап қалған, икемсiз қолдарының саусақтарына жан бiте бастағанын сезiну деген кереметтiң кереметi болатын. Кешкi астың үстiнде Зейiнекең ежелгi қазақ халқының тарихы мен мемлекеттiгi осыншама ұлан-ғасыр мен даланы жау шапқыншылығынан қорғап қалу жолындағы қас батырларымыздың ерлiгiн суреттейтiн әнгiмелерi Оразалыны тап сол қанды шайқастардың бел ортасында жүргендей күйге түсiретiн. Бұл Қиянкескi ұрыстарда қаншама жазықсыз адамдардың жаны қиылып, қаншама елiм, жерiм деп еңiреген батыр ат жалын құшпады?! Қаншама монғол, қалмақ, жоңғар мен қытай шапқыншыларының құқайын көрмедi бұл жердiң иен даласы мен зеңгiр таулары?!

Киевке қиялы ауып, Құлжабай суреттеген Крещатиктi көзге елестетiп жүрген күндердiң бiрiнде Алматыда айрықшалау бiр жиналыс өтетiн болды. Тақырыбы еңбектi ғылыми негiзде ұйымдастыру мәселесiне арналған екен. “Кiмдi жiберемiз?” – дегенге келгенде, бiрер бас қосулар мен өндiрiстiк жиналыстарда осы тараптан нақты-нақты ұсыныстарымен көзге түскен жас инженер Сабденовтың кәдiмгi еңбек жолын қатардағы жұмыстан бастаған Оразалының аты айтылған. Бармаймын деген жоқ. Құлшынып жолға жиналды. Өзiнiң өмiр-тағдырында осы

жолғы сапарының өзгеше арнаға бетбұрыс жасайтынын ол кездерi Оразалы онша ойлана қоймаған шығар, сiрә.

Алматыны алабөтен жақсы көрiп, барған сайын құмарта шөлiркеп-шөлдеп қарай беретiн. Алматының әрбiр көшесiн, әрбiр үйiн, әсiресе бiлiм, ғылым және мәдениет орындарын, қасиеттi де киелi ғимараттарды, ұлағатты ұяларды көрген сайын қатты толқитын, әрқайсысының сыртқы келбетiне ғана емес, iшкi мән-мазмұнына тереңiрек үңiлуге ұмтылатын едi.

Еңбектi ғылыми түрде ұйымдастыру жөнiндегi арнайы жиналыс Республика Ғылым академиясының экономика институтында өттi. Жиналыстың жалпы ниетi дұрыс болғанмен Оразалыға кейбiр үлкен кiсiлердiң есiнеп-құсынаған көңiл-күйi, уақытты текке шығындап отырғандай көрiнуi онша ұнаған жоқ. Дегенмен, аталмыш тақырыпты шынымен-ақ тереңдей талдап, ертерек енгiзгiсi, бұл бағытта бұрыннан-ақ берiле еңбектенiп жатқан ғалымдардың да, тiкелей өндiрiс өкiлдерiнiң де жеткiлiктi екендiгi қатты қуантып, қанағаттандырғандай болды. Сол бас қосуда үлкен мiнберге Оразалының өзi де көтерiлген қысқа ғана уақытта қорғасын зауытындағы жағдаятты, ғылыми негiзде еңбек ұйымдастыру жайын, осы орайдағы iзденiстер мен талпыныстарды шолып шығып, тындаушыларды тәп-тәуiр хабардар еттi. Өзiнiң ой-пiкiрлерiн де қосып әнгiмеледi.

Үзiлiс кезiнде Ғылым академиясы экономика институтының кiре берiсiнде жүзi сәл сұстылау көрiнгенiмен, көздерiнен мейiрiм шуағын шашырап тұратын кiсi кiдiрттi. Сыртынан атына қанық, осындағы аса абыройлы, бiлгiр ғалымдардың бiрi – Рэм Михайлович Петухов болып шықты.

Осыншалықты iрi ғалымның өзiне назар аударып, арнайы келiп танысуы қатты әсер еттi. Спорттық жарыстарда үлкен-үлкен жеңiстерге қолы жетiп, биiк-биiк тұғырларға

көтеріліп, мыңдаған көрермендердің ықыласына бөленген сәттерде де салмақтылығын, салиқалы қалпын сақтай білетін Сәбденов еркін күрестен ысылып-ысқиланған, шұнақтау құлағының ысып кеткенін сезді. Спорттың биік тұғырында да, өзін-өзі қайрап: “Сап-сап көңілім”, – деп Абай атасының сөзін қайталаушы еді. Бұл жолы да сөйтіп ғылым докторы Рэм Михайловичтің алдында сызылып, ұялыңқырап тұрды.

- Сіздің пікіріңіз маған ұнады, – деді ғалым. – Мен сізге, жас жігіт, бір ұсыныс айтқалы тұрмын. Әрине, Шымкент шырайлы қала, қорғасын зауыты да аса атақты кәсіпорын ғой. Бірақ, сіздей жастардың ғылыммен айналысқаны да теріс бола қоймас еді. Алайда, біздің экономика институтында таяу уақытта орын бола қояды дей алмаймын.

- Сондықтан, сіз егер ғылым жолына түсемін десеңіз, бір тиімді жолын ұсынайын. Айтпақшы өзіңіздің ғылым жағында ойыңыз бар ма?

- Бар болғанда қандай Рэм Михайлович, – деді Оразалы, бұдан әрі өзін-өзі ұстай алмастан, шыдамсыздана қызығып кетіп, арманымның ең бастысы десем, сенесіз бе?

- Олай болса, Шымкент облысындағы жетіп-артылатын зауыттардың бірімен келісім-шартқа отырассыз да, бізге келіп, жұмыс істейсіз. Әрі сол кәсіпорында, әрі біздің институтқа, әрі өзіңізге қызмет ететін болассыз. Әрине, айлық жалақыңыз қорғасын зауыттағыдан бірнеше есе азаяды, пәтер мәселесі де жуық арада шешіле салмайды. Алайда, ғылымның жолына шындап түсіп кеп бересіз...

- Түсінемін, – деді Оразалы.

- Ойланыңыз, жас жігіт, – деді Петухов, – Өкініп жүрмегейсіз.

- Жоқ, өкінбеймін, шешінген судан тайынбас, – деді Оразалы.

- Онда хабар сізден, уәде бізден болсын, жас жігіт – деп, ғұлама ғалым қолын ұсынды.

Әке-балаға сыншы дегенді көп еститін. Алматыға әр жолы барып қайтқан сайын Ережеп аға ұлына байқатпай ғана бастан-аяқ барлап, қарап алатын-ды. Бұл жолы тіпті ұзағырақ қадалғандай. Оразалының маңдайы терлеп кетті. Өзі де шыдай алмай отыр еді, Петуховпен болған әңгімені айна қатесіз айтып берді. Ерекең сабырлы қалпынан танбаған күй танытқанымен, толқынысы деп-демде білініп қалды. Шуақ шашып тұратын рақымды жүзі одан сайын нұрланып кетті тіпті.

- Үрзада! – деді дауыстап.

- Не болып қалды? Жайшылық па? – деп, еркелей қарады Үрзада апа ошақ басынан Ерекеңе.

- Сүйінші, мына балаңа үлкен ғалымдар назар жығып, Алматыға шақыртыпты. Сүйінші!

- Оразбекпен ақылдастың ба? – деді, сосын сүт қатқан қою шайды рахаттана ұрттаған, Ерекең, – Не айтты?

- Ақылдастым. Мақұлдап отыр ол кісі де. Шарт жасасуға Кентаудың эксковатор зауытын ұсынады ол кісі.

Сөйтіп, Кентаудың эксковатор зауытымен келісім-шарт та жасалды. Шымкенттегі атақты қорғасын зауытында 300 сом айлық алатын Оразалы Сәбденов сол кездегі ереже, белгіленген тәртіп бойынша, 90 сом айлықпен Алматыға аттанды. Ғылым академиясының экономика институтында қатардағы қарапайым қызметке кірісті.

Бұл 1973 жылдың басы болатын. Алда жаңа өмір кезеңі күтіп тұрды. Іргелі ғылымның қыр-сырын зерттеп, зерделеудің алғашқыда оңайға соқпасы бесенеден белгілі еді. Миллиондай тұрғыны бар бас қаладан баспана табу оңай емес-тін. Ағайын-туыс, әке-шешенің нақты көмегінің арқасында бұл мәселе де өз шешімін тапты. Жанұясын Шымкенттен Алматыға көшіріп алып, Оразалы алаңсыз ғылым тұңғышына бас ұрды.

Жаңа ғылыми орта. Жаңа әріптестер. Алғашында өзі

таңдап алған өмір жолының дұрыстығына күмән келтірген сәттер де болмай қалған жоқ. Үлкен шаһар тірлігінің қатты ағымына тез арада бейімделіп кету процесі де мүмкін еместей көрінген бастапқыда. Дегенмен, ғылымға деген құштарлық, мақсаткерлік пен еңбекқорлық, ізденімпаздық алынбас қа-мал көрінген ғылымның, алғашында терезесінен сығалауға мүмкіншілік туғызса, келе-келе үлкен дарбазасын айқара ашып, ішке кіргізді, жатсынбады, бұған дейінгі беймәлім болып келген сырларын біртіндеп, ашып жатты жас ғалымға. Осы мерзім ішінде 17 ғылыми еңбегі жарық көрді. Бара келе “Қазақстан машина жасау кәсіпорында жабдықтар жөндеуді ұйымдастыру мен жоспарларды жетілдіру” атты кандидаттық диссертацияның жобасы дайын болды. 2-жыл өтер-өтпесте диссертациясын толығымен бітіріп үлгерді. Жетекшінің ең соңғы ескертпелерін толықтырып, тұтас-түгел бастырып, есептерін жасап, өзге де қосымша дүниелерді тәмамдап, көңілді демдедік пе дегенде, кедергі жасаушылардың азулары ақсиып көрінді ғой, баяғы. Қызғаныш дегеніңіз, күндестік дегеніңіз, көре алмаушылық дегеніңіз қашанда бермен қарата адамзатпен бірге келе жатқан кеселдер ғой. Өсіп келе жатқан жасты қызғанамыз. Күні-түні тыным таппастан, біресе Кентауға, біресе Шымкентке, біресе Қарағандыға шапқылап, зауыттағы жабдықтардың жөндеу-жөнделу мәселелеріне тікелей қатысып, экономикалық тиімділікті әлденеше арттыру жолында күтпеген нәтижелерге жетіп жатқан жас ғалымды күндейміз. Үш жылға жетер-жетпес уақытта кандидаттық ғылыми еңбегін тәмамдап үлгерген, оның үстіне өндіріспен тікелей байланыста болып, олармен жасаған шартты да нәтижелі атқарған адамды көре алмаймыз. “Уа, алыстағы, кішкентай ғана ауылдан шыққан, спорттың соңына түскенде де атағы әлемге әйгілі болатындай азаматтың, Ұлы Отан соғысында қан кешіп, жараланып оралған мүгедек кісінің

перзенті, бір жарым айлығынан-ақ нағашы әжесіне бала болған, енді мінеки, ғылымға ғашық құштарлықпен алға қарай құлшына ұмтылған бір қазақтың талантты тасы өрге қарай өршелене биіктесінші демейміз, қайта қасарыса қарсы тұрып аяғынан шалуымыз керек. “Болсыншы қазақ перзенті, өссінші ел игілігіне!” – демейтіміз қалай?! “Неге менен озып кетеді? Ол кім еді соншалықты” – дейміз ғой қайта. “Біз бәленбай жылдан бері жазып жүрміз, үш-төрт жылдан бері қорғай алмай келеміз, ал Шымкенттен келген қорғасыншы-экономист қалайша қорғай салады?” – деп күңкілдейміз. Қалай да, қайткенде де, бөгет болып, зиянкестік жасауға жұлқынып бағамыз. Неге сондаймыз осы? Қашан арылар екенбіз осындай дерттерден?! Шынында да МГУ-ді, КазГУ-ді, тағысын-тағыларды тауысып, аспирантураларды бітіріп, бірақ қорғай алмай жүргендер аз емес-ті. Айналып келгенде, Оразалы Сәбденовтің бітіп тұрған, дап-дайын еңбегін “талқылаушылар” көп-көп кедергілерді ойлап тауып, ойдан-қырдан құрастырып, тағы да екі жыл жұмыс істесін деген қорытындыға келді.

Жанат та, ауылдан келіп жатқан Үрзада апа да Ошандарының осылайша тұнжыраған көзін көрген жоқты. Үн-түнсіз шай ішті, үн-түнсіз далаға шығып кетті. Кешкісін келген Оразбек ағасы да күтіп-күтіп, түн ортасы ауа қайтуға мәжбүр болды. Оразбек аға қазір ғылым докторы, академик, профессор, “Ұлағат” атты жеке академияның ректоры, танымал ғалым. Бірер сағаттан соң тау бөктерлеп кеткен Оразалы үйге қайта оралды. Жүзінде қапалықтың ізі де қалмапты, көңілді көрінді.

- Қызықсыздар, неге ұйықтай бермейсіздер, – деп күлді де, жатып қалды. Ертеңіне шай ішіп отырып:

- Мен Мәскеуге жүрмекпін, солай шештім, – деп жанұясын тосын шешіммен таңқалдырды.

Мәскеу! Жаһандық ғылым орталығы! Даңқы жер жарған

Мәскеу мемлекеттік университеті! Атақты ғалым, аталған университеттің ірі экономистерінің бірі, профессор Борис Власовты Алматылық кіші ғылыми қызметкер тек ғылыми еңбектері арқылы ғана білетін. “Жығылсаң нардан жығыл” деген емес пе, бірден сол кісіні іздеді. Тапты. Қабылдауында болып, қорғау кезіндегі орын алған жәйттерді түгелдей, ерекше екпінмен айтып шықты. Диссертациясын қарап, несінің дұрыс, несінің бұрыс екендігін таразылап беруді, алматылықтар неліктен әлі екі жылдық жұмыс керек деп отырғанын айқындауға көмектесуді өтінді.

- Жарайды, – деді ғұлама ғалым. – Диссертациялық еңбегінді оқып шығайын. Бірақ өзіңнен де жан-жақты емтихан алып, біліміңді әбден байқайтынымды айтайын. Он күн осында боласың, ойларыңды жинақта, кітапханада отыр, бәрін дәлелдеп көргін. Ал, дәлелдей алмай қалсаң, диссертацияңнан шикілік байқап қалсам өз обалың өзіңе. Ризасың ба осыған?

- Ризамын, рахмет! – деді қазақстандық кіші қызметкер. Обалы нешік, Борис Власов уақытын аямай, шындықты жасырмағанына рахмет! Оразалы 10 күн бойы Ленин атындағы кітапханадан шықпады. Еңбегіне байланысты бұрыннан белгілі басылымдарды терең оқыды. Бәрі-бәрі дұрыс сияқты. Бұның жазған тақырыбына байланысты әлі дүние көп емес, тың жатқан нәрселер жетіп, артылады. Мұнда кәсіпорындар ерекшеліктеріне сәйкес, жөндеу жұмыстарының экономикалық тиімділігін арттыру жайында өзі ашқан жаңалықтары, жасаған батыл-батыл қорытындылары да баршылық екен. Диссертациялық еңбегін жатқа біледі десе де болғандай. Бірақ, Власовтай ғұламаның алдында кібіртіктеу өзіне ғана емес, үміт күтетін еліне, бүкіл жастарына сын секілді. Сондықтан да ұятқа қалмау керек, намысты қолдан бермеген абзал. Власов Оразалы арқылы бүкіл Қазақстанның жас ғалымдарына баға береді емес пе?!

- Диссертацияңды қарап, оқып шықтым, – деді ғұлама бұған айрықша ықылас қоя қарап. – Ешқандай ескертпем жоқ десем де болады. Ал, қадала шұқшиып оқитын болсақ, әрине кез-келген еңбектен олқылық табылмай қалмас. Қысқасын айтқанда, тың тақырыпқа қатты тер төккен екенсіз. Тоқсан бес пайыз дайын екендігін айтып, Әшімбаев жолдасқа хат жолдаймын. Енді емтихан алуға кірісейік, әзірмісіз?

Власов үш сағат бойы сұрақ жаудырып, сауалға қамады. Тердің бұршақтағаны-ай сондағы. Аллаға шүкір, Қазақстаннан келген кіші ғылыми қызметкер бұл емтиханнан абыроймен өте білді. Экономика институтының директоры Т.Ә. Әшімбаевқа арнап хат жазылды: “Диссертациялық еңбек шамамен 95 пайызға дайын, кейбір ұсақ-түйек кемшіліктерді жойып, бір-екі ай көлемінде қорғап шығуға әбден болады” делінген еді аталмыш хатта. Алайда, ғылыми еңбекті қорғау мерзімі созылып кете барды. Тіпті академик Сақтаған Бәйішевтің өзі диссертацияға назар аударып, оны докторлық кеңесте қорғауды ұсынды. Амал қанша, кедергілер күшейіп, кандидаттықты қорғау мерзімі тағы да бір жарым жылға кешеуілдеді.

1978 жылы Экономика ғылымының кандидаты атанған Оразалы жаңаша құлшыныспен жұмыс істей бастаған. Алайда Орекеңнің ғылымдағы жолы осыдан соң мүлде ашыла жөнелді деуге тағы да болмайды.

Бұл неге осы саладағы ең жас ғалым болады деген күңкіл-сүңкіл басылмай-ақ қойды. Сол жылы Оразалы Сәбденов Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ұсынылды. Ол кезде Қазақстан бойынша Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанған тек Олжас Сүлейменов қана еді ғой. 1979 жылы Оразалының еңбегі туралы “Комсомольская правда” тамсана жазды. Оразалы іріктеудің екі турынан өткен екен. Кейін анықталғанындай Грузия мен Арменияның

кандидатураларының бірнешеуі біріктіріле өтіп кеткен де, қазақстандық жас талант ысырылып қалып қойған екен. Сыйлықтан сырылып қалған жас ғалымды бәрібір Мәскеуге шақырып ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасын тапсырды. Келесі 1980 жылы аталған сыйлыққа тағы да ұсынбақшы болады, бірақ бұл жолы Оразалының өзі ыңғай бере қоймады. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің хатшысы Ақмарал Арыстанбекова шақырып, қабылдады, ашық әңгіме болды. Оразалы Одақтық сыйлыққа ұсыналық деген пікірге мүлде қарсы болды. Кейіннен республикалық сыйлық берілді.

Оразалы Сәбденов қоғамдық ғылымдар саласында Қазақстан комсомолы сыйлығының тұңғыш лауреаты атанды.

Жалпы, Оразалы көп жағдайда “тұңғыш” сөзі қолданылады. Аталмыш салада диссертация қорғаған тұңғыш ғалым. Ең тұңғыш жас ғалым. Тұңғыш лауреат. Сол кездегі ең жас экономика ғылымының докторы. Бірнеше академияға бірдей академик болған жас жағынан ең жас ғалым, тұңғыш қатарынан 4 рет парламент депутаты атанған халық қалаулысы.

Әрине, ол кездерде аса жас ғалымдарға бірден суырылып шығып, ғылым докторы болу қиынның қиыны еді. Қалыптасып, қатып-семіп қалған “қағидалардан” аттап өтуге болмайтын, “ақсақалдық салт дәстүрлер” көп-көп кедергілер туындата беретін. Самайың ағарып, сақалың сарғаймаса, “ақсақалдар” қатарына қосылмасаң, доктор, профессор атанудың ешқандай жөні де, жосығы да жоқ сияқты-тұғын.

Тағы да бөгеттер... Қасаң тартқан “қағидалар”...

“Жап-жас болып алып, неге оза шауып кетпекші?” – деген пендешілік пиғылдар...

Тағы да кедергілерді жеңіп шығу жолындағы бітпейтін күрес...

Докторлық диссертация дайын, өндіріс пен байланыс

нығайған. Аяқтан шалып, кері тартушылардан жүйкесі жұқарған Оразалы елге барып, бірер күн демалып қайтатын. Ауылдағы аз уақыт бойына күш-жігер құйғандай болды. Ұрзада ананың мейірімді құшағы Кенжекүл апаның мейірбан шуағындай сезілді. Ерекеңе өзінің ойын, мақсатын тұспалдап жеткізді. Тағы да Мәскеуге ұзағырақ уақытқа бармақ екендігін, докторантурадан кететіндігін баян етті. Ерекең онсыз да сезеді, түсінеді бәрін. Тіпті, Оразалы Сәбденов түрлі-түрлі халықаралық, бүкілодақтық, аймақтық конференцияларға, симпозиумдарға қатысып, баяндама жасаған сайын, ондай-ондай кедергілер мен шалуларыңыз көбеймесе, азайған емес.

Алматыға қайтарда Ерекең ұлына қысқа ғана әңгіме айтты. “Жігіттің қандай жігіт екендігін дұшпандарының мықтылығына қарап та бағалайды”, – деген сөздің де бар екендігін ескертті. Бірақ, қалай болғанда да мақсат жолында ұсақ-түйектікке, пендешілікке көп бой алдырмау керек. Күншілдік, көре алмастық менен асып кетпесе деушілік кездеспей тұрмақшы емес, бәрі-бәрі жолда қалып кетеді, биіктік пен тереңдік пәлі кемелдік мәңгі жасайды, елге, ғылымға сіңірген ешқандай еңбек еш кетпекші емес.

“Атадан жақсы ұл туса, Елінің туы болады. Атадан жаман ұл туса, Көшінің ең соңы болады”, – деді Ерекең.

Одан соң тағы да тамағын кенеп, Түрікбасы әулиенің биігіне қарап қойып, баласының назарын да сол жаққа аударып алып: “Мәскеуге барам деген ниетің құп аларлық, тек тірескен толып жатқан бөгет пен асырлық жасау жоқ болар, тек саяси кедергінің өзі шаршатпаса болғаны-дағы, – деп күрсінгенді дархан жүректі әкесі, – Ауылға, мына бізге ешқандай алаң болмағын, біз берер көмек осы”, – деп жігерлі үнмен.

КСРО Ғылым академиясы экономика институтының қабырғасында аға ғылыми қызметкер болып, терең-терең

ізденістерге ден қойған айлары мен жылдары да көз алдында аяғын сылти басып, күлімсірей ойланып кетіп бара жататын әкесі тұратын.

1985 жылдың сәуірінен басталған қайта құрудың алғашқы екпіні қайбір салаға болсын тәп-тәуір өзгерістер әкелгені мәлім ғой. Қасаңдап қатып семген қажетсіз қағидалардың біразы қақырап сөгіле бастаған. Сол кездері балама кандидатура, балама ұсыныс, балама түрде сайлау секілді ұғымдар өмірге келіп, оның да әжептеуір пайдасы тиіп жатты.

Сол балама сайлау дегеннің арқасында Қазақ Ғылым Академиясының аға ғылыми қызметкері Оразалы Сәбденов партия ұйымының хатшысы болып сайланды. Партия шіркініңіздің дәуірлеп тұрған шағында мұндай-мұндай орынға Сәбденовтердің қол жеткізе қоюы да онша оңай шаруа емес-ті. Сол баламалықтың нәтижесінде Оразалыға Мәскеу стажировкасынан өтуіне жол ашылып, мүмкіндік туды. Атақты Леонид Иванович Абалкин, ол кездері КСРО Ғылым Академиясы экономика институтының директоры еді. Кейіннен ол кісі КСРО министрлер кеңесі төрағасының орынбасары болды. Академик Абалкинмен кездесіп, сөйлескені, ақыл кеңес тыңдағаны қандай әсерлендірді десеңізші.

КСРО ғылым академиясы экономика институтында, яғни Мәскеуде қайтадан аға ғылыми қызметкер болып жүріп, докторлық диссертациясын аяқтады. “Тиімді жөндеу өндірісін басқарудың экономикалық проблемалары” деген тақырып баршаның назарын аударды. Бұл өзі онша зерттеле қоймаған бағыт еді, әрі КСРО жағдайында экономикалық тиімділікке жету де аса маңызды, қайнар көзі болатын. Сәбденовтің қарапайым, салмақты, интеллектік деңгейі мен ішкі мәдениеті ұнасымды үйлесім тапқан, аса кішіпейіл, бірақ сәті келгенде нақтылы пікірін тап-тұйнақтай, дәлелді де дәйекті түрде жеткізе білетін жас ғалымды Мәскеудегі

экономика институтының адамдары да бағалап, мойындап, айрықшалау назар аударатын болған. Симпозиумдар мен конференцияларда елең еткізерліктей баяндамаларымен таныған талант иесін кейбір шетел экономистері де іздесіп-сұраса бастаған еді.

Абалкиннің атақты институтында Оразалы Сәбденовтың докторлық диссертациясы алдын-ала талқыланатын болды. Спортшыға тән шыдамдылық, төзімділік әрқашан көмектесетіні белгілі. “Сап-сап көңілім, сап көңілім”, – дегенді іштей қайталап өзі оқыған Абай атындағы қазақ орта мектептің бейнелерін, әсері ешқашан бәсеңдемес сырлы суреттерін көз алдынан өткізіп, Ұрбұлақтың мөлдіреген бұлағындай, Балықтының қайнар бастауындай мұздай сумен жуынып алып, экономика институтының ғылыми-техникалық прогресс бөліміне де келді-ау сол күні.

Асыға күткен талқылау да басталып кетті. Диссертация қорғағаннан бетер қатаң талқылау ұзаққа созылған. Әу бастағы жүрек толқынысы басылып, өзі де өзгелермен пікірталасқа қызу араласып кете барды. Комиссия мүшелері небір қиын сұрақтарды қардай боратып, айыз қандыраарлықтай айқын да дәлелді жауаптар алып, рахаттанып отырды. Талқылаудың қорытындысы былай болды: Оразалы Сәбденовтың “Тиімді жөндеу өндірісін басқарудың экономикалық проблемалары” атты диссертациясы докторлық дәрежеге әбден лайықты. Автор жан-жақты ізденген, еңбегінде тың жаңалықта өте көп. Докторлық диссертацияны қорғау мерзімі 1987 жылдың ақпан айы деп белгіленсін. Ұсыныс беруші – КСРО Ғылым академиясы экономика институтының ғылыми-техникалық прогресс бөлімі. Олар, Советтер Одағына, шетелге белгілі ғалымдар: Д. Палтерович, М. Шухгалтер, Л. Хейнман, Р. Акбердин, А.Красовский, А. Немичинский және тағы басқалар. Ұсыныс та, кепілдемелер де беріліп, пікірлер де жазылды.

Оразалы үлкен шабыт үстінде рефератын әзірлей бастаған. Кенет, сол кезде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы басталып та кетті. Не болып, не қойғанын ешкім анық білмесе де, Алматы жақтан әркілы хабарлар келіп жатса да, әйтеуір бір дүрбелеңнің басталғаны айқын еді. Тап сол күндері Мәскеуде жүрген қазақтар Желтоқсан көтерілісі жайында анық ештеңе біле алмады. Тіпті он күн бойы Алматымен, күллі Қазақстанмен телефон байланысы әдейі үзілгенді. Сол он күн өткеннен соң телефонмен сәл-сәл сөйлесудің мүмкіндігі туды. Газеттер де бірдемелерді бықсытып жаза бастады. Ең таңданарлығы, Мәскеуде оқып жатқан, жұмыс істеп жүрген қазақтарға көзқарас бірден-ақ өзгеріп сала берді. “Қазақ” деген сөз мүлде басқаша мәнге ауысты... “Қазақстан” дегенге бөтен бір мағыналар қосылып айтыла бастады. Әрине асқан ризашылықпен, үлкен құрметпен айтатындар да, қазақ атаулыға алғыс сезімін білдіргісі келетіндер де аз емес еді. Сөйтіп жүргенде бір ай өтіп те кетті. Оразалы да сол Желтоқсан оқиғасынан кейін қалыптасқан қоғам өміріне деген өз көзқарасының біртіндеп өзгеріп келе жатқанын сезінді. Сонымен, докторлық диссертациясын қорғайтын ай да келіп жетті. Ғылыми еңбек дайын болатын. Ғылыми хатшыға баян етіп, қорғайтын күнді анықтау мәселесін қойды.

- Сіз, қадірменді Оразалы Сәбденов, кешіріңіз енді, – деді хатшы сәл мүләйтім, сәл сазарыңқы күйде.

- Не болып қалды? – деп Оразалы аң-таң.

- Ештеңе де болған жоқ, қымбатты Оразалы Сәбденович, ештеңе де. Дегенмен, сіз өз еліңізге барып қорғайтын шығарсыз енді...

- КСРО менің өз елім емес пе еді? Не айтпақшысыз сонда?

- Қазақстанға деген көзқарастың мүлде өзгергенін білмегендей бұл неңіз? Бәрібір, қорғатпайды, қайта түсінгеніңіз жөн. Мен айтарымды айттым...

Сөйтіп, Желтоқсан оқиғасына байланысты диссертация қорғалмай қалды. Бәрін арқалап Алматыға оралды Оразалы.

Әлбетте, Мәскеудегідей, Алматыда саяси жағынан бөгет болмағанымен, қитұрқылық қылықтар мен былықтар тағы да шықты алдынан. Тағы да аяқтан шалушылық пен күндеушілік.

Осындай-осындай арамза пиғылды іштей кісінушілердің кесірінен дап-дайын еңбекті қорғау тағы да біржарым жыл уақытқа кешіктірілді.

Бәрібір, күрескер, қайсар қасиетін жоғалтпай, қайта шыңдай, шыныға түскен Оразалы 1989 жылы ғылыми еңбегін абыроймен қорғап шығып, экономика ғылымының докторы атанды.

Қырық бір жасында осындай атаққа ие болған тұңғыш ғалым, тұңғыш жас ғалым атанды. Ол уақытта Қазақстанда ғылым докторларының орта жасы 60 жастан асатын. Бір жағынан Академиялық Консерватизм күшті болса, екінші жағынан сапаға үлкен мән беруші еді. Ал қазір болса таяқ лақтырсаң ғылым кандидатына, Ғылым докторына тиетін болды. Әсіресе соңғы кезде Үкімет мүшелерінің 90% астамы, әкімдердің көпшілігі өз еңбегімен емес, ақшаның немесе “мықты қамқоршы” арқасында ғылым докторы болып алған. Бәрінің бағасы белгіленген. Сыбайлас жемқорлық ең таза, нәзік ғылымға да келіп жетті.

ХАЛЫҚ СЕНІМІ, ТУҒАН ЖЕР КИЕСІ

Әркімнің өз бұлағы бар шығар. Алатау мен Қаратаудың қол ұстасып, төс түйістірер тұсындағы ғажайып сұлу өлкеде туып өскен Оразалы үшін Балықты бұлақ қайнарларының, Арыс пен Құлан өзендерінің қиылысып қосылар жерінің орны мүлде бөлекше. Түсінде жиі-жиі көретіні де сол Балықтының бұлақ-бастаулары, Ұрбұлақтың тұнық сулары, Арыс пен Құлан құшақтасар маңайдағы майда-мөлдір қайнарлар. Қазақтың қай жеріне, қандай бір түкпіріне барсадағы, жанына жақын, әрбір сүйем жері, әр уыс топырағы қасиетті, киелі деп тебіренеді.

Соңғы кездері түсіне тағы да Ұрбұлақ атты кішкентай ғана ауыл жиі-жиі кіріп жүр. Ондайда Жанатқа ескертіп, Кенжекүл апа мен Сәбден атаға, жалпы ата-баба аруағына арнап шелпек пісіріп, түтін түтететін, құран бағыштататын.

Уақыт мүлде өзгеше жылжып, небір күтпеген өзгерістер мен құбылыстар жүріп жатты. Партия ұжымының жиналыстары да бұрынғыдан әлде қайда басқашалау, қызықтылау өте бастады. “Сын мен өзара сын” бұрынғыдай сөз жүзінде емес, нағыз іс жүзінде өріс алып кете баратын болып жүр.

Компартия жайында бұрын болмаған әлдебір “әуендер” естіліп, өкпе тұсынан өтпек желдің есе бастағаны да айқын еді. Партия ұйымының хатшысы ретінде Оразалы көп құбылыстардың әсерін тереңірек сезініп, алда көп өзгерістер боларын алдын-ала білгенді.

Сөйтіп жүргенде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне депутаттар сайлау науқаны келіп жетті. Оразалының ойында ештеңе жоқ, партия ұйымының хатшысы ретінде сайлауға белсене қатысып, ойдағыдай үлес қосуы

тиіс. Әрине, бұл сайлаудың бұрынғылардан жөні бөлектеу, басқашалау өтетіні белгілі еді. Күндердің бір күнінде партия ұйымының хатшысын институт директоры республикаға белгілі экономист, ғалым академик Түймебай Әшімбаев шақырды. Күнделікті, жайшылықтағы шақырыстардан бөлектеу екені білініп тұрды. Оразалы көп күттірместен, үлкен кісінің есігін ашып, рұқсат сұрады. Директор орнынан тұрып, ықыласпен қолын беріп жатыр.

Алғашқыда оны-мұны әңгімелер айтып, біраз жағдаяттар жөнінде ақылдасып отырды. Бірақ, басты әңгіменің басқа екендігі сезіліп тұрды. Түймекең тамағын кенеп қойып:

- Сайлау мәселесіне жан-жақты араласып, ұйымдастыратын да, әсер ететін де партия ұйымының хатшысы ретінде де танылып бұрынғыдан бетер беделді, басалқалы азамат ретінде бағаланып жүрсің. Біздің академияға бөлінген орын бесеу ғой? Сол бесеудің біріне мені өзің ұсынсаң деп ойлап отырмын. Жасымыз болса да келді, еңбегімізді ел-жұрт біледі. Депутаттықтың мән-мәнісі барған сайын салмақтырақ тартып өзгешеленіп бара жатқанын жұрт сезе бастады. Анау Абалкин, Собчактарды көрдіңдер ме, қандай? Бізден де сол Абалкин, Собчак сияқтылар шығуы, өзіне тән сөзін айтуы керек емес пе?

- Әрине, әрине, – деп қостады Оразалы. – Айтуы керек айтатындай, сөзі ісіне лайық адамдар ұсынылып, сайлануы керек.

- Қарсылығың болмаса, сөйткін Оразалы, небір қасқалар мен жайсаңдарымыз жоқ емес. Ұсыныс көп болады. Ал, парторгтың ұсынысы өзгелерден салмақтырақ әсер ететіні түсінікті емес пе?

- Әрине, әрине, – деді Оразалы ойында ештеңе жоқ күйде, кейде тым аңғал-аңқау, бала мінезді болып кететінін кешірек аңғарып.

Иә, сол сайлауға бұлардан бес кандидатура ұсынылуы қажет еді. Жиналыс басталды. “Ә” дегеннен-ақ қызу басталғаны әлі күнге дейін жұртшылықтың есінде қалыпты. Осы күнге дейін академия адамдары айналып соғып, жиі-жиі еске ала береді сол жиналысты. Міне, сол жиналыс жүріп жатыр. Бірінші ұсынылған академик Аманжол Қошанов болды. “Біреу” академик, хатшы Рамазан Сүлейменовты ұсынды. Келесі бір ғылым докторы Көпжасар Нәрібаевтың атын атады. Оразалы уәде бойынша профессор Түймебай Әшімбаевты ұсынды. Бесінші-алтыншы болып Оразгелді Баймұратов пен Сағындық Сатыбалдин ұсынылды. Көбі академик, бәрі де доктор, бәрі де ірі-ірі лауазым иелері, айтулы атақты тұлғалар, ғалымдар...

Бір кезде Ұлы Отан соғысының ардагері, аға ғылыми қызметкер А. Зәкүмбаев орнынан тұрды. Бұл кісі қанқұйлы соғысқа бастан-аяқ, ең алғашқы түнінен ең соңғы күніне дейін қатысса да бір жеріне оқ тимеген, жараланбаған, айрықша адам еді өзі. Сол жиналыста А. Зәкүмбаев сөз алып, біреуді ұсына қояды деп ешкім ойлай қоймаған шығар сірә, жұрттың бәрі аңтарылып, таңдана бұрылған.

- Байқап отырсам бүгін де өңшең ірі басшылар, бұрыннан келе жатқан бастықтар ұсынылып жатыр, бәрі сол бұрынғыдай болып барады, – деп бастады Зәкүмбаев. – Мен өз басым мұндай ұсыныстарға онша қосылғым жоқ. Ұсынылған кандидатураларға пәлендей қарсы да емеспін... Лайықты кісілер ғой. Алайда, мен жалпы осы жиналыстың әуеніне қарсымын. Әуеніміз әлдеқашан өзгеруі тиіс емес пе еді?

Қысқасы, мен жастар жағынан орын бергенді, жол бергенді айтқым келіп тұр. Мен аға ғылыми қызметкерлер арасынан жас талантты ғалым Оразалы Сәбденовті ұсынамын.

Бүкіл академиялық конференция екі күнге созылып кетті. Академияға бөлінген бес орынға отыз тоғыз адам

ұсынылып, жасырын дауысқа түсті. Алғашқы күні Оразалы 122 дауыспен оныншы орында болған еді. Ертеңіне дауыс беру қайта жалғасты.

Үміткерлердің аттары алфавит бойынша аталып, дауыстар саны айтылып тұр. Екінші, екі ай ел аралап, программаларымен таныстырып шыққаннан кейін, соңғы қорытынды мына төмендегідей болып шықты

А. Абдуллин – 1 орын

С. Зиманов – 2 орын

О. Сабденов – 3 орын

М. Қозыбаев – 4 орын

Ш. Есенов – 5 орын

- Алыптардың ортасынан ойып тұрып, үшінші орын алғанын қара.

- Сонда бұл қалайша бүйтті?!

- Ай, өзі жақсы жігіт қой?!

- Міне, шындықтың бар екендігіне өстіп көзің жеткенде өмір сүргің келеді, – деді көп ғалымдар.

Осылайша Оразалы сайлау науқанына қызу араласты да кетті. Алда екі айлық кезең күтіп тұрды. Үміт пен күдік алма-кезек араласқан, нешеме түрлі ойындар үдеген, қызығы мен шыжығы жетіп-артылар науқан еді ол. Күресті де, айқасты да, алысты да. Жұртшылықтың, сайлаушылардың көзін жеткізді, көңілдерін сендірді. Дәлелдей білді. Ешқандай қулық пен сұмдықтарға, құйтырқы қылықтарға бармады, баяғы Ерекең үлгісімен, Тұрсынбек аға өнегесімен, аяулы апасы Кенжекүл ананың, Сәбден атаның, ылғи да ақыл-кеңес аямайтын Оразбек ағаның үрдісімен парасатты пайымдаудан басалқалы мінезінен танбады.

Сонымен, Оразалы Сәбденов 1990 жылы он екінші сайлаған Жоғарғы Кеңес депутаты болып сайланды. Әрине, бұл Жоғарғы Кеңес құрамындағы білгір де, жас ғалымдар жоғары бағаланады.

1990-1994 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі ғылым мен білімді дамыту мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы Жоғарғы Кеңес Төралқасының мүшесі болды.

Оразалы Сәбденовтің ғылым мен білімді дамыту мәселелері жөніндегі комитет төрағасы болған жылдардағы атқарған ісі, сіңірген еңбегі, сол кездерде қабылданған заңдар баршаға белгілі. Сол жылдары ғалымдар да, білім саласының қызметкерлері де, әсіресе қалың елдің ішіндегі мұғалімдер, сондай-ақ, студенттер қауымы депутат, комитет төрағасы, Президиум мүшесі – Оразалы Сәбденовтің сіңірген еңбегі, үнемі күрес үстінде болғаны жайында жақсы біледі. Теледидар мен баспа беттерінен осы бір орта бойлы, тынымсыз ой үстінде отыратын іс-үстінде жүретін, пікірін дәлелдей білетін жанды жан-жақты танып білді... Депутат, комитет төрағасы Оразалы Сәбденовтің басшылығымен, жетекшілігімен “Білім туралы”, “Жоғары білім туралы”, “Ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы”, патент заңы, сондай-ақ, тағы да бір қатар ел халқына қызмет ететін актуальді, нарықтық экономика заңдарының блогы өмірге келді.

1995 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі орнынан түспестен әлдеқайда көп уақыт бұрын академик, депутат – Оразалы Сәбденов Үлкен мәселелер көтерген еді. Үкіметтің бағдарламасында кемшіліктің шаш-етектен екендігін, ойға алған істі орындау жағының мүлде ұмыт қала беретінін, өнім өндірушілерге басымдық берілмейінше, жағдайымыздың ешқашан жақсармайтынын, ауыл шаруашылығына шынайы бетбұрыс қажеттігін “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” тағы да басқа республикалық басылымдарда ашық айтып, экономист ғалым ретінде де дәлелдеп, қоғам қайраткері, халық қалаулысы ретінде тиісті буындардың назарын аударуға әрекеттенеді.

Экономикалық дағдарыстың хал-жағдайын ашық жазып айтып, дағдарысты жағдайдың себептерін атап-атап, түстеп-түстеп бергені белгілі. Өндірістің құлдырауы, кәсіпорындардың жұмыс істемеуі, өзара төлем төлемеудің салдары, тұтыну бағасының индексі, тағысын-тағыларды талдап, цифрлар мен фактілерді, дәлелдерді келтіреді.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі өз мәлімдемесінде Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық бағытына сенімсіздік білдірді. Оразалы Сәбденовтің айтуынша “экономиканың мұншалықты мүсәпір күйге түсуіне басты себеп Үкіметтің жасаған үш бірдей бағдарламасында кеткен кемшіліктер ғана емес, соларды жүзеге асыруда жүйелілік пен кешенділіктің болмауында. Реформалар бағдарламасы қабылданды, негізгі бағдарлар айқындалды, алайда Үкімет одан арғы жағына бармай, орындау тетігін қолдан шығарып алды. Нақтылы іс-әрекет болмады. Түйінді оқиғалардың алдын-ала білудің орнына күнделікті күйбең, науқаншылдық болып кетті. “Жыртықты жамаудан” артыла алмай қала берді. 1994 жылдың орта тұсында экономикалық дағдарыстан шығу және экономикалық реформаларды жеделдету жөніндегі (орта жеделдіктегі перспективаға арналған) Үкіметтің кезектен тыс қимыл бағдарламасы қабылданды. Онда бүгінгі экономикалық дағдарысқа тап болуымыздың себебі тек қана Одақтың ыдырауына байланысты деп түсіндіріледі. Үкімет өзінің бұған дейінгі қызмет барысында жіберілген қателіктер мен олқылықтардың осы дағдарысқа себеп болып жатқандығын мойындай қоймайды”, – деп жазды Оразалы Сәбденов.

Осылайша, Жоғарғы Кеңестің шешімімен үкіметтік бағдарлама жөніндегі келісім комиссиясы құрылды, ол бірқатар елеулі ескертпелер мен ұсыныстар әзірледі. “Бағдарламаның өн бойында құрғақ сөз көп болды”, – дейді Орекең. – Маңызды деген бір қатар мәселені Үкімет тек қана

“механизм құру көзделеді”, “кезек күттірмейтін шаралар көзделеді”, “жасалатын, болады”, “нақтылау қажет” дегендей жалпылама сөздермен айналып өтеді. Бағдарламаның елеулі кемшілігі де осындай-осындай бұлдырлығында, шақтылықтың жоқтығында, негізгі аралық пен түпкі параметрлер бойынша есептеулердің жоқтығында.

Ғалым депутат “Тығырық” атты еңбегінде бәрін-бәрін жеткілікті және дәлелді түрде басынан аяғына дейін моншақтай тізіп шыққан-ақ. Өттең...

Бұл еңбекте инфляция деңгейі мен өндірістің құлдырау деңгейіне салыстырмалы талдау жасалған. Оны тұрақтандыру, тұрмыс деңгейі мен оны көтеру жолдары, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер жайына талдау-таразылау жасала отырып, нақтылы ұсыныстар айтылады. Сыртқы сауда, мемлекеттік монополия, меншік иесі, ұлттық банктер мен коммерциялық банктер ара қатынасы, оларды жедел реформалау жолдары, несиені бөлу мен қаржы дотациясын беру жүйесі, банкроттық пен санация және мемлекет арасы, конкуренттілік жағдаяттары туралы Оразалы Сәбденовтің ойлары мен пікірлері ерекше назар аударады.

“Республика экономикасы өте қиын жағдайда тұр”, – деп жазады Оразалы Сәбденов. – Әр күн өткен сайын жаңа проблемалар қосылып жатыр. Мұндай тенденция экономиканы тұрақтандыру мәселесін барған сайын қиындата түседі. Содықтан да біз іс-қимыл стратегиясына ғана емес, сондай-ақ, тактикасына да елеулі түзетулер енгізуіміз қажет. Мұны қазіргі уақыттың өзі талап етіп отыр. Мемлекет тарапынан жаңа экономикалық құрылымдар құру, кәсіпкерлік қызметтің барлық түрін кеңінен өрістету бағытында батыл іс әрекет қажет... Былайша айтқанда, көптеген заң актілері бар, тек соның орындалуын қамтамасыз етуіміз керек”.

1994 жылы республикалық “Білім” баспасынан академик Оразалы Сәбденовтің “Наука. Образование. Рыночная экономика” деген кітабы шықты. Бұл кітап ғылыми жұртшылықтың ғана емес ғылым, білім және экономика саласындағы түрлі қауымдардың ғана емес банкирлердің, бизнесмендердің, студенттер мен жалпы көпшіліктің назарын айрықша аударғаны мәлім. Бұл кітапта ғылымды, білімді дамытудағы негізгі бағыттар және бұл орайдағы мемлекеттік саясат, шет елдердің тәжірибелері, заңдық тұрғыдағы жағдаяттар мен жоғарыда аталған күллі салалардың келешек көкжиектері тұңғыш рет, иә-иә біздің елімізде алғашқы рет кешенді түрде және жан-жақты қарастырылған.

Аталған кітаптардың тараулары былай аталады:

1 тарау. Жаңа жағдайда ғылымның дамуы.

2 тарау. Білім беру жүйесінің реформасы.

3 тарау. Республикадағы нарықтық қатынастарды дамыту.

Міне, тараулардың аты айтып тұрғандай-ақ, кітаптың қаншалықты мән-маңызы бар екендігі айқын аңғарылады.

Оразалы Сәбденовтің он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңеске депутат болуы да өз алдына бір хикая десек, артық айтқандыққа жатпас. Бұл жолы ол Алматы қаласындағы ең күрделі, ең қиын сайлау округінен дауысқа түсті. Атақты жазушы Щеглихин және белгілі бизнесмен, қай жағынан алып қарасаң да қайтпас-қайсар, іскер азаматтың бірі – Исабаев үшеуі жарысқа шыққаны аян. Кездесулер өте көп болды. Жазушымен де, бизнес иесімен де тайталасқа түсу, қала тұрғындарының көзін жеткізе дәлел айта білу, интеллектілік деңгей-дәрежені көрсете білу, әрине, онай емес еді. Бірақ, бұл мәселелер Оразалыны онша қинай қоймаған. Сонда да тағы кедергілер шықты. Сайлау округіндегі сол шақтағы саяси хал-ахуал қиын еді. Әсіресе, сайлаушылардың ұлттық құрамына байланысты әлдекімдердің саяси ұпай жинап қалғысы келгені жанын қатты қинады, жүрегін

ауыртты. Тіпті Исабаев жергілікті жұртшылықтың сол шақтағы көңіл-күй әуенін аулағысы келіп: “Мен орыс тілін мемлекеттік тіл деп жариялау жолында аянбай күресемін.”, – деп ашық мәлімдеді.

Бәрібір, Оразалы Сәбден қайтадан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Екінші рет. Бұл 1994 жыл еді. Аса күрделі сайлау округінен, аса күрделі шын қалаулысына айналған Оразалы Сәбден, сөйтіп, Астанадан – Алматы қаласынан сайланған депутаттардың бірі болды.

Бұл кезеңде Оразалы Сәбден Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі экономикалық реформа жөніндегі комитетінің төрағасы болды. Алуан түрлі, сан салалы қызметінің, толып жатқан тындырымды істерінің ең негізгісі ретінде оның “Қазақстан Республикасы жаңа экономикалық саясат тұжырымдамасын” түзу жөніндегі топтың жетекшісі әрі тікелей жасаушысы болғанын айрықша атап айтар едік.

Жаңа экономикалық саясат тұжырымдамасы – өз кезеңіндегі сүбелі де, сындарлы еңбек.

Жаңа экономикалық саясат тұжырымдамасы – Жоғарғы Кеңес жұмысын көрсететін, тарап кеткен Жоғарғы Кеңес не істеді дегенде ауыз толтырып айтар айғақты да, дәлелдәйек.

Иә, бұл өмірде, жетістік пен қиындықтың қатар жүретіні де бар. Оразалы елім, жерім үшін деп қаншама тер төксе де, экономикалық реформаға жаңа дем беріп, жан бітіруге бір кісідей-ақ ат салысқанмен, өкінішке орай, билік басындағылар Жоғарғы Кеңес тарағаннан соң, оның 10-ай жұмыссыз жүргенін қаперіне де ілмей, шарасыздық білдірді. Оразалы Сәбденнің азаматтық ғылыми потенциалын, заң шығарушы ең жоғарғы органның депутаты ретінде жинақтаған тәжірибесін тиімді пайдалануды да жөн болар деп санамады. Бірақ, ол жұмыссыз жүрген қиын кезеңде

ел өміріндегі шешуін таппай жатқан сан-қилы мәселелерді тынымсыз зерттеумен болып, еңбек үстінде жүрді.

Иә, он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес тарағаннан кейінгі қиын жағдайларды, күрделі ахуалды бастарынан кешіріңкірегендер ғана тереңірек түсінер. Ал, былайғы жәмиғатқа ең алдымен “қызық әңгіме” керек қой. Неше түрлі әңгімелерді қыздырып, неше алуан саққа жүгіртіп сырттан қарап баға беруге әбден бола беретін шығар-ау. Әрине, Жоғарғы Кеңестің тарап кетуін депутаттардың да әр қайсысы әр түрлі түсінді. Әр түрлі қабылдады Оразалыға да онша жеңіл тимеген болар, бірақ аса ауыр болды деп айта алмаймыз. Себебі, Оразалы Сәбден саясат ойындарына басынан тым әуес емес еді. Өзінің ғылымның құзар шыңына өрмелеген негізгі арнасын, басты мақсатын жақсы білетін және осы бағыт-бағдардан аса көп ауытқымауға тырысатын. Саясаттың құйтырқылық торына, алмағайып, аумалы-төкпелі ахуалдарына анау айтқандай берілмейтіні, парасаттық пайым белестерінен айнымауға ұмтылып бағатыны әрқашан жәрдемдесіп, жағдайдың қандай қиын кезеңдерінде де шамшырақ секілді жол нұсқап, мақсат биігіне шақырып тұратын.

Сайлаулар, басқа да саяси науқандар өтіп жатар, бір құрылым тарап, өзгелері жаңадан дүниеге келіп жатса да, ізгілік істер, ғылымның ғажайып арнасы өзінің толық қанды ағысынан жаңыла қоймасы анық. Себебі, бұларыңыз саясаттың лас ойындарына бой бермес, мезгілдік-мерзімдік емес, өмірдің өзі секілді мәңгілікке күштар, мақсаткерлікке ұмтылдырар құндылықтар ғой. Ал, Оразалы шынайы ғылым жолын әрқашан басты бағдаршам ете білген азамат. Жоғарғы Кеңестің депутаты, комитеттер төрағасы бола жүріп, ғылым мен білім беру ісінде, экономика саласында болашаққа батыл қадам жасаған, елдің ертеңіне жол тартқан ғұлама екендігін дәлелдеп берді. Академик Оразалы Сәбден

Қазақстан Республикасындағы нарықтық экономика теориясын, методологиясы мен практикасын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосқан ғалым. Өтпелі кезеңнің экономикалық саясат тұжырымдамасын жасауға жетекшілік еткен алғашқы халық қалаулыларының бірі, бірі емес-ау, нақ өзі. Оразалы Сәбден ел экономикасын дағдарыстан алып шығудың негізгі бағыттары және оларды жүзеге асырудың жолдарын зерттеп-зерделеп, саралап әрі нақтылай көрсете білген ірі экономист. Оның Қазақстан Республикасының ХХІ ғасыр қарсаңындағы басты назарда ұстайтын мәселелері жөніндегі ұсыныстары “Егемен Қазақстан” тағы басқа да басылымдарда, кітапшалары мен кітаптарында айқын айтылған.

Мәселен, “Ғылымды ұйымдастыру және ғылыми-техникалық прогреске басшылық” атты мақаласында аса өзекті мәселелерді қозғайды. Егеменді елді, тәуелсіз мемлекетті қалыптастырудағы, ғылымды ұйымдастыру мен ғылыми-техникалық прогреске басшылық жасау саласындағы принципті, жаңа міндеттерді саралай келе оларды Қазақстанның нақты тарихи жағдайларына қарай талдап-таразылайды және шешімін табудың ерекшеліктерін атап-атап көрсетеді. Алдымен, алғышарттарына тоқтала келіп, басым бағыттарды белгілеп береді. Ол бағыттар мыналарға саяды:

- республиканың ғылыми-техникалық мүмкіндіктеріне қажетті талдау жасау және оны дамытып отыру;
- халық шаруашылығының түрлі салаларында ғылыми-техникалық прогресті дамытуды алдын-ала болжап, оған ықпал етіп отыру;
- іргелі ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;
- мақсатты мемлекеттік техникаларды, бағдарламаларды қалыптастыру және оларды жүзеге асыруды ұйымдастыру;
- ғылыми техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін іске қосу;

- жоғары мамандығы бар ғылыми кадрларды даярлау және аттестациядан өткізіп отыру.

Ғалымымыз, міне осыларға тоқталып алып, ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастыру түбегейлі өзгерістерді талап ететіндігін баса атап көрсетеді. Ол үшін атқарылар міндеттерді де нақтылай түседі:

- ұлттық ғылыми орталықтардың қызметін одан әрі дамыту және үнемі жетілдіріп отыру;
- академиялық ғылымдарды реформалау;
- жоғарғы оқу орындарындағы ғылымның мүмкіндігін неғұрлым белсенді ете түсу;
- салалық мекемелердің, конструкторлық және технологиялық ұйымдардың жүйесін дамыту мен жетілдіре беру;
- әр түрлі аймақтардағы ғылыми мүмкіндіктерді арттыра түсіп, дамытып отыру.

Бұдан әрі ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру, жүзеге асыру белгілі бір жүйедегі негізде құрылып, мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік дамуының бірінші кезектегі міндеттерін қамтуы тиіс екендігі, сондай-ақ бұл ретте ғылыми-зерттеулерді жоспарлаудың, үйлестірудің және реттеп отырудың, олардың нәтижелерін тиімді пайдаланудың біртұтас жүйесін жасау қажеттілігі дәлелденді.

Қай кітабын, қандай бір мақаласын, парламент мінбері және сайлаушылармен кездесулердегі сөйлеген сөздерін алып қарасаңыз академиктің өз мінез-құлқы, күллі болмыс-бітімі, парасат-пайым тереңдігі, сөзі мен ісінің арасындағы тығыз бірлік көзге ұрып тұрады. “Тыңдар құлақтар табылса, тыңдайтын сөз айтылған-ақ екен ғой”, – деген қорытындыға келесіз.

Ғылым жолында қажырлылық, қайсарлық, табандылық таныта жүріп, Оразалы үшінші рет тағы да депутаттыққа сайлауға түспекке бел байлады. Себебі, алдына қойған мақсаттың ең-ең бастысы ел сенімін ақтауға ұмтылыс пен жер киесін ардақтай білуге арналған тырысу еді. Иә-иә,

біле білген адамға ел сенімі мен жер киесінен артық ұғым-түсінік бар дейсіз бе? Көз майын тауысып, ел игілігіне арнаған күндіз-түні еңбегін жалғастыра түспек керек. Оның көрініскіреп тұрған жолы, аңғарылып қалған арнасы, шешуін табатын орны кәдуілгі Парламент шығар деп түйді. Өзге, кейбір жұрт секілді, “портфельге” ұмтылған жоқ. Мансапты емес, мақсатты ойлады Орекең.

Білімді, білікті ғалым ретінде, беделге, ардақтауға, абыройға да бөленгені рас. Өзге ірі ғалымдармен, көрнекі қайраткерлермен Орекең хақында пікірлесіп, сыр тартар болсаңыз, олар айтады: “Оразалы Сәбденнің аса білгірлігі мен терең білімділігі саясаткерлігінен асып түсіп жатады...”

“Ой, ол Оразалы ма? Көбінесе саяси астарлы арпалысты ойындарға араласа бермейтін, адал да аңғал азамат емес пе?”

“Орекең бе, Орекең білімді және білікті ғалым ретінде саясат көкпарына қатыса алмады, беріле алмады. Ал, кейбір реттерде саналы түрде ондай-ондай ойындардан аулағырақ жүрді. Сонысының өзі ол кісінің адамдық қасиеттерін, азаматтық көзқарасы мен ұстанымын танытып жатыр емес пе? Әрине, жұрт секілді өршелене ұмтылғанда, ол сөзсіз белгілі бір биік мансапқа ие болар еді”.

“Ақиқатты айтамын деп, опық жеген кездері де жоқ емес оның. Оған онша өкінбейтін де секілді. Шындықты айтқан, шынайылықты жазған, ғылым жолын басты жол, айтулы арна деп білген Орекең озады түбі”.

Міне, көріп отырсыздар, Оразалы Сәбден туралы әріптестері осындай-осындай пікірлер айтады. Әлбетте пікірлердің кейбіреуі сәл-пәл артығырақ айтылар, базбір реттерде тым кемшіндеу де соғар. Ал, сайып келгенде, осынау пікірлердің Орекең бейнесін бедерлейтіні анық.

Сөйтіп, **Сәбден ақсақалдың, Кенжекүл апаның** еркесі болып өскен, **Ерекеңдей өз-әкенің** тәлімін ойына да,

бойына да өнеге етіп сіңіре білген, **Түркібасы-Майлыкент** аймағының тұнық-тұма бұлақтарының мөлдірлерінен сусынды ғана емес сезімталдықты да сіміре білген Оразалы қайтадан ел сеніміне ие болып, Парламент мәжілісіне депутаттыққа сайланбаққа ниет етті. Өзінің бағдарламасын белгіледі. Оның басты бағдарлары былай еді: Қоғамдық – саяси тұрғыда: тыныштық пен ұлтаралық келісім, өзара түсіністік пен шыдамдылықты сақтау. Тәртіпке жету үшін әрбіріміздің мәдениеттілігіміз бен тәрбиелілігіміз және үкіметтің қылмыспен, коррупциямен күресудегі аяусыз, батыл шаралары қажет. Әрбір адамның ойына, көзқарасына және әлеуметтік жағдайына қарамастан, бостандығы мен құқығын заңды түрде қамтамасыз ету.

Экономикалық тұрғыда: ең алдымен, экономикалық реформаның негізі ретінде өзіміздің тауар өндірушілерге (меншік түріне қарамастан) мемлекеттік қолдау көрсету.

Меншік қатынастарын қайта құруды жүйелі түрде дамыта отырып, жекешелендіруді әділ жүргізуге жету, әрбір аймақта өзіне тән тиімді құрылымдарды дамытуға және үйлестіруге көңіл бөлу. Аймақтық нарықтық экономика саясатын және аймақтық аграрлық саясатты жүргізу тетіктерін іске қосу. Оңтүстік Қазақстан аймақтық дамыту арнайы бағдарламасын жасап, шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдау. Тауар өндірушілерді қолдау және қорғау арқылы сыртқы экономикалық саясатты дамыту. Экономикалық сауда саласында экономикалық одақ құру арқылы көршілес мемлекеттердің шектес аудандарымен және аумақтарымен өзара тиімді қарым-қатынас жасауға, тауарлар алмасуға ерекше көңіл бөліп отыру.

Әлеуметтік тұрғыда: әлеуметтік-экономикалық нормативтерге негіздеу арқылы халықтың әл-ауқаты төмен бөлігіне (мүгедектерге, көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге, оқушылар мен студенттерге) көмектесу бағдарламасын

жасау. Қазақтың және басқа да ұлттар мен халықтардың ең озық және мәдени мұралары мен өнер-өсиеттерін, құндылықтарын анықтау және дамыту. Білім мен ғылымды, мәдениет пен өнерді, денсаулық сақтауды, адамдардың өмір сүру және еңбек ету орталарын қажетті деңгейде мемлекеттік тұрғыдан қолдауды қамтамасыз ету. Жастардың өмірдің нарықтық жаңа қырларын неғұрлым жылдамырақ танып білуіне, игеруіне жан-жақты жол көрсету және жәрдемдесу...

Сол сайлау 1995 жылдың 9 желтоқсан күні өтетін еді. Сайлаудан біраз бұрын Еңбек Ері, белгілі қайраткер ағамыз Асанбай Асқаров, академик Салық Зиманов, халық жазушысы Шерхан Мұртаза мен атақты ұшқыш-космонавт Тоқтар Әубәкіров бұдан бұрынғы сайлауда өзімен бәсекелес болған жазушы Иван Щеголихин, белгілі қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков сайлаушыларға Үндеу арнады. Онда Оразалы Сәбденнің азаматтық айқындамасы, мінез-құлқындағы әдептілік, моральдық және отансүйгіштік қасиеттері елге сіңіріп келе жатқан қыруар еңбегі, қоғам қайраткері ретіндегі бел-белестері, тынымсыз қызметі мен ғұламалығы және отбасындағы өнегесі, тағысын-тағылары жан-жақты айтылды.

Сайлауда Оразалы Сәбденнің кездесулері негізінен Шымкент шаһарында өткендіктен, мына бізде жұртшылық алдындағы сөзін тындағанбыз. Сонда Орекеннің сайлаушыларға айтқан жағдаяттарының кейбір жерлерін келтіре кетелікші: Ардақты ағайын! Қадірменді қауым!

Мынадай қиын-қыстау кезде Сіздердің алдарыңызға келгеніме қысылып, әрі қуанып тұрған жағдайым бар. Қысылатыным – ауылдың жағдайы ауыр, халықтың тұрмысы күн санап нашарлап барады. Қатал кезеңнің тегеурініне қарсы тұра алмадым. Жөн-жобасын бағдарлап едік, тындар құлақ болмады. Қиналатын себебім осыған саяды.

Қуанатыным – елім мен жерім үшін, халқым үшін шыбын жаным шырылдап тағы да күресуге мүмкіндік алдым. Екі рет Жоғары Кеңеске депутат, екі рет комитет төрағасы болғанда бастап, аяғына толық жеткізе алмаған істерімді, толып жатқан тосқауылдарға тап болған кедергілерге кездескен, орта жолда қалып қойған істерімді жалғастыруға тағы да мүмкіндік туып отыр. Бұған қарап, ойламағайсыздар, тек депутат болса ғана халыққа қызмет ете ме деп...? Ондай ұғым тумасын, ағайындар! Мен қайткенде де, кім болғанда да халқыма, осы елге қасиетті жерге қызмет етемін. Осы елдің еңсесі биік, жұлдызы жарық болса деп тілеп жүрген жанның бірімін. Халқым үшін жан пида, халқым барда ғана менің абыройым асқақ, мерейім үстем.

Күрмеулері көп, қиындығы жетіп-артылатын мәселелерді бүгінгіден әлдеқайда басқашарақ, неғұрлым дұрысырақ шешуге болатын ба еді? Әрине, болатын еді? Әттең, қолына билік тиген ағайындардың, кейбір шалағай шарлапандардың кесірінен түзетілуі ондаған жылдарға созылатын кемшіліктер кетті ғой. Бақылаудың жоқтығынан, жауапкершіліктің кемдігінен әлгі суық қолды сумақайлар мыңдап, миллиондап доллар тапты. Халықтың тапқаны тамағына жетпей, қатты қиналған шақта солар түйені түгімен жұтып мемлекеттің байлығын, халықтың игілігін талантаражға түсіріп, оңды солды шашты емес пе? – “Қайнайды қаның, ашиды жаның!” Мемлекеттің қалтасынан, халықтың маңдай терінен “несие” сімірген, байлық сапырған кімдер? Тонаушы алаяқтардың ең-ең ірілері білдірмейді де ұстатпайды да... Қайсы бірін айтайық, өздеріңіз де білесіздер көп нәрсені. Ел жұртымыз, қара орман халқымыз аман болсын, бірлесе күресейік бәріміз!”

Оразалының сөзі мен ісінде алшақтық бола қоймайтынын халқы біліп қалған екен. Сайлау кезінде жұртшылық оны анық та айқын танытты. Бұл сайлау барысында да қиындық

көп болды. Шындығын айту керек, Оразалы депутат болмауы керек, ол оппозицияда деген тапсырмалар да болды. Бірақ Оразалы олай емес екенін іс жүзінде дәлелдеді, ол ең бірінші елінің, халқының ұлы екенін, өзінің терең, нақты ойымен көрсетті. **Шындық жеңді.** Осылайша Орекең Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланып, халық сеніміне үшінші рет ие болды.

Халықтың осындай қилы кезеңді басынан өткеріп жатқан шағында, кімнің-кім екені бұрынғы кездегідей емес, анық та айқын, терең де түбегейлі танылып, білініп жатқанда, Орекеңе бір емес, екі емес, **үшінші рет** жоғары сенім, иманды иланым көрсетілуі, әрине, тегіннен-тегін емес болар.

Міне, содан бері Оразалы Сәбден бұрынғы ізгі істерін, азаматтық іздерін жалғастырып келеді. Баспасөзде де, басқа сөзде де өзінің шынайы, өзекжарды да өткір ой-пікірлерін ортаға салып, тек елімізде ғана емес, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында болсын, күллі дүние жүзінің неше алуан мемлекеттерінде болсын, ғұлама ғалымдығын, парасатты қайраткерлігін, білгір парламентшілігін танытып келеді. Кезінде академик Оразалы Сәбден – Білім беру жөніндегі Халықаралық Консорциум Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Парламенті Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комитеті қосымша комитетінің төрағасы, ТМД елдері Парламентаралық Ассамблеясының Мәдениет, ғылым, білім және ақпарат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы төрағасының орынбасары, ТМД-ның төрт мемлекеті Парламентаралық Комитетінің мүшесі болды.

Академик-депутат Оразалы Сәбденнің күні кеше ғана “Егеменді Қазақстан” газетінде тағы да бір өзекжарды өткір мақаласы жарық көрді. Оқып қарасаңыз, әлі ешкім айтпаған сөзді, келелі де кемел ойды, нақтылы пікірді,

лезде қолға алынуға тиісті проблемаларды байқайсыз. Мақала “Алматының болашағы ойлантанды” деп аталады. Мұнда Орекең Ұлы Жібек жолы дамуының тарихы біздің дәуірге дейінгі II ғасырдан бастау алатынын, Орталық Азия аумағы мен Еуропа, Византия және Арабия аралығындағы байланыстарды байыптап, бүгінгі күндегі Ұлы Жібек жолының мән-жайына тоқталады. Сөйтіп, Алматының болашағы жайына біржола назар аудара келе, небір нақышты ұсыныстарын ортаға салады.

Академик-депутаттың өзіне сөз берелікші:

“...Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев экономикалық реформалар ауыртпалығын аймақтарға ойыстыру жөнінде алға қойған міндет Алматы қаласы мен осы аттас облыс үшін ерекше көкейкесті сипат алып отыр. Экономикалық реформалардың және ел экономикасын өрге бастаудың табысты болу-болмауы нақ сонда шешілуге тиіс.

Жаңа Астана – Ақмола қаласының мәртебесі Президент Жарлығымен анықталды, ал Алматы қаласы мен облыстың мәртебесі әлі анықталған жоқ. Бұл туралы қоғамда түрлі қауесеттер айтылуда, сондықтан бұл мәселенің басын ашып алу керек.

...Алматы қаласына тағдыр Ұлы Жібек жолының орталығы болуды жазған, ол сондай орталыққа айналуға тиіс. Бұл үшін Алматыға еркін экономикалық аймақ мәртебесін, ал Қаскелең, Қапшағай, Талғар және Есік қалаларына Алматының құрылымына кіретін мамандандырылған, техникалық-экономикалық аймақтар мәртебесін беру қажет.

...Еркін экономикалық аймақтың тартымдылығын қамтамасыз ету үшін салық салудың жеңілдеу режимі белгіленіп, ол ең алдымен салықты көптеп жинауға емес, ол аймақты жедел дамытуға және ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталатын болуы керек.

Салық салу сатылы болуға тиіс: игерудің бірінші кезеңінде 7 пайыз, екінші кезеңінде – 15-20 пайыз болуға тиіс.

...Алматы қаласын дамытудың осы жолын баяндай отырып, Ұлы Жібек жолының болашақ ірі, мәдени, білім, ғылым, бизнес-іскерлік, қаржы, көлік орталығы ретінде оның мәртебесі туралы заңның тезірек қабылданғанын, онда кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту үшін барлық жағдайлардың көзделгенін қалар едік.

Ол Заң қаланың құқықтық мәртебесін баянды етуге тиіс...”

Міне, академик-депутат Оразалы Сәбденнің Алматы хақындағы ой-пікірлерінің, ұтымды ұсыныстарының кейбіреулері осындай. Елінің ертеңін байсалды да парасатты байыптаған, болашаққа беттеген елгезек, тынымсыз, терең тебіренетін азаматтың айқындаған арналары, түйіндеген қорытындылары қашан да дәлелді де дәйекті, нақтылы да нақышты. Іргелі тірлікке, ірі істерге негізделеді. Гибратты ғалымның екі бірдей үлкен-үлкен, сүбелі-сүбелі туындылары осы жылы “Қазақстан” баспасынан жарық көрмек. Академик Оразалы Сәбденнің “Экономическая политика переходного периода на рубеже XXI века” деп аталатын кітабы жиырма үш баспа табақ көлемінде, ал “XXI ғасырға қандай экономикамен кіреміз?” деген кітабы қазақ тілінде, он екі баспа табақ көлемінде жарық көрді. Тоқсан жетінші жылдың мамырында мыңдаған оқырмандар осындай аса маңызды, аса зәру, зерлі де зерделі еңбектермен, бүгінгі күннің және ертеңіміздің ең көкейкесті, нағыз түбегейлі мәселелері мен қиын түйінді проблемаларын кемел де келісті қозғап, оларды шешудің жедел де жемісті жолдарын саралап, талдап, таразылап беретін тамаша кітаптармен қауышты.

* * *

Оразалы Сәбден...

Ошан...

Құлантаудан қайнап шығатын Жыландыбұлақ бойындағы кішкентай ғана Жаңаталап ауылы...

Балықтыбұлақ бойындағы шағын ғана Ұрбұлақ ауылы...

Бастауыш мектеп...

Таулардан басталатын тұнық-тұма бастау бұлақтар, мөлдір қайнарлар өмірдің ұлы көшіне, ауылдан басталған кішкентай ғана сүлеусоқпақтар Академияларға барып ұласқан екен. Түкпірдегі титімдей ғана ауылда кіндік қаны тамып, титімдей ғана ауылда өскен бұл бала, ерке ұлан дүние жүзінің 60-тан астам ірі-ірі мемлекеттерінде болды. Ұлттық менталитетімізге сай, елдік ерекшеліктерімізді ескере отырып, ел болуға ұмтылсақ, ел болып қала алсақ деп, күні-түні халқы үшін қызмет ететін, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін, көз майын тауыса кітап жазатын Орекең – осы. Экономикалық реформаға, ғылым мен білімге, XXI ғасырға, сол жаңа ғасырда елге ие болар жастарға көзқарастарын терең тебіреністермен айтып та, жазып та келе жатқан Орекең – осы.

Сөйлескенде Орекең: “Мен ең керегі артымда жақсы, адал атымды еліме, балаларыма, немерелеріме қалдырсам.

“Кейін сенің әкең, атаң жақсы адам деген сөздерді естісем”, – дейді.

Орекең өз әңгімесінде Жапон халқын жиі сөз етеді. Себебі Жапон мемлекеті соғыстан кейін еш байлығы жоқ, тек айналасы теңіз, мұхит болса да алдына үлкен, озық болжамдар қойып, басымдылықты білімге, ғылымға, адамның интеллектуалдық болмысына беріп қазір ең өркениетті Мемлекеттердің қатарына дейін көтерілді. “Менің де арманым Қазақ халқы алдына осындай озық мәселелерді қойып, оны шешіп, көп ұзамай қиындықтан шығып, өркениетті, экономикасы дамыған Мемлекеттер қатарына қосылса екен”, – дейді Орекең.

Келешек үшін Орекең мынадай жақсы ұсыныс айтты: ”Үлкен табыс беретін мұнай, газ, түрлі-түсті металлдар, тағы басқа шикі заттарды сатқаннан түскен түсімнің бір белгілі процентін біздің балаларымыздың келешегі үшін салсақ. Сонда жастардың да еліне, халқына берері көп болар еді дейді Орекең.

Мінез-машығын қалыптастыруда, осыншама биік-биік белестерге көтерілуінде туып-өскен ортасы, көргенді де текті әулеттері, алтын ұясы білім, ғылым ордалары, ұлағатты ұстаздары, сондай-ақ, әрине, спорт дейтін ғажайып ғалам қаншалықты әсер еткенін аз-кем болса да айтыңқыраған секілдіміз.

Серт пен сенім. Адам алдына мақсат қоя отырып, жүрек үнімен, діріл-дірілімен беріліп, өзінше серт етер болар. Оразалы да серт еткен шығар, сірә. Бәлкім, Ерекең аяғын сылтып, ойланып бара жатқанда. Бәлкім, Кенжекүл апа айналып-үйіріліп, Түркістанға, Ұлы Баба Әзірет Сұлтанға әкетіп бара жатқанда-ақ сәби көкірекке әлде бір сәуле-серт нұрлана құйылды ма, кім білсін?! Спорт дейтін сымбат әлемінің биік тұғырында тұрғанда, бәлкім. Ғылымның құзар шыңына шығар жолдағы қиын-қилы асуларда, бәлкім? Серт берген шығар?! Сенген шығар: өзіне, ізденісіне, іскерлігіне, талабы мен талантына... Оразалы Сәбденге әлі де сенеді.

Әрине Оразалы Сәбден жайында айтылар сөздер әлі алда деп білерміз.

Дүйім жұртының, егемен елінің, Қазақстандай қасиетті жерінің қамы үшін қайтпас-қайсар қажырлылықпен күш-жігерін жұмсап келе жатқан Оразалы Сәбден – осы.

Арлы биіктерден көрініп, ардақталар шағы да осы шығар, сірә.

Серт пен сенім – Парасаттылық – Ел сенімі, жер киесі – ең абзал, ардақ тұтар ұғымдар да осылар ғой.

Оразалы Сәбден Парламент Мәжілісінің депутаттығы-

на өз кандидатурасын өзі ұсынғандықтан болар, бұл жолы Жоғарғы заң шығару органындағы өз жұмысын мәдени әлеуметтік даму комитетінің қатардағы мүшесі ретінде бастаған еді. Тағы да сол ұшы қиыры жоқ, толассыз жұмыс. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолын-дағы ізденістер, сайлаушылармен кездесулер, халық ал-дындағы есеп, – бәрі бір қалыпты, өмір ағымына сай, біркелкі өтіп жатқан. Осы сәтте Сәбденовтер жанұясы, тағдырдың жазғаны солай болар, өте ауыр қазаға душар болды. Оразалы мен Жанаттың тұңғышы, жалғыз ұлы Қайрат өмірден озды. Кейін анықталғандай, Қайратжан қандықол қарақшы, жергілікті мафияның басшысы Алтай деген сұмырайдың қолынан қаза тауыпты. Қайрат ол кезде Көкшетаудағы облыстық салық комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқаратын. Болашағынан зор үміт күттірген білікті маман болатын. Нарықтық экономикаға байланысты дайындаған кандидаттық диссертациясы да қорғау кезегін күтіп жатқан. Білдей азаматтың өліміне кінәлі анықталып, қозғалған қылмысты іс, біршама уақыттан кейін, қайта жабылған. Мұндай көпе-көрнеу заңсыздыққа қарсы шығып, әділет іздеген Парламент Мәжілісінің 56 депутаты Президент атына арнайы хатпен шығып, шындық іздеген. Орекең де Елбасы қабылдауында болып, Қайраттың қазасына қатысы бар қанішердің сот алдында жауап беруіне көмектесуін өтінген. Республикамыздың Бас Прокуроры Юрий Хитрин істің мән-жайын біліп, анық-қанығына көзін жеткізу мақсатында, Көкшетауға арнайы барып, тексеру қорытындысымен танысқаннан соң, қылмысты іс қайта қозғаған еді. Сот-медициналық сараптама Қайраттың өлімі шектен шыққан қатыгездікпен ұрып-соғудан болғанын дәлелдейді. Сот шешімімен қылмыстық топ жетекшісі 8-жыл алды да, қалған мүшелері қылмысқа қатысы жоқ деген себеппен, сот залынан бірден босатылды. Алайда, Оразалы Сәбден биліктің

“саяси” шешімімен Қ.А. Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті басшылығына ауыстырылған тұста, қылмыскер де бостандыққа шығады. Міне, бізде әділ соттың сиқы!

Жоғары деңгейлі саясаткер, қоғам қайраткері, халық қалаулысы Оразалы Сәбденнің өзі құқық қорғау органдарынан әділдік таппаған соң, қарапайым, қалың бұқара өкілдерінің құқық қорғау қызметкерлері тарапынан жасалып жатқан сан жетпес өрескел заң бұзушылық фактілері мен қиянаттары жайлы таусылмас арыз-шағымдары биліктің жұмысына беріліп жатқан бағамен сәйкес келеді-ау деген тұжырымдама жасауға әбден болады.

Әділдік іздеп, шарқ ұрып аяғынан тозған, жүйкесі жұқарған азаматтар саны елімізде аз емес. Орекеннің атына сол кезде көптеген сайлаушылары мен көптеген қарапайым халық өкілдерінен қайғысына ортақтасып, көңіл білдіру мазмұнындағы хаттар толласыз түсіп жатты. Орекен билік басындағыларға қызмет бабымен жақын жүрген азамат, беделі мен тамыр-таныстығын абырой-атағын ортаға салса да, олар әділдіктің ақ туына қолы жетер деген ойда болатын. Алайда бұл ретте, “бәрі сатылады”, “бәрі де сатып алынады” деген “жазылмаған” заң өз өміршеңдігін тағы да дәлелдеп, шындық атаулыны сыртқа сырып тастағандай болды. Бұған дәлелді ел өмірінен көптеп келтіруге болады...

6 маусым 1991 жылы Республика Президенті Н.А.Назарбаевтың жарлығымен Түркістан мемлекеттік университеті ашылып, оған шығыстың үлкен ойшылы Қожа Ахмет Яссауи аты берілгені өздеріңізге мәлім. Осыдан бір жарым жыл өткен соң, аталған жоғарғы оқу орны негізінде Қазақстан мен Түркия үкіметтерінің өзара келісімдері арқасында тұңғыш рет түркі тілдес елдер арасындағы алғашқы халықаралық деңгейдегі университет дүниеге келді.

Парламент мәжілісі аясында екі жарым жыл қызмет етіп үлгерген Оразалы Сәбденге Президент тарапынан

аталған жоғарғы оқу орнына басшылық ету туралы ұсыныс түскендіктен, ол осы ұсынысты қабыл алып, аталған университеттің президенті лауазымына өз келісімін берді. Бұған дейін де Елбасы тарапынан Орекенге өзге де бірнеше жауапты қызметтер ұсынылған болатын. Дегенмен Оразалы өзінің халық қалаулысы ретіндегі жұмысы ел үшін пайдалырақ болар деген себепті алға тартып, бұл ұсыныстардан бас тартқан еді. Бұл ретте, соңғы ұсыныстан бас тартудың орайы келмеген сыңайлы. Себебі соңғы кезде университеттегі моральдық-психологиялық хал-ахуал әбден қожырап, оқу процесінің сапасы тіптен нашарлап кеткендігі жайлы жоғары орындарға түсіп жатқан арыз-шағымдар саны көбейе түскен.

Орекен, қасиетті Түркістан топырағына алғашқы қадам басқан сәттен бастап, университетте қалыптасқан жағдайдың мән-жайын анықтап, тиімді шараларды жүзеге асыруға бірден ден қояды.

Оразалы Сәбден басшылық еткен екі жыл ішінде Қ.А. Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінде көптеген бұрын соңды болмаған игі шаралар іске асырылды. Білімге құштар ауыл жастарын әлеуметтік жағынан қорғау мәселесі басты бағдар саналып, көптеген ауыл балаларына университет қабырғасында тегін білім алуға мүмкіншілік туды.

Егер, университет құрылғаннан кейінгі алғашқы жылдары онда бар жоғы 332 студент білім алған болса, Оразалы Сәбден ректор болған кезеңде олардың саны 17 мыңға дейін артып, дүние жүзінің 29 елінен 700-ден астам талапкерлер сапалы білім алуға қолдарын жеткізді.

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының сапалық деңгейі мен саны артып, бір мыңнан асты. Жоғары оқу орынында, білімдар жастарға 97 ғылым докторы-профессорлар, 200 ғылым кандидаттары мен доценттер дәріс берумен айналысты. Университеттің 18 факультетін-

де 105 мамандық бойынша жастар білімдерін жетілдіріп, халық шаруашылығының көптеген салаларында нәтижелі еңбек етуде.

XXI ғасыр – ғылым мен білім ғасыры. Білім ордасының оқу сапасын арттырып, білікті мамандар даярлау мақсатында “Сапалық даму концепциясы” жасалып, өскелең өмірдің талаптарына сай жоғары оқу орнын қалыптастырудың түпкілікті мүдделері бағдарланды. Ғылыми ізденістерді дамыту мақсатында, оларды белгілі бір жүйеге түсіріп, тәртіпке келтіру қажеттілігі туындағандықтан университет жанынан Ғылыми орталық құрылып, оның құрамына 3 ғылыми зерттеу институты мен 2 ақпараттық орталығы бар институт кіргізілді. Олар: Түркі тілін зерттейтін ғылыми институт; Қазақ-түрік елдері экономикасын дамыту институты; Экология проблемаларын ғылыми тұрғыда зерттеу институты; Археология ғылыми-зерттеу орталығы.

Археология ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдардың күшімен, университет тарапынан, материалдық қолдау жасалуының арқасында, көне тарихи деректеріне бай Түркістан қаласының аумағында қазба жұмыстары жүргізіліп, V-VII ғасырларда өмір сүрген Қарашық қаласының орны табылды.

Оразалы Сәбденнің ерен еңбегінің қорытындысына сәйкес университет қабырғасында Оңтүстік аумағында алғашқы экономика саласындағы кандидаттық және докторлық еңбек (диссертация) қорғау Ғылыми Кеңесі ашылды.

Тек 2002-2003 оқу жылдары университетке 15-ке тарта ғылым докторлары мен профессорлар, 20-дан астам ғылым кандидаттары шақырылып, жастарға сапалы білім беру деңгейі арта түсті.

Қазақстан мен Түркия елінің мемлекеттік және жеке жоғарғы оқу орындарында магистранттар мен аспиранттардың, докторанттардың өнімді, ғылыми-зерт-

теулермен алаңсыз айналысуы үшін Қ.А. Яссауи атындағы университетте аспирантура институты ашылды. 2002-2003 – оқу жылында түрік елінің қаржыландыруымен аталған аспирантура институтында 250 жас маманға ғылыми-ізденіс жұмыстарымен толыққанды дәрежеде айналысу мүмкіншілігі туды.

2002-2003 – оқу жылы, Оразалы Сәбденнің дипломатиялық талантының арқасында университетке түрік жағынан қомақты қаржы бөлінуіне қол жеткізіліп, еліміздің мектеп бітірген 1328 жасы тегін оқуға қабылданды. Бұдан бөлек, университет өз қаржысы есебінен кредитпен оқуға көптеген орын бөлді.

Ауыл шаруашылығы мамандарын дайындау мақсатында университет жанынан биотехнология және агроинженерия колледжі ашылды. Онда 140 оқушы тегін білім алды.

Университеттің жеке қосалқы шаруашылығында экологиялық таза өнімдер өндіру арқылы студенттердің бір бөлігін әлеуметтік жағынан қорғау қолға алынып, тегін тамақ беріле бастады. Профессорлар мен доценттердің, бүкіл оқытушылар қауымының студенттерге беретін білім сапасы рейтингтік жүйеге сәйкес бағаланып, олардың алатын жалақысының мөлшері рейтингтеріне тікелей байланысты есептелді.

2002 жылы 50 орындық клиника құрылысының жобасы жасалынып, бекітілді. Университет тарапынан математика мен шетел тілдерін тереңдете оқытатын “Түркістан” және “Түркібасы” атты 2 лицей жұмысын бастады. “Түркістан” лицейі 2004-2005 оқу жылындағы тестілеу қорытындысында орта есеппен 103,5 балл жинап, еліміздің ең үздік алты орта оқу орындары қатарынан көрінді. Ал, бір мектеп бітіруші мүмкін болған 120 баллдан 120 балл жинап, ең жоғарғы көрсеткішке ие болды. 2500 студентке лайықталған бас оқу корпусының құрылысы аяқталып, пайдалану-

ға берілді. Университеттің мәдени орталығында, аты әлемге әйгілі суретші Е. Төлепбаевтің тікелей басшылық етуімен, “Түрік” дүниесінің мұражайы ашылды.

Қытайдан, Қытай династиясы, Орта және Орталық Азияның 5 мың жылдық тарихы бар, көне кітапханасы алынып, Ежелгі Түрік қағанаты тарихының мұражайы жасалды.

Оразалы Сәбденнің жеке басының инициативасы және Түркия үкіметінің қолдауымен 2828 ауыл жастары бюджеттен тыс тегін оқуға қабылданды. Бұл бұрын болмаған жаңалық.

Орекеңнің, ұжымның көмегімен 2002 жылдың қазан айының 17-19 жұлдыздары аралығында Түркістанда дүниежүзі қазақтарының екінші халықаралық құрылтайы өтіп, жер шарының түпкір-түпкірінде тарыдай шашыраған қазақ атты халықтың бірлігі нығайып, елге оралып, көк байрақ астына топтасуына игі әсерін тигізді.

Міне, бұл Оразалы Сәбден басшылық еткен екі жыл ішінде университетте атқарылған ауқымды істердің тек негізгі, қомақтылары ғана!

Аталған оқу орнында Оразалы Сәбден жүргізген реформа-лар билік басындағылар тарапынан әділ бағаланып, қолдау табу орнына, жеке басының “аман саулығына” бәле болып жабысып, қызмет бабындағы өсу сатысына кері әсерін тигізді. Университетті басқарудың Орекең енгізген демократиялық формасы, оқу орнындағы етек алған коррупцияға қарсы аясыз күрес “ескі гвардия” тарапынан бірден қолдау тапты деу артық болар еді.

Орекең бастаған комиссия университеттің қаржы іс-құжаттарын тексеру барысында көптеген өрескел кемшіліктердің бетін ашты. Атап айтсақ, 2003 жылы университетке Түрік Республикасы жағынан 13 миллион 319 мың доллар бөлінген екен. 17 мыңнан астам студенті, 1,5

мыңға жуық оқытушылары бар Халықаралық қазақ-түрік университеті үлесіне жоғарыда көрсетілген қаржының тек 16 пайызы, немесе 2 миллион 132 мың 600 доллары ғана тиесілі болған. Ал, Туркия жағының атқару-ұйымдастыру комитеті келісім-шартқа отырған мекемелерде оқитын 40-50 аспирантқа бюджеттің аса қомақты бөлігі – 27,6 пайызы, немесе 3 миллион 667 мың 700 доллары тиген. “Айташ-Ай (ТР)” құрылыс фирмасы есебіне 7 миллион 509 мың 21 доллар аударылған – 56,4 пайыз.

Өздеріңіз байқап отырғандарыңыздай, барлық бөлінген қаржының 84 пайызы Туркия мемлекетінде қалдырылып, оған Халықаралық қазақ-түрік университеті басқару кеңесінің төрағасы игілік етіп, қалауынша оңды-солды жұмсап, бас пайдасына жаратуға дейін барған. Алайда, екі ел арасындағы үкіметаралық келісімнің 2.1 бабына сәйкес бюджетте қаралған барлық қаржы университет уставы мен 25 қазан 1992 жылғы Қазақстан мен Туркия мемлекеттері үкіметаралық келісімді белінен басып, бұзылып келген.

Естеріңізде болар, 2003 жылы Мәскеуде құрылысшылары салған аквапарктің темір-бетон шатыры құлап біраз демалушылардың қайғылы қазаға ұшырауына әкеліп соққан болатын. Бұл азалы оқиғадан кейін ел Президенті Н.Ә.Назарбаев, барлық салынып жатқан, жуырда салынған құрылыс объектілерін мемлекеттік қабылдаудан өткізу қажеттілігін қатаң тапсырған еді.

Оразалы Сәбден аталған тапсырмаға сәйкес университетте түрік құрылысшыларының күшімен салынып жатқан 10 объектінің жоба-сметалық құжаттарын тексере келіп, олардың бірде-біреуінің мемлекеттік қабылдау комиссия алдынан өтпегенін анықтайды. Құрылысқа қанша ақша жаратылды, ал қанша ақша қай алаяқтың қалтасының түбіне түскендігін дәлелдеу мүмкін болмады.

Түрік жағы басшылығы тарапынан атқарылған тағы

да бір келеңсіз жәйт, университеттің 20 жаңадан диплом алған жас маманын Анкара қаласына магистратураға оқуға жіберуге байланысты болды. Ректорға алдын-ала дайындалған магистранттардың тізімін әкеледі, тізімдегі кандидатураларды қарап шыққан Оразалы кандидаттарды кім іріктегенін сұрағанда, “Кемаль Зейбек” деген жауап алған. Университет басшысы декандар жасаған тізімді алып келуін сұрайды. Түркияға факспен жолдаған жаңа тізімге Кемаль Зейбек келісімін бермейді. Міне, Кемаль Зейбек пен Оразалы Сәбден арасындағы теке-тірес тап осы өзара келіспеушіліктен басталады. Біраз уақыт өткеннен соң түрік басшылығының магистранттарды іріктеудің түпкі мақсаты да белгілі болған еді.

Дәл осы сәтте орын алған оқшылықтың алдын-алу мақсатында Кемаль Зейбек дипломатиялық каналдар арқылы ма, Қазақстанның билік басында отырған тамыртаныстары арқылы ма, Елбасына жолығып, Оразалы Сәбденнің университет басқарудағы стилі әдістерімен түбегейлі келіспейтіндігін жеткізіп, Қазақ жағының қазіргі ректорымен әрі қарай бірге жұмыс істеуді қажетсіз деп тауып отырғандықтарын жеткізеді. Президенттің тапсыруымен Нұртай Әбіқаев істің анық-қанығына жету үшін Түркістанға 11 адамнан тұратын комиссия аттандырады. Комиссия Оразалы Сәбденнің жұмысынан ешқандай заң бұзушылық фактілерін таппайды. Кейбір ұсақ кемшіліктердің бетін ашқандай болады. Ұзамастан Кемаль Зейбек өкілетті кеңестің кезектен тыс отырысын шақырып, күн тәртібіне Оразалы Сәбденді ректорлықтан босату мәселесін көлденең қояды. Дауыс беру нәтижесі мына төмендегідей болады:

1. Босатылсын – Түрік жағының 5 мүшесі.
2. Қалдырылсын – Қазақ жағының 5 мүшесі.

Дегенмен, Кемаль Зейбек дауыс беру қорытындысымен санаспай, өзінің өкілеттігін шамадан тыс пайдаланып,

заңсыздыққа жол беру арқылы үкіметаралық келісіммен, университет уставы талаптарын қаперіне де ілмей, қылмыстық әрекетке тағы да барып, өзінің заңсыз шешімімен Оразалы Сәбденді ректорлық қызметінен босатады. Ал, Қазақстандық билік басындағылар қалыпты осалдығын танытып адам тағдырына араша түсу орнына, Түрік жағының ортан қолды жалғыз “чиновнигінің” шешімімен толығымен келісуіне ыңғай танытып, әдетінше тағы бұғып қалады. Түрік жағы алдына “жалпақ шешейдей” жалп ете түседі.

Істің тап осындай шешіммен қорытындылануымен қанағаттанбаған Оразалы Сәбден прокуратураға арыз жазып, сотқа шағымданады. Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы 29 мамыр 2003 жылы Қазақ-түрік университеті өкілетті кеңесінің төрағасы Кемаль Зейбектің № 03.591 МНВ бұйрығын заңсыз деп табады. Түркістан қалалық соты да 2 мамыр 2003 жылғы шешімімен жоғарыда аталған бұйрықтың күшін жою туралы үкім шығарады. Сол кездегі білім министрі Ш. Беркімбаева Оразалы Сәбден жөнінде әділ шешім қабылданбағанын мойындай отырып, өз арызына сәйкес қызмет орнын босатуды сұранады. Министр ханым көп ұзамай оған тең қызмет креслосы ұсынылатыны туралы уәде беріп, бұл мәселе жоғары жақпен келісіп қойылғанына сендіреді. Десек те, Оразалы Сәбденге жуық арада да, кейін де өз деңгейіне сәйкес қызмет ұсыныла қоймады.

Қарап тұрсаңыз “шындықты шырақпен іздесең де таппайсыңның” кері келді ме?! Міне, егеменді, тәуелсіз ел болғанымызға 12 жыл толғандағы Қазақстандық демократиямыздың сиқы!

* * *

Қол босады, болған оқиғаны қайтадан ой елегінен өткізіп, таразылап-салмақтап, зерттеп-зерделеуге уақыт жеткілікті! “Болған іске болаттай берік бол” дейтін қағиданы ұстанған Оразалы Сәбден өзінің 11-жылдан астам мерзім бойы жоғарғы заң шығару органында қызмет еткен жылдары өзі ұсынған заң жобалары, өзі басқарған комитет дайындаған материалдарды түгелдей қайта қарап шығып, оларды белгілі бір жүйеге келтіру жұмысымен айналысып та кетті. Орекең шын мәніндегі шынайы қажымас та қайратты күрескер емес пе! Өткенге өкініш, қаншама өзегін өртесе де, қара қайғыға салынып, азып-тозып кететін жаман “қасиет” туа-туғаннан оның қанында да, жәнінде де жоқ болатын. Орекең алдағы өмірін қай салаға бұратынын өзінің ақыл-ойы мен бай тәжірибесін қандай мақсатқа жұмылдыратынын алдын-ала жоспарлап, сол бағытта толассыз жұмысын бастап та кетті. Радио және теледидар арқылы күнделікті басылымдар арқылы, ел өмірінің елеулі мәселелерімен саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың бүгінгі күнге қалыптасып отырған тығырықтарының шығу жолдарын талдап-тарамдап, өз пікірін бұқпасыз халыққа жеткізіп жатты. Ірі ғалым, саясаткер ретінде бұқара және зиялы қауым Оразалының қай мәселе төңірегінде болмасын айтқан және жазған пікірлерімен толығымен санасатын.

Ірі экономист-ғалым ретінде Оразалы Сәбден бүгінде қалыптасқан экономиканың жағдайын өз назарында ұстап, ондағы жетістіктер мен орын алып отырған кемшіліктерге талдау жасап, зерттеп-зерделеуден бір сәтте танбаған. Экономикамыздың жағдайы түзеліп, ұлттық табысымыздың 10-12 пайыз өсуі қуантарлық жәйт. Десең те, бізде бәрі жақсы деуге әлі ертерек. Ел қазынасына табыс неден түсіп жатыр? Тек қана мұнай, газ, қара және түсті металлдарды, қазба байлық пен шикізатты шет елге сыпыра сатудан ғана түсіп жатыр. Бұл табыс табудың ең оңай жолы.

Кезінде әлемдік нарықтағы мұнай бағасы шарықтап өсіп 75-80 долларға жеткен (1 баррелі) бақытты шақ көзден бұлбұл ұшып, қазіргі таңда 60 долларға дейін төмендеп кетті. Эксперттердің бағамдауынша бұл көрсеткіш бұдан төмен құлдырайды деген болжам бар. Әлемдегі мұнай өнімін ең көп тұтынушы АҚШ-тарында темірдің де, көмірдің де, қазба байлықтардың түр-түрі жеткілікті. Бірақ, олар өздерінің көмірсутегіге бай жерасты қорларының бетін ашып көріп, ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларына сәйкес, қайта жауып тастайды – ертеңгі ұрпағының жарқын болашағы үшін.

Ал, бізде бұл қорларды тиімді пайдаланудың нақты – стратегиялық жоспары әлі күнге дейін түзелмеген. Ең қорқыныштысы сол-билік бұған ешқандай алаңдаушылық танытпай, елдің ертеңін ойлауда түк болмағандай, жайбарақаттық пен бейғам күй кешуде. Байлығымызды шет елге сатудан түскен табыстың тек жартысы ғана бюджетке түссе, қалған қомақты бөлігі әлдекімдердің, қазаққа он қайнаса да сорпасы қосылмайтын жатжұрттықтар мен “құдайдың тандаулы құлдарының” қалталарын томпайтқан сайын томпайтұда. Көлеңкелі экономика ел бюджетінің пайызы көлемінен артып жығылады. Басқаша айтқанда, бұл дегеніміз, Қазақстанда екі бюджет бар деген сөз. Бірі халық білетін бюджет, екіншісі, халық білмейтін, аз ғана топтың қалталарындағы бюджет.

Өкінішке орай мұнайлы араб елдеріндегідей экономикамызды диверсификациялауды, яғни экономиканың бетін өндіріске бұруды толығымен жүзеге асыра алмадық. Кешігіп қалдық. Мұның біздің экономикаға ауадай қажеттілігін енді ғана айта бастадық. Ал, біз бұл мәселеге түбегейлі бетбұрыс жасамайынша экономикамыздың қарыштап дамуы мүмкін еместігін сонау 1994-1995 жылдары Жаңа Экономикалық саясат тұжырымдамасын дайындағанда айтқан болатын-

быз. Аталған тұжырымдама Жоғарғы Кеңесте бекітіліп, оны жүзеге асыру Үкіметке жүктелген болатын. Сіздерге құпия бізге рас, Жоғарғы Кеңестің таратылуының басты себебі де осы еді.

Басқа дамыған мемлекеттердегідей экономиканы диверсификациялауға, өндіріс құралдарын, тұтыну тауарларын, машина-техника жасау салаларын жедел дамыту орнына, олардан айрылып қалдық; жекешелендірудің қисық саясаты жұмыс істеп тұрған завод фабрикалардың қолды болып кетуіне әкеліп соқты. Бір жоғалтқан нәрсені қайта жасап шығару оңай шаруа емес. Диверсификацияның кешігуі салдарынан, біз 10 жылдай алтын уақытымызды босқа жоғалтып алдық. Ал, ғылыми-техникалық прогресс, жаңа технологиялар мен ғылымның басымдылығы 4 жылда бір өзгеріп тұрады. Біз осы өзгерістерге ілесіп отыруға тиіспіз. Осы жағынан алғанда, халық шаруашылығының барлық салалары біркелкі дамыған елдермен салыстырғанда, кем дегенде 20-30 жыл кешігіп қалды. Ғылым академиясы осындай, өмірдің өзі күн тәртібіне шығаратын кезек күттірмейтін мәселелерді алдын-ала болжап, ғылыми негізделген тұжырымдамалар жасап отыру үшін қажет. Диверсификациялау жасамағаннан кім ұтты? Халық ұтқан жоқ. Ұтқандар билік басындағылар, солардың жақындары, Машкевич, Шадиев, Ибрагимов, Ким, Миттал секілді алпауыт-олигархтар, билікке жақын банктер мен компаниялар...

2003 жылы Оразалы Сәбден Алматы қаласына қоныс аударып, Тынышбаев атындағы транспорт және коммуникация академиясында болашақ инженерлерге дәріс бере бастайды.

2002 жылы монографияны қамтитын “Қазақстан Республикасы нарықтық экономикасын дамытудың концептуалды негіздері” атты ғылыми еңбектері үшін тұңғыш рет ғылым,

техника және білім салалары бойынша экономика ғылымынан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

2005 жылы “Қазақстан-АҚШ” үкіметтік емес талдау және болжау институтын ашып, оның президенттігіне сайланды. КСРО-ның кезінде, СОКП Орталық Комитеті жанында академик Арбатов атындағы “АҚШ-Канада” институты жұмыс істейтін. Бүкіл дүниежүзілік саясатқа ықпалы зор елдер болғандықтан біздің ғалымдар ондағы жағдайларды осы институт арқылы жіті бақылап отыратын. “Осындай институтты бізде неге құруға болмайды” деген ой Орекенді көптен мазалап жүрген еді. Америка Құрама Штаттары – әлемдегі ең мықты алпауыт ел, дүние жүзіне өз үстемдігін жүргізіп отырған мемлекет. Тәуелсіздік алғалы бері АҚШ Қазақстанмен тығыз қарым-қатынас жасап келеді. Әрине басқа да алпауыт елдермен де санасу керек, бірақ АҚШ-пен санаспауға мүлдем болмайды. Бұл елдің саясатын назарда ұстап, сыртқы саясатындағы іс-әрекеттерін үнемі бақылауды қажет етеді.

АҚШ-та дәл осындай сараптама, талдау, болжау жасайтын 400-ден астам институт бар. Қазақстанда тек президенттің жанындағы стратегиялық зерттеулер институтынан басқа ешқандай сараптамалық институт жоқ. Әртүрлі идеялар, қарым-қатынастар зерттеліп-зерделеніп, ой елегінен өту керек емес пе?

Біздегі қазіргі жағдайды өздеріңіз көріп жүрсіздер. Күйеуге ұзатылатын қыздың жасауын мақтағандай қылып: “Ойбай, біздің экономикамыз қарыштап өсіп, дамыған сайын даму үстінде” дегеннен ары асып, ауыз толтырып айтатындай дәлелді ештеңе айта алмаймыз. Түрлі идеяларды електен өткізетін әртүрлі сараптамалық орталықтар қажеттілігі бүгінгі өскелең өмір талабынан туындап отыр. Тап осылай болғанда ғана біздің экономика

қарыштап өседі, адымдап дамиды. Институт ашудағы басты мақсатымыз да, түптеп келгенде дәл осында жатыр. Институт өзін-өзі қаржыландырады. Мемлекеттік грант, жоба (проект) дегендер бар емес пе? Біз әртүрлі салалар бойынша жоба жасаймыз, оларды қорғап, үкіметтен қаржы аламыз.

Қазір бізде “кластер” деген сөзді қайталап айта беру сәнге айналып барады. “Кластер” деген ұғымның мән мағынасын бізге Гарвард профессоры айтпаса да түсінетін шығармыз. Кластерлік жүйе Кеңестер Одағы кезінде де болған. Бұл нарықтық экономикалық жүйеде бір аймақта жоғары және горизонтальды түрде екі жақты қосып бір саланы мейлінше дамыту деген сөз. Бұрындары оларды “территориялық өндірістік кешен” деп атайтын. Мысалы, Қаратау, Жамбыл және тағы да басқа территориялық өндірістік кешендер осының айғағы. Кластердің негізгі идеясы осы. Қазіргі таңда біздің экономикамызды тығырықтан алып шығудың ең бір тиімді жолы осы.

Қазіргі кездегі отандық кластердің ұлттық табысымыздағы орны мына төмендегідей:

- Тоқыма өнеркәсібінде – 0,4-0,6 пайыз;
- Мұнай газ саласында – 0,6-0,8 пайыз;
- Машина жасау өндірісінде – 0,9 пайыз;
- Басқа салаларда – 10-12 пайыз;

Сондағы, таңертеңнен кешке дейін, айқайлап тамақ жыртып, шулап, дәріптеп жүрген кластеріміздің экономикамыздағы алар орны осы ғана!

Орекең дүниежүзінің экономикасы дамыған 60-тан астам елдерінде болып, ғалым ретінде олардың шарықтап, даму процесін әбден зерттеп, ондағы тиімді, үлгі аларлық жобалар мен жаңалықтарды Қазақстанның жансызданып қалған салаларына ықшамдап, лайықтап, тәжірибелерін

тиімді құрал ретінде пайдаланудың жолдарын қарастыру барысында нәтижелі еңбек етіп жүрген ірі экономист.

Оразалы Сәбден айтады: “қай мемлекеттің басынан қандай қиындық өткенін жақсы білемін. Бірақ, біз өзіміз бастаған істі өз менталитетімізге, қазақтың ұқыптылығына лайықты етіп асыра білуіміз керек”.

Қазіргі биліктің манометрі де, параметрі де абсолютті деңгейге жеткен сыңайлы. Кімді марапаттап, қолдап-қолпаштап, керісінше, кімді жазалауды тек қана биліктің өзі шешеді. Парламент қандай саясат ұстануы қажет екенін де билік анықтайды. Парламентке кімнің депутат болуын да алдын-ала жобалап-жоспарлап, өзі белгілеген кандидатураның сайлаудан бастап, парламенттегі жылы жұмсақ креслоға ыңғайлы жайғасуына дейінгі процесті жіті қадағалап, ешқандай кедергі болмауын толық қамтамасыз етеді. Жер-жерлерде сайлау заңының тұрақты түрде бұзыла беруінің түп төркіні осында жатыр.

Бізде Жоғарғы Кеңес екі рет таратылды, не себепті, қалай таратылғанын сол екі шақырылымның басында болған Оразалы жақсы біледі. Жоғарғы Кеңес депутаттарының режимді сынағаны, үкіметтің халық мүддесіне сай саясат жүргізе алмағандығы үшін таратылды.

Жоғарғы Кеңес таратылар алдында депутаттар төтенше әрі жабық сессия өткізді. Онда Жоғарғы Кеңестің заңсыз таратылып жатқаны әділ әрі ашына айтылды. Тоқтар Әубәкіров, Тәңірберген Тоқтаров, Юрий Ким тағы басқа елім деп еңіреп жүрген біртуар азаматтар осы мәселені тікесінен тік қойды. Содан еліміздің ең жоғарғы заң шығарушы органы аталған төтенше сессияда арнайы қаулы қабылдады. Сол қаулының мазмұнын халыққа жеткізу Жоғарғы Кеңес төрағасы Әбіш Кекілбаевқа жүктелді. Яғни, Әбіш Кекілбаев теледидар арқылы халықтың алды-

на шығып, Жоғарғы Кеңестің заңсыз таратылып жатқанын ешқандай бүкпесіз, ашық айтуға тиіс болатын. Бірақ, Әбекең бұл туралы жұмған аузын ашқан жоқ. Әлі де ашпай келеді.

Жоғарғы кеңес тараған уақытта Олжас Сүлейменов бастаған 24 депутат екі-үш күн бойы наразылық акциясын өткізіп, Жоғарғы Кеңестің ғимаратынан шықпай отырып алды. “Демократия принциптері бұзылды” деп алғаш дауыс көтерген сол Олжас қазір қайда? Кімнің шотын шауып, арам шөбін отап жүр? Билікпен неге әмпей-жәмпей болып кетті? Түсініп көріңіз?..

Елдегі ең жоғарғы өкілетті органның өзін осылайша екі бүктеп, бірақ жұтқан билікке басқа көзқарастағы адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдарын сотқа беру, жаба салу, тағы да басқаша заңсыздықтарға барып, қысым көрсету не тұрады!

Сайлау нәтижелерін барлық жерлерде билік басындағылардың өз қалауынша өзгертетіні – ақиқат шындық. Бүгінде мұнымен ешкімді таңдандырып, таңдай қаққыза алмайсыз. Қазіргі Парламентте діттеген ойын, ашық айтатын депутаттар жоқтың қасы. Тек, Тоқтар Әубәкіров, Зауреш Батталова, Мұхтар Шаханов, Амалбек Тшан, Болат Әбішев сынды бірер шын мәніндегі шынайы халық қалаулылары шама-шарқынша әділдік іздеп, шарқ ұрып жүр. Дәл қазір Парламент халыққа емес, Президентке ұнайтын кез келген ұсынысты заң ретінде қабылдап жіберуге дайын. Соның бір айғағы сайлау заңының бұзылуына байланысты халықтың ереуілге шығуын болдырмау, үкіметтік емес ұйымдардың тынысын мейлінше тарылту секілді, демократиялық талаптарға мүлде қайшы келетін өзгертулерді заңға еңгізуі. Депутатардың басым көпшілігінің “қалталы”, қалталы болғанда да “суперқалталы” болуы да елді алаңдатып отыр. Тап осындай, тырнақша ішіндегі халық қалаулылары-

ның кімнің мүддесін қорғайтыны бесенеден белгілі әрі түсінікті де. Бізде ендігі қабылданатын заң актілері демократиялық үрдістер тұрғысынан алып қарағанда регреске – кері кетушілікке емес, ілгері басуға – прогреске қызмет ететініне күннен-күнге күдік пен күмән күшейіп келеді...

* * *

Оразалы Сәбден Парламент сайлауына бесінші рет түсу туралы шешім қабылдайды. Қатарынан төрт рет “халық қалаулысы” атандырған халқы, осы сайлауда да қолдау көрсетер деген үмітпен 2004 жылғы күздегі Мәжіліс сайлауына түседі. Бұған дейін екі рет сайлаған Түлкібас халқы бұл жолы да қолдау көрсетіп, қолдау көрсету қортындысында екінші турға қарсыластарына қарағанда елеулі басымдықпен өтеді. Жеңіп шығатынына ешқандай күмән болмаған. Алайда, сайлаудың түпкі нәтижесі тіпті ойлағандай болмады. Сайлау жөніндегі депутаттыққа кандидат Оразалы Сәбденнің штабының мәліметтері бойынша ол дауыс берушілердің 60 пайызынан қолдау тапқан болатын. Алайда, сайлау заңы баптарының өрескел бұзылуы нәтижесінде Оразалы Сәбден әкімшілік ресурстар мен Сайрам ауданының әкімі Өмірзақ Өметұлы сияқты атқа мінген шолақ белсенділердің солақай “саясаты арқасында” нақақтан-нақақ жолы кесіліп, әділдіктің ақ туы жерге тапталды. Сайлау штабының архивінде Оразалы Сәбден депутаттыққа ұсынылған округ бойынша орын алған заң бұрмалаушылық фактілерін басынан аяғына дейін түсірген бейнетаспалар, сайлаушылардың арыз-шағымдары осы күнге дейін сақталуда. Сайлау кезінде орын алған заңды белден басудың небір сорақы көріністері жайлы Президентке де, Бас прокурор мен Орталық сайлау

комиссиясы басшысының атына да шағым хаттар жолданған болатын. Не дері бар, билік басындағылар шындықтың салтанат құруына ат салысу орнына, тіптен, ең болмаса, әрекет ету нышанын да байқатпады.

Оразалының басына түскен зорлық-зобалаң әйгілі озық ойлы ел азаматы Ораз Жандосовтың да басына түсті. Шымкент облысы Сары-Ағаш ауданынан депутаттыққа түскен Жолдасбек Нүкенов те, тап Орекеңнің жағдайындай келеңсіз күй кешті.

Заңды таптап, аяқ асты ету белгілі бір жүйеге айналып барады бізде. “Мен Болат Жылқышиевтің әкесін жақсы білетін едім”, – деді бірде Орекең налыған үнмен. Белгілі жазушы, ел билеген, сыйлы азамат болатын. Бала әкеден бір батпан артық, не батпан кем туады деп, кемеңгер қазағым тегіннен-тегін айтпайтынына осы жолы толығымен көзім жетті. Сайлау кезінде облыста өрескел заң бұзушылықтар орын алды. Оның басы-қасында облыс әкімі жүрді. Өзінің туған ағасы Нұрлан Жылқышиевті депутаттыққа бүкіл облыс шенеуніктері мен криминалды топ мүшелерін жұмылдырғанын жұрттың бәрі біледі, жұрттың бәрі күледі. Сол кезде, облыс шенеуніктерін іздей қалсаңыз, “Сары-Ағашта жүрміз” – деген жауап алатынбыз. Бұл тығырықтан шығудың жалғыз жолы, қазіргі қалыптасқан билік жүйесін өзгерту. Қазіргі жүйе тұрғанда халықтың, мемлекетіміздің ешқашан көсегесі көгермейді. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін шындық-аксиома”...

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынау: қай мемлекетте болсын егер ел тізгінін ұстаған адам халықтың атынан барлық билікті, байлықты өз қолына алып, тек жеке мүддесі үшін өмір сүрсе, ал халық өз даусынан айрылып, кедейшілікке ұрынып, өз құқығын қорғай алмаса, онда міндетті түрде жүйе өзгереді, билік жүйесі жаңарады. Бұл – тарихи тағылым. Егер халықтың шыдамы таусылса, оны

ешқандай күш, прокуратура, полиция, сот, репрессия, қамау, қудалау, тағы да басқа жазалау күштері мен шаралары тоқтата алмайды. Халықты ақшамен сатып ала алмайсыз. Әсіресе, халықтың соңғы сайлаудан кейін көзі қатты ашылды. Қоғамдық сана қазір өзгерген, жаңарған. Орекең айтпақшы: “Ағаштың бұтағындағы шіріген алма да, жел тұрмаса, немесе сілкілемесе өздігінен жерге құлап түспейді”. Осыны терең ойлап зерделеуіміз керек.

Заман ағысы Президентке тағы бір мүмкіндік беріп отыр. Билік басындағылар, ағаштың басындағы алма секілді жаратылыстың осынау қарапайым мысал көрінісіне жеткілікті дәрежеде мән беріп, нағыз демократияға жол ашса, өздеріне де, өзгеге де дұрыс болар еді. Президент те жұмыр басты пенде, ол аспаннан аяғы салбырап, бірден түсе қалған жоқ. Егер тарихта жақсы атпен қалғысы келсе, өзі үшін, айналасы үшін, қандай қиын болса да, халықтың жарқын болашағын ойлар деп есептеймін әрі үміттенемін. Не де болса, таңдау оның өзінде, халық – кемеңгер, кең, бәрін де түсінеді, кешіре біледі.

Біз дүниежүзілік қауымдастықтың ажырамас бір бөлігіміз. Біріккен ұлттар ұйымының мүшесіміз, егемендік алып, тәуелсіз ел болғалы көптеген конвенцияларға қол қойылды. “Отауымыз бөлек” деп, сол дүниежүзілік қауымдастықтан бөлініп кете алмаймыз. Олай болдырмайды да! Сырттан жасатқызбастан, сырттағы “қамқоршыларымызды” ішкі дүниемізге араластырмастан, өз реформаларымызды өзіміз, іштен жасауға тиіспіз. Сондықтан, бізге қазіргі таңда ең қажеттісі – саяси реформа. Ал, саяси реформаның түп-тамыры – конституциялық реформа.

1990 жылғы бірінші Конституция халық игілігіне бейімделген, жап-жақсы Ата Заң болатын. Жоғарғы кеңес таратылып, еліміз он ай бойы Парламент институтынсыз өмір сүргенде Президенттің заң күшіне ие көптеген жарлықтары

жарияланды. Конституция кабинетте жазылып, кабинетте қабылданды. Осы Конституцияда үлкен кемшіліктер жіберіліп, қарапайым халықтың мүдделерін қорғайтын көптеген заңнамалық актілер ескерусіз қалып, Президентке шексіз билік берілді. Парламент екі палаталы етіп жасалынды. Парламенттің жоғарғы палаталы сенат институтының түкке қажеттілігі жоқ еді. Сенат депутаттарының көпшілігін мәслихат депутаттары сайлайды, ал бір қатарын Президенттің жеке өзі ұсынады. Сенат мәслихат құрылымынсыз ел өмірі “тоқтап қалады-ау” деген күннің өзінде оны бүкіл халық сайлауы керек еді. Мәселен, АҚШ-та сенат палатасы мүшелерін бүкіл штат халқы сайлайды. Ондағы сенаторлардың мәртебесі губернаторлардан әлде қайда жоғары. Ал, бізде сенаторлар облыс әкімінің босағасынан да сығалай алмайды. Себебі, мәслихат – әкімдердің қалтасында. Бірен-саран болмаса, сенатор мырзалардың қайсысы халықпен кездесіп жатыр?

Билік басындағыларға Сенат мәжілістің жұмысын тежеп, белгілі бір арнаға салып отыруға арналған механизм құралы ғана. Бұл пікірді дәлелдеу үшін алысқа бармай, еліміздегі әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасы 58-ге, ер азаматтардың жасы 63-ке толу керек деген заңның қос палатада талқылап барысын келтіруге болар еді. Осы маңызды мәселені кім көтерді? Мәжіліс пе? Сенат па? Әлде Үкімет пе? Ол жағын қалың халық біле бермейді. Шындығына келсек, Мәжіліс бұл заң жобасына “э” дегеннен-ақ қарсы болды. Үкімет, облыс әкімдері өздерінде сайланған әрбір депутатпен жеке-жеке жұмыс істеді.

Ал, сенаторлармен келісу оңай. Олар облыс әкімдері мен жергілікті мәслихатқа тәуелді, марионеттік “қуыршақ” депутаттар емес пе? Айта кетпеске болмас, сенаторлардың ары таза, жаны жайсаң бірсыпырасы аталған заң жобасына өз қарсылықтарын білдіріп жатты. Сондықтан ол заң

қабылданбауы керек еді де. Үкімет отставкаға кетуі тиіс болатын. Бірақ біздің Конституцияда “Үкімет мұндай жағдайда орнында қалды, заң өздігінен қабылданады”, – дейтін бап бар?!

Оразалы Сәбденнің пайымдауынша, Қазақстанда конституциялық реформа жасалуы керек. Унитарлы мемлекет болғандықтан да, Парламентіміз бір палаталы болуға тиіс. Әлемдік тәжірибеден көріп отырғанымыздай, федеративтік мемлекеттердің парламенті қос палаталы. Сенат болған күннің өзінде осы жергілікті мәслихаттар емес, халық сайлауы қажет.

Бізде Парламент-тоқалдың, Үкімет-бәйбішенің баласы іспетті. Президенттің құзыры шектелгені жөн. Ал, реформа жасау үшін билік басындағылардың саяси ерік-жігері қажет екендігі айдан анық!

Белгілі итальяндық саясаткер Николло Макиогвелли: “Билік екі жолмен жүреді: бірі – заң жолымен, екіншісі – күш арқылы жүзеге асырылады. Заң – адамзатқа тән жол, күш – хайуанға тән қасиет”, – дейді. Өкінішке орай, бізде заңды аяқ асты ету үйреншікті нәрсеге айналып, күшке сенуге басымдық беріліп отыр.

“Сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күрес жүргізу – бүгінгі күн тәртібінде тұрған ең өзекті мәселелердің бірі”, – деп атап айтады Орекен. Қазір елімізде пара жайламаған бірде-бір мекеме жоқ. Басқасын былай қойып, бюджеттік салаларды алайықшы. Мектеп пен ауруханада қандай пара жүруі керек? Оларды мемлекет қаржыландырды емес пе? Бұдан біраз уақыт бұрын іс-сапармен Атырауда болып, бір жолдасымның үйінде тоқтағаным бар. Ол бір мектептің директоры болып істейтін. Аман-саулық сұрасып, ас-су ішкеннен соң, әлгі досым: “Ореке, мен қатты қиналып отырмын. Себебі мектебіміз құлағалы тұр. Жылап-еңіреп, талай табалдырықты тоздырып барып, жөндеу жұмыстарын өткізуге бөлінетін

қаржыға әрең қол жеткізген едік. Бірақ, аудандық білім беру бөлімінің бастығы: “Пәлен миллион ақшаның 10-12 пайызын берсең, қаржысын қазір бөліп беремін”, – деп қасқайып қарап отыр. Мен өмірімде бір адамға пара беріп көрген адам емеспін. Бұған арым шыдамайды,” – деді жыларманға жеткен әлгі жолдасым. Басқа әріптестерінен сұрап көрсе, олар білім беру бастығының сұраған ақшасын бұрыннан беріп келе жатқанын, айтқанына көніп, айдағанына жүргенін айтты. Бұл не деген сұмдық. Парақорлық біздің өмірімізге ден-деп кіріп, буын-буынымызды әбден буып, шырмап алғанға ұқсайды. Денеміз түгелдей уланып біткен сыңайлы. Мұны тек дәрі күшімен шығару мүмкін емес. Бұған бірден-бір дауа – хирургиялық операция жасау. Әйтпесе, өліп тынамыз!

Шымкентте бір ауруханада дәрігер болып істейтін танысыма “ай сайын әкімге 300 доллар бересің” деген талап қойылыпты. “Немді беремін оған. Менің бизнесім жоқ. Бюджеттен бөлінетін ақшаға айлық таратамыз, ауруханаға дәрі-дәрмек, тамақ аламыз. Мен қалай беремін?” – десе, “Орнында істегің келсе, бересің”, – деп кесіп айтылыпты. Шындықты білгісі келген ол, әкімшілікке барып, кешке дейін әкім есігін күзетсе де, бас шенеуніктің кабинетіне кіре алмаса керек. Амалсыздан, көмекшісіне кіріп, жөн сұраған. “Оған бекер келгенсіз, сіз басшыларыңыздың айтқанын істегеніңіз дұрыс болар”, – деген жауап беріліпті. Міне, саған безгелдек. Бұл – бүкіл өміріміздің барлық салаларын түгелдей жаулап алған өте қауіпті әлеуметтік дерт. Мұны, елдің бәрі біледі. Жемқорлық бізде біртұтас, бүтін жүйеге айналып кетті. Бұл ұлттық күйзеліске әкеліп соғып отыр. Балаңыз кілең бестікке бітірсе де ақша ұсынбасаңыз, жұмысқа тұра алмайды. Парасыз бір қадам жасай алмайсыз. Біз қайда бара жатырмыз, осы “жүйе” өмірге жаңа қадам басып келе жатқан жастардың санасын уландырып жатқан жоқ па? Өмір жолын,

тап осы іспеттес көлеңкелі көріністерден бастап жатқан ұлқыздарымыздың болашағы не болмақ, еліміздің келешегі осыдан кейін жарқын болады дегенге сіз сене қоясыз ба, құрметті оқырман?! Әй, қайдам, сене қоюыңызға көптен-көп күмәндімін.

Сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күрес жүргізетін органдардың торына тек майда шабақтардың бірлі-жарымы ғана түсіп жатқанын теледидардан көріп, басылым беттерінен оқыған шақтарда, ел аузында бұрыннан жүрген, мақал-мәтелдей болып кеткен сөздер еріксіз ойға түседі. “Неғұрлым көп мөлшерде ұрлық жасасаң, немесе пара алсаң, соғұрлым тексеруші ағайындарға қомақты мөлшерде пара беріп “пәле жаладан”, “сүттен ақ, судан таза” болып құтыласың да кетесің”!

Біздің елдің қаржы алпауыттары – небір киттер мен акулалар Қазақстанның айдынында ғана емес, тіпті дүние-жүзінің мұхиттарында емін-еркін жүзіп, ешқандай қауіп-қатер қаперіне де кірмей, сайран-сауық құрып жүр. Үкіметтің бір жиналысында сол кездегі Премьер-Министр: “Сыбайлас жемқорлықпен күресте бұдан былай біз “торғайларды емес, ірі-ірі қаздарды ататын боламыз”, – деген еді. Қайда сол оққа ілінген қаздар? Оғы тот басты ма, әлде атар оғының калибрі жуан болып, мылтық ұнғысына симай жатыр ма?...

* * *

Оразалы Сәбденді көптен толғандырып жүрген ой-сана, біздегі ғылымның деңгейі және оған биліктің көзқарасы. Ресейдің ғылым академиясы сол бәз баяғы кеңестер кезіндегідей қалпынан бір таймаған күйі мемлекет қамқорлығы аясында табысты жұмыс істеп келеді дейді ғалым.

1961 жылы Гагарин ғарышқа алғашқы болып, сапар шегіп, жерге аман-есен оралғанда америкалықтар бұл

бұрын соңды болмаған ғылыми жетістікті жан-жақты зерттей келіп, “Кеңес Одағындағы білім мен ғылым деңгейі өте жоғары”, – деген қорытындыға келген. Қазір де Ресей ғылымының нанотехнология, гендінженерия, космонавтика салаларында ешкімге дес бермей, алдыңғы қатардан көрінуде. Ал, біздегі ғылымның жағдайы қай деңгейде? Қазақ халқының бір туар ұлы Қаныш Имантайұлы Сәтпаев іргесін мәрмәр таспен қалаған ғылым академиясы қазір жоқ. “Академияны жойған кімдер? Не үшін жойды?”, – деген заңды сұрақтарға жауап іздейміз де әдеттегідей! Біраз академиктер биліктің тапсырмасы бойынша ғылым академиясының көрін өз қолдарымен қазып, өз қолдарымен көмді. Соған қарамастан, ғылым академиясы бұрынғы қауқарынан айрылып, қоғамдық статус деңгейіне дейін төмендеп жатқан күннің өзінде ғылым кандидаттары мен докторларының саны күрт өсіп, жауыннан кейінгі қозықұйрық секілді елімізде қаптады да кетті. Қалталы азаматтардың екеуінің біреуі қазір кандидат, ғылым докторлары аз көрінбейді. “Ғалымдар” көп, ал ғылым жоқтың қасы. Ғылымда сабақтастық ауадай қажет. Ол еш уақытта үзіліп қалмауы керек. Қазіргі жастар білімге келмей жатыр. Демек, біз ғалымдарымыздың бір буынынан айрылып қалып отырмыз. Нағыз ғалымдардың орнына, артық айтылса кешірсіздер, кім көрінген ғылыми атақ алып жатыр. Әрине, олар түгелдей шен шекпенділер. Бұдан “бәрі бітті, құрыдық, құрдымға кеттік” деген ұғым тумаса керек. Дегенмен, біз біршама ғылыми потенциалдан айрылып қалғанымызды мойындамасқа амал жоқ.

Білім саласына келетін болсақ, Орекең Парламентте депутаттық құрған мерзім – 11 жыл ішінде 11 министр ауысып үлгеріпті. Жыл сайын бір министр ауысып отырған. Әр министр өз реформасын бастап жібереді де, онысы жыл өтпей жатып аяқсыз қалады. Экономика, немесе басқа бір

саланың министрі ауыстырылсын, осыны түсінуге болады. Ал, білім министрін соншалықты сапырылыстырып, ауыстыра беру қажеттілігі соншама неден туындай беретініне таң қаласың. Іргелі білімі бар, білікті азаматты “креслоға” отырғызып, талап қой, мүмкіншілік жаса, жұмыс істесін. Ондай кадрлар бізде көптеп табылады. Білім саласы жылма-жыл реформа жасауды қажет етпейтін сала.

Қазіргі мектеп бітіруші жастардың 86 пайызы жоғарғы оқу орнында ақы төлеп оқиды. 14 пайызы ғана грант пен кредитке ілінеді. Ал, Ресейде түп-тура керісінше, білімге құштар жастардың 70-80 пайызы үкімет есебінен тегін оқиды да, 20-30 пайызы ақылы білім алады. Бұдан да заңды сұрақ туындаса керек. Біздің біліміміз бен ғылымымыз Ресейге қарағанда озық па, әлде біз Ресейден байлығымызбен қуаттылығымызбен артықпыз ба? Олай болмаса керек.

Орекең Англияның атақты Кембридж, Оксфорд университеттерінде болып, ондағы оқу процесі мен сабақ беру методологиясы және инфрақұрылымымен танысып қайтқан. Ұлыбританияда бар жоғы 2-3 ғана жекеменшік жоғары оқу орны бар екен. Қалғандарының барлығы мемлекеттің игілігі мен қамқорлығында болып шықты. Ал, бұған не дерсіз? Ал, біздегі жоғары оқу орнының тек 30-дан астамы ғана мемлекеттік меншік статусын иеленген. Осыдан кейін сапалы білім жөнінде әңгіме етудің өзі орынсыздау көрінеді. Егер білім министрлігі тарапынан қатаң талаптар деңгейінде тексеріс ұйымдастырылса жеке меншік университеттердің біразы замана сұраныстарына сай емес деп табылып, жабылып қаларына күмән жоқ.

Қазақтың дарынды балаларының бәрі ауылда. Ауыл жастарына білім беру квотасын барынша көбейтуге қол жеткізуіміз керек. Француздар “Данышпандар елдің бір түкпірінде дүниеге келіп, Парижде өледі” деп орынды айтады. Бізде де солай – Мұқтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев,

Өмірбек Жолдасбеков, Өзбекәлі Жәнібековтер де шалғай ауылда туылып, Алматыда дүние салған.

Қазақта “Қасысаң қаның шығады, қасымасаң жаның шығады” деген сөз бар. Біз қазір дәл осындай жағдайда тұрмыз. Марқұм Өмірбек Жолдасбеков аға бір сөзінде: “Кадр мәселесі – жалпы халықтық мәселе. Керек десеңіз, халықтың тағдыры. Кадр мәселесіне өте кең әрі ауқымды түрде қарауымыз керек. Мен бір нәрсені түсінбеймін, Елбасының қалтасында оншақты алтын сақасы бар, соны айналдырып әкеліп, ойынға сала береді, сала береді... Біреуі әкімдік қызметінен түсіп қалса, министрдің креслосына жайғастыра салады, одан кетсе, әкімдікке қайтадан барады. Кадр мәселесіне неге ауқымды, терең қарамаймыз, осы?” – деген екен ауыр күрсініп.

Билік “экономикамыз шапшаң әрі қарыштап дамып келеді” деп әлемге жар салуда. Ал, мемлекеттік тіл – қазақ тіліне келгенде ауыздарына құм құйылып, үндері өшеді де қалады. Дұрыс делік – парадокс: егер экономика қарыштап дамыса, онда неге қазақ тіліміз шарықтап өспейді?! Осы, соңғы кездері мемлекеттік тіл деген мәртебенің өзі мазаққа айналып бара жатқан жоқ па? Байқасақ, егемендік алғалы бері қазақ тілінің мұндай мүшкіл ахуалы тек Қазақстанда ғана көрініс тауып отыр. Бұған кім кінәлі, кім жауапты?...

* * *

Оразалы Сәбденге

Елдің даңқын, жердің даңқын шығарған,
Серт пен сенім үдесінен шыға алған.
Ардагер ұл, академик ағамыз
Тұрар жайлы тың туынды шығарған.

Даңғыл емес ғылым жолын таңдаған,
Күш-жігерін өз халқына арнаған.
Он бір жылдай Парламенттік биіктен
Озық ойлы пікірлерін сомдаған.

Сүйер ұлың болса сүйін қашанда,
Қақысы жоқ қолы бір сәт босауға.
Өз бағытын келеді айқын танытып,
Елдің жарқын болашағын жасауда.

Жайсаң мінез, жарқыраған жұлдызы,
Киелі жер Түркістанда қалды ізі.
Түрікбасы әулие кесенесін салдырған
Құтты болсын өмірінің тал түсі.

Төмендетпей азаматтық тұғырын,
Жеңілдетпей ауырлығын жүгінің.
Ұлттық Ғылым Академиясы үйінде
Бастап отыр ғалымдардың шоғырын.

Әке көрген оқ жонады жасқанбай,
Өрелі өмір өнегеден басталғай.
Сүйікті ұлы алпысқа кеп асқарлы
Үрзада апа аруағы тасқандай.

Туған елдің, туған жердің мақтаны,
Ұлы өмірден анық жолын тапқаны.
Ел деп, жер деп жүрегінің соққаны
Ашсын алдан жүздей алтын қақпаны.

Ерғали Жүсіпбеков

II - ЕКІНШІ БӨЛІМ. ҒАЛЫМДАР, ӘРІПТЕСТЕР ПІКІРІ

С.Зиманов,
ҚР ҰҒА академигі

Мені оның шексіз ғылымдық жұмыс қабілеті мен мақсатқа жетудегі буырқанған күш-жігері талай рет таңғалдырған...

Мен оны, Сәбденов Оразалыны (қазір – Оразалы Сәбден) көп жылдардан бері, әсіресе оның белсенді кәсіби және қоғамдық қызметі жылдарынан білемін. Мен оны әртүрлі жағдайларда көрдім және көріп те жүрмін, оны сырттай бақыладым және бақылап та келемін, аралас-құралас та болдық, ал кейбір кезеңдерде онымен бірге жұмыс істедім және қазір де біздің қатынастарымыз қайтадан тікелей әрі әлдеқайда тығызырақ бола түсті. Менің ол туралы пікірім соншалықты қызметтік және жолдастық қарым-қатынаспен байланысты емес, дұрысында баға беру, стихиялы-сыни тұрғыда қалыптасты. Мен онымен талай рет бір партада және бір қызмет бөлмесінің тар қабырғасында отырған жоқпын, қызметтес те болмадым. Маған оның қызметтік және іскерлік мінез-құлқына міндетті және ғалымдық қызметі барысында да, сондай-ақ мен де жиі қатысушы болған көптеген топтық және арнайы проблемалық талқылауларға сырттай куәгер болудың сәті түсті. Адамды жақын жүріп, сыртынан байқасаң жақсырақ ашылады және оны неғұрлым табиғи әрі шынайы кейпін де танысың. Менің оны байқауым нақ осылай болған. Оразалы Сәбденовтың бойында тек іске және өзінің міндеттеріне деген байыпты әрі жауапкершілікпен қарау ғана емес, басқа да қасиеттер, атап айтқанда әбжіл жұмысқа қабілеттілік пен жинақылық таланты болды. Олардың не-

гізінде мақсатқа жету деген айқын ұмтылыс жатты. Бұған мен талай мәрте көз жеткіздім. Ол көп ретте өзінің жалпы, әдеттегі нұсқалармен сәйкесе бермейтін әрекеттермен және мінез-құлқымен мені тәнті де қылып, қайран да қалдырған. Сондай жайттардың кейбіреуі мынадай:

1. Ондаған лайықты беделді кандидаттар бола тұра, О.Сәбденовтың 1990 жылы Қазақстандағы ғылыми ұйымдар атынан бесеудің қатарында күтпеген жерден Республика Парламентіне (Жоғары Кеңес) депутат болып сайлануы жұмбақ нәрсе болды, кезінде көптеген ғалымдарды, мені де таңғалдырды. Ал жағдай былай болған еді: Қазақ КСР Ғылым академиясының коференциясында республиканың барлық ғылыми мекемелердің таңдаушыларының қатысуымен Республика Жоғары Кеңесінің бес депутатын сайлау міндеті тұрған. Сайлау аса тартысты өтті. 24 кандидат ұсынылды, олардың 17-сі академиктер. Жасырын дауыс беру 4 турда өтіп, үш күнге созылды. 1991 жылғы 15,16 және 19 қаңтар. Мыналар сайланған болып шықты: А.А. Абдулин, С.З. Зиманов, Ш.Е. Есенов, М.Қ. Қозыбаев және О.С. Сәбденов.

Оразалы Сәбденов жас (40 жас шамасында) экономика ғылымдарының докторы, экономика институтының аға ғылыми қызметкері болатын, ғылыми ортада әлі танылып үлгермеген еді. Соған қарамастан жеңімпаздар қатарынан орын алды. Бұл сенсация болды. Сене қоюымыз қиын болды, бірақ бар құпия оның өзін-өзі жұмылдыра алуында және шешуші сәттерде алдағы мақсаттар мүддесі үшін басқаларды ұйымдастыра білуінде еді.

2. 1990-1995 жылдары республиканың алғашқы екі Парламентінің депутаты болған кезінде оларда алғашында Ғылымды және халыққа білім беру ісін дамыту мәселелері жөніндегі комитетті, ал кейінгі – экономикалық реформа жөніндегі комитетті басқара отырып, О.Сәбден Парламент отырыстарында сөйлеген сөздерімен,

әсіресе “Советы Казахстана”, “Социалистік Қазақстан”, “Егемен Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттерінің беттерінде журналистерге берген сұхбатымен және талдау мақалаларымен айтарлықтай байыпты белсенділік көрсетті. Олардың дені республиканың тәуелсіз дамуының алғашқы күндерінен бастап алдыңғы кезекте жүргізіліп жатқан экономикалық реформа проблемалары дағдарысқа қарсы шараларға, олардағы ғылымның рөліне арналды. О. Сәбденовтің басқа көптеген авторлардан өзгешелігі, ол орталық ведомстволардың, әсіресе Үкіметтің жұмысын фактілер келтіре отырып, сыни тұрғыда бағалап қана қойған жоқ, сонымен бірге олардың қызметін мақсатты түрде жақсарту алатындай модельдер ұсынып, нақты ұсыныстар мен кепілдемелер енгізді. Және де ең маңыздысы оның бастамашылығымен және авторлығымен “Жаңа экономикалық саясат тұжырымдамасын” әзірлеу болды. Тұжырымдама Парламент ресми түрде құрған құрамында 52 адам бар комиссияға, оны О. Сәбденовтің өзі басқаратыны ұсынылды. Құжатпен жұмыс бес айға созылды. Онда Үкімет өз міндеттерін атқара алмағандығы және әлеуметтік-экономикалық саланың әртүрлі секторларындағы тереңдей түскен дағдарыс үшін, сондай-ақ адамдардың тұрмыс жағдайының күрт нашарлауына негізінен Үкімет жауапты екендігі айтарлықтай өткір формада қадап көрсетілді, сол тұста осылай айту қажет болған. Осы “Жаңа экономикалық саясат тұжырымдамасын” Парламент 1995 жылы ақпанда мақұлдады. Бірақ төменнен айтылған сынды әлі тыңдап, дұрыс қабылдауға дағдыланбаған жоғары жақ құжатты жаратпай қарсы алды. Оның бәрінде биліктің дәмін татқандардың кеңестік тоталитарлық жүйеден мұра етіп алып қалған ескі әдеті сезіліп тұрады. Бұған керісінше, О. Сәбденовтың және ол басқаратын Комитеттің беделі көпшілік депутаттар мен халықтың көз алдында айтарлық-

тай өсті. Менің есімде жақсы сақталған, 1995 жылы наурызда орын алғандай, Парламент таратылғаннан кейінгі алғашқы күндерде барлық депутаттарға екі күн мерзім ішінде жұмыс бөлмелерін босату жөнінде өкім алған кезде комитет төрағасы О.Сәбденовтің кабинеті Парламенттен кетуден бас тартқан депутаттардың уақытша наразылық торабына айналды.

3. “Жаңа экономикалық саясат тұжырымдамасындағы” сыни пікірлері үшін Үкіметтің (премьер-Терещенко) және вице-президенттің (Е. Асанбаев) қырына іліккен О. Сәбденов 1995 жылы наурызда Парламент таратылғаннан кейін 11 ай бойы жұмыссыз қалды, ол бұл кезде танымал ғалым, экономика ғылымдарының докторы болатын. Оны елемеді. Осындай жағдайлардың өзінде де, ол 1999 жылы Республика Парламентіне депутаттық орны үшін күреске қосылып, өзінің дұрыстығын дәлелдеуге ерік-жігерін жұмылдыра алды. Үміткерлер айтарлықтай көп – 9 адам болды. Билік алдын-ала “мақұлдаған” және “қалаулы” кандидаттар тізімінде оның аты-жөні болған жоқ. Оның үстіне, республиканың өктемшіл басшылары тарапынан облыс әкіміне оны депутаттыққа “жібермеуді” тапсырады. Мен осылардың барлығы жөнінде сол уақыттарда және сол күндері О. Сәбденовпен Алматыда бір-біріне достық көңілде қарайтын бұрынғы депутаттар ретіндегі кездесулер кезінде естіп білдім. Тек іске Президент Н.Ә.Назарбаев араласып, жергілікті әкімге О. Сәбденовтің сайлау алдындағы науқанға “кедергі жасамауды” тапсырғаннан кейін ғана оның Парламент депутаттығына бәсекеге түсуіне нақты мүмкіндік туды. Бұл арада да оның мақсатқа жету жолындағы сарқылмас күш-жігері, сайлаушылар арасында үгіт жұмыстарын жүргізудің ойластырылған тактикасы айқын көрінді, ең бастысы оның депутат болып сайланған жағдайдағы іс-қимыл бағдарламасының нақты мақсаттары Шымкент қаласының

сайлаушыларынан ең көп қолдауға ие болды. Сөйтіп ол жеңіп шықты, 1995 жылы үшінші рет Парламент депутаты болды. Депутаттық орын үшін осындай қиын әрі оған анағұрлым қолайсыз жағдайлардағы бәсекелестік күресте ол өткен сайлаудағыдай 1999 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы сайлау округтерінің бірі бойынша төртінші рет Парламентке сайланды. Және бесінші ретте де, 2005 жылғы сайлауда бастапқы құжатталған қорытындылар бойынша Парламент депутаттығына сайлаушылар дауысының 62 пайызын алған. Ал бұл жолы үміткерлер саны 16 адам болған еді. Әділ жүргізілмеген “ойын”, дәлірек айтқанда, сайлау науқанының нәтижелерін бұрмалау оны республика Парламентіндегі заңды орнынан айырды. Бұл туралы ол кезінде тиісті билік буындарын және өзі мүшесі болып табылатын “Отан” партиясының басшылығын хабардар етті.

4. Оразалы Сәбденов “Ғалымдар одағы” қоғамдық бірлестігін құрумен байланысты тап болған, оны ұйымдастырудың негізгі ауыртпалығы соның иығына түскен, 2006 жылғы қыркүйек-желтоқсандағы айтарлықтай қиын, жеке басы ыңғайындағы қиын жағдайда да ол өзінің ғалым және ұйымдастырушы ретіндегі қайтпас мінезін көрсетті. Идея жақсы болатын. Республикада жүргізіліп жатқан инновациялық-индустриялық саясат міндеттерін шешу ісіне ғылыми жұртшылықты тарту мен олардың белсенділігін арттыруға ұмтылыс ізгілігі идея болған. Алайда, бұл басталғаннан-ақ неге екенін қайдам, Білім және ғылым министрлігінің басшылығына, олармен қоса басқа бір қоғамдық бірлестік “Ұлттық ғылым академиясы” басшылығына аса ұнамады. Оның үстіне Министрлік барлық жоғары оқу орындарының ректорлары мен ғылыми мекемелердің басшыларына, оларға тікелей жауапкершілік жүктей отырып, өз қызметкерлерінің 2006 жылы 25 қарашада Алматы қаласында шақырылған Ғалымдар

одағының құрылтай съезіне қатысуына кедергі жасауға тапсырма берді. Бірақ “бойкот” іске аспады. Қолайсыз ахуал мен ауа райы жағдайына (қыстың алғашқы аязды күндері) қарамастан жиынның сәті түсті. Оған қатысу үшін барлық дерлік облыстар мен ірі ғылыми және жоғары оқу орындарынан ғалымдар келді. Мұнда көрнекті ғалымдардың бастамашыл тобы республика Ғалымдар одағының бірінші съезін шақыруды әзірлеу мен ұйымдастыруды қамтамасыз ету міндетін сеніп тапсырған О. Сәбденовтің еңбегі зор десек болады.

5. Республиканың Білім және ғылым министрлігіне ведомстволық қарасты және бағынышты Экономика институтының директоры ретінде О. Сәбденнің жеке басы үшін траги-күрделі жағдай Ғалымдар одағының Бірінші құрылтай съезінің табысты жұмыстарынан кейін басталып кетті. Ғалымдар одағының съезінде төрағалық етіп, оның президенті болып сайланған болатын. Соның ертеңіне дерлік ол Астана қаласына шақыртып алынып, Министр (Б.С.Әйтимова) оны қажетсіз қоғамдық ұйым құрдың және сол арқылы “топшылдыққа” бардың деп айыптап, О.Сәбденовке Институт директоры қызметінен кетуді және тап сол арада осы жөнінде өтініш жазуды ұсынады.

Сәбденов бұлай жасаудан бас тартқан кезде ол сол мезетінде-ақ Институттық қызметін “тексеру” үшін жедел түрде Алматыға құрамында 6 жауапты қызметкер бар комиссия жіберу туралы бұйрыққа қол қойды. Сондағы мақсаты Институт директоры О. Сәбденовті қызметінен босату үшін кінәрат қыларлық материалдар іздеп табу болатын. Комиссия сол күні кідірместен жолға шығып, сенбі және жексенбі күндері институтта жұмыс істеді. Ғалымдар одағын құруға бастамашылардың бірінің жағдайға шұғыл араласуы және оның Министрмен арадағы әңгімесі мүмкін болатын нашар шешімнің алдын алды.

Мұндай жағдайда барынша шынайы ниетпен Ғалымдар одағын құру жөнінде бастамашылық топ құрамына енген бәріміз, соның ішінде мен де, жалпы осы істі бастау керек пе еді деп шындап күмәндандық. Сөйтіп шын мәнінде біздің топтық өтінішімізді орындаған О.Сәбденовке таңылған ресми айыптау үшін бар кінәні өзімізге алдық. Бұдан соң біз Ғалымдар одағымен байланысты бүкіл осы әрекетімізді доғаруға дайын болдық, тіпті солай шештік те. Бұл идеяны ең алдымен О. Сәбденовтің өзі де қолдайды ғой деп ойлағанбыз. Бірақ біздің танданысымызға қарай, ол көзделген жоспардан – республика Ғалымдар одағын құрудан бас тартпақ ойы жоқ екендігін байқағты. Ол Ғалымдар одағын Президент Н.Ә.Назарбаев алға қойған елімізді дамытудың ауқымды міндеттерін шешу тұрғысынан алғанда өте қажет деп санады. Ол өзінің қызметтік карьерасына төнген қауіпке қарамастан, алған бетінен қайтқан жоқ.

6. Менің Оразалы Сәбденов туралы, ірі экономист-ғалым және қарым-қабілеті мол жігерлі ұйымдастырушы ретіндегі бұрыннан қалыптасқан жақсы пікірім соңғы айлар мен жылдарда тіпті бұрынғысынан да беки түсті. Оны тәуелсіз Қазақстанды құрудағы аса қажет тұлға санап, ол туралы өз пікірімді республика Президенті Н.Ә. Назарбаевқа жеткізген жөн деп есептеп, оған 2007 жылғы 10 қаңтарда мына төмендегідей хат жолдадым.

Қадірлі Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сіз әрдайым басшы кадрларға, оларды іріктеуге мұқият қарайтыныңызды, білікті және іскер шенеуніктерді бағалайтыныңызды білгендіктен, мен Сіздің стратегиялық жоспарларыңызды іске асыруға шамасы жететін және қабілетті, лайықты адамдар қызмет етсе деген ізгі ниетпен Сіздің жаныңызда осындай қызмет атқаруы үшін

Экономика ғылыми-зерттеу Институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Оразалы Сәбденовті батыл түрде ұсына аламын. Ол маған ұйымдастырушылық таланты зор зерек тұлға ретінде көрінген және солай көрінеді де.

Сіз оны жалпы білетін де боларсыз. Ол 10 жылдан астам уақыт Парламент депутаты болды. Жас ғылым докторы кезінде-ақ, 1990 жылы бес ғалымның қатарында Академиядан Парламент (республика Жоғары Кеңесінің) депутаты болып сайланды, ал ондай дауыс беруге жіберілген үміткер ғалымдар саны 24 болатын, олардың 17-сі сол жылдарғы академиктер еді.

Ол осы жылдар ішінде ұдайы Парламенттің басты комитеттерінің бірін басқарды. Көптеген адамдардың пікірінше ол жаңа идеяларымен және жұмысқа қабілеттілігімен ерекшеленген. Әйтсе де бұл дағдылы нәрсе болып көрінетін, онымен іскерлік қарым-қатынаста болғанға дейін мен де сондай пікірде болатынмын.

О. Сәбденовтің таланты байқалған соңғы оқиғалардың бірін айтайын. Жуырда біз, 19 ғалым, оның ішінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясының 13 мүшесі бар, аразыдағы жасырақ ғалым және Институт директоры ретінде О. Сәбденовке Ғалымдар одағын құру мен оның бірінші құрылтай съезін шақыру жөніндегі әзірлік және ұйымдастыру жұмыстарын өз міндетіне алуды ұсындық. Біз бұл міндетті орындаудың қандай да бір қолдаусыз, тіпті осыған ең алдымен мүдделі болуға тиісті ведомство тарапынан қолдаусыз қиынға соғатынын байқадық. О.Сәбденов бұл міндетке барынша жауапкершілікпен қарап, керемет қарым-қабілет танытты. Қысқа мерзім ішінде Сіздің Қазақстан қоғамын дамыту жөніндегі стратегиялық бағдарламаңызды жүзеге асырудағы ғылымның рөлі мен оның жай-күйі туралы айтарлық-

тай сапалы талдау материал жазып шықты. Қажетті ұйымдық және процедуралық мәселелерді барынша ойластырып, мұқият іске асырды. Нәтижесінде барлығы гажап болып шықты (басқаша атай алмайсың). 2006 жылғы 25 қарашадағы қақпаған аязды күні құрылтай съезіне еліміздің барлық түпкірінен 600-ге тарта делегат жиналды. Ғалымдар, сірә, осындай қоғамдық ұйымды қажет еткен болар.

Ғалым ретіндегі, ұйымдастырушылық таланты мен орындаушылық мәнері жағынан, жеке басының қасиеттері бойынша О. Сәбденов кез-келген министр кабинетінің сәнін кіргізер еді.

Сізге деген зор құрметпен,
академик С. Зиманов.

* * *

Бұл хатта экономика ғылымдарының докторы Оразалы Сәбденов туралы не ойласам, соның бәрін айттым. Менің басқа да жанама мақсатым болған – ол еліміздің Президентінің құрылуына бастамашылардың бірі болғанмен де, Ғалымдар одағы қоғамдық бірлестігінің қажетті, маңызды рөлі туралы дұрыс хабардар ету еді.

10.03.2007ж.

*Тау-кен ғылымы саласындағы
дүниежүзілік деңгейдегі ғалым,
академик, қоғам қайраткері
А. Абдулин*

ТҰҒЫРЛЫ АЗАМАТ

Мен Оразалы Сәбденді үш тұғырда көрдім, сынадым, ойымнан шықты. Сол себептен бір-екі ауыз айтуға келісім бердім. Ол қазақтың тұғырлы азаматы екендігін тұңғыш 4-рет Парламент депутаты болып халыққа қызмет еткенде, Ұлттық Инженерлік академиясының академигі ретінде, экономист-ғалым ретінде дәлелдеді. Осы жайттарды қысқаша айтайын.

Бірінші рет мен Оразалыны жас ғалым ретінде Ғылым жөнінен Ленин комсомолы сыйлығына ие болғанда көрген едім. Екінші рет 1990 ж. Жоғарғы Кеңеске депутаттыққа кандидат ретінде ұсынғанда мүйізі қарағайдай академиктермен Зиманов С., Қозыбаев М., Есенов Ш., Жолдасбеков У., Қошанов А., т.б. тізерлесіп, табан тіресіп, жаста болса біліктілігін көрсеткені үшін оны ғалымдар-зиялылар депутаттыққа сайлады. Қателеспепті, үмітін ақтады. Егемендігімізді алар алдында, алғанда Оразалы көптеген заңдардың қабылдануына ат салысты, авторы да болды.

Менің есімде, біз Оразалымен 4 жыл бойы Жоғарғы Кеңестің партасында 3 қатардың 25-26 орнында қатар отырып, аға-іні ретінде талай саяси өмірді бастан кешірдік. Сол кезде де, кейін де жалпы 4 рет депутат болған уақыттарда да Оразалы шындық үшін, халық-ел үшін жан пида деп күресті. Билік жүйесіне жағымпаздық жасау, жеке басының мансабы үшін жұмыс істеу Оразалының болмысында болған емес.

Сол себептен де ол билік басындағыларға ыңғайсыз саясаткер, илеуге келмейтін ғалым, құр мақтай бермейтін экономист болды. Өзінің билік шыңында отыратын орнын өзі тежегендей болды. Себебі бізге әлі де жағымпаздар, жасампаздар, табанының бүдірі жоқ шенеуніктер керек заман болып тұр. Әсіресе оның өте өткір мақалалары кейінгі кезде газет беттерінде жарық көрді. Олар ел, зиялы қауымның аузында. Осы жағдайдан қарағанда Оразалы өзінің озық ойын, білімділігімен, біліктілігімен, оқ бойы озық көрегендігімен, демократиялық үрдістерді жақтайтындығымен **ерте туған – ертеңгі күннің азаматы сияқты болып тұрады**. Бұған Орекеңнің көптеген еңбектері куә. Мысалы Оразалының 1994 ж. жазған **“Жаңа экономикалық саясат концепциясы”**. Оның негізгі идеясы өз отандық тауар өндірушілерімізді қолдау. “Өзіміз өскіміз келсе өзіміз өндіруіміз керек”, – дейді Оразалы. Бұл дәл қазірде де дүние жүзі сауда ұйымына өтерде де өз тауарларымыздың бәсекелестігі күн тәртібінде тұрған мәселе.

Ол ғаламдану процесінде Қазақ мемлекетінің іргелі дамуы үшін Қазақстан Республикасының Президентіне, Өкіметіне 20-дан астам құнды ғылыми түрде дәлелденген ұсыныстар жазып, іске асыру жүйесін көрсетіп берді. Бұл өте сирек кездесетін жәйт. Оразалы көптеген мәселелер бойынша 400-ден астам ғылыми еңбек жазып келешек үшін үлкен мұра қалдырып отыр. Осы ғылыми еңбектеріне тұңғыш рет экономика саласында Мемлекеттік сыйлық берілді. Оның озық ойлы ғылыми гипотезалары мен болжамдары ХХІ ғасырдағы қазақ Мемлекетінің өркендеуінде үлкен орын алатынына мына 90 жастың төріне шыққан мен де кәміл сенемін.

Оразалының осынша батырлығы, қайсарлығы, бір беткейлігі неден деген сұраққа мен көп ойланып, ол

Тұрар Рысқұлов пен Бауыржан Момышұлының ұрпағы болғандықтан ба, әлде туған әке-шешесінен тәрбие алса да, 13 қыз туып бала болмағаннан соң 1,5 айлығынан Оразалыны өз қолына алған әжесі мен атасының еркелетіп, жас кезінде “тентек бала” атағын алған мінезінен бе деп түсінем. Не керек оның халыққа пайдасы көп балалы жанұядан шыққандығы да шығар. Бізде әлі де болса жастарды патриоттық сезімге үйрету шамалы болып тұрғандығы, халқымыздың санының да, сапасының да баяу өсуі қиналтады.

Сол кезде, Жоғарғы Кеңестің ғылым және білім комитетінің төрағасы ретінде, Оразалы Сәбден Өмірбек Жолдасбековпен бірге бірінші рет Инженерлік Академия құрылсын деген Жоғарғы Кеңес Президиумының шешімін алған. Орекең Қазақстанда инженерлік ғылымының дамуына 37 жыл бойы ат салысып келеді.

Оразалы ұлт жанды, ғылым десең биік деңгейлі ғылымы бар, саясат десең адал мықты саясаткер, ұйымдастырушы десең ондай қабілетіде зор, бір сөзбен айтқанда – тұғырлы азамат.

Әрине Оразалының өмірінде бәрі даңғыл жол болмады, ол қиындықты да, қиянатты да көрді, бірақ мойымады, сағы сынған жоқ, қиын өмір сынады оны, қайта шыңдады. Халқы үшін, елі үшін турасын айтам деп билікке жақпады, опа да шекті. Шындық бірақ жүзді, сөйтіп ол халқының қалаулысына айналды, елдің сүйікті азаматы ретінде әлі де жаңа ғана алпыс талтүске келіп отырған Оразалының қазақ халқына беретіні мол болатынына мен кәміл сенемін. Қазақ баласына – бір туар азамат Оразалы Сәбденұлындай-ақ болғын демекпін !

А.Қ. Қошанов,
ҚР ҰҒА академигі

УАҚЫТ ТАЛАБЫМЕН ҮНДЕСТІК ТАПҚАН

Оразалы Сәбден туралы айту және жазу жеңіл де, қиын да. Біріншіден, ол біздің замандасымыз, әріптесіміз. Екіншіден, ол біздің бетбұрыс кезеңіміздің жай ғана куәгері, сырттай бақылаушы емес, айтулы оқиғаларға белсенді қатысушы да. Тарих қойнауына кеткен өткен ғасырдың 70-ші жылдарының басында ол кездері толыққанды жұмыс істеген Қазақ КСР Ғылым академиясының Экономика институтының ұжымына оның қалай келіп қосылғаны есімде. Мен оның дәйекті ғылыми өсуінің куәсі болдым. Ол айтарлықтай қысқа мерзім ішінде инженер-экономист қызметінен бастап, ғылым докторы, бас ғылыми қызметкер дәрежесіне дейінгі жолдан өтті. Бұл ретте оның табандылығы, жігер-күші мен мақсаткерлігіне қоса, ол тап болған қолайлы ғылыми ортаның, оның алғашқы тәлімгерлерінің шешуші ықпалы болды ғой деп ойлаймын. Мен бұл орайда сол жылдардағы белгілі экономист-ғалым Р.М. Петухов пен “жылдамдық” ала түскен болашақ академик Т.Ә. Әшімбаевты айтып отырмын. Олардың екеуі де сол жылдары серпінді даму үстіндегі экономиканың көкейкесті міндеттерін шешуге бағдар ұстануы жағынан уақыт сұранысы деңгейінде болуға ұмтылды. Ол кезде әлі болашақ астаң-кестең өзгерістер мен қирап-бүлінудің ешқандай белгісі жоқ болатын. Жүйе тұрақты дамып келе жатты, 20 жылға есептелген және бүкіл Одаққа ортақ “Ғылыми-техникалық прогрестің кешенді бағдарламасын” іске асыруда жаңа шептер белгіленді. Жас Оразалының бойындағы “Жаратушы сыйлаған ұшқынды” ҒА корр. мүшесі Р.М. Петухов

байқап, ұқыптылықпен бағыттап отырды. Өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру, оның техникалық-технологиялық деңгейін көтеру проблемалары, олар егемен Қазақстанның индустриялық-инновациялық бағдарламасын іске асыруда бүгін де көкейкесті және кешеуілдетуге болмайды, Оразалы Сәбденнің шығармашылықтың кең жолына шығарған “алтын арқау” болды. Оның ғылымдағы атын шығаруға Мәскеудегі докторантурада болған жылдары да жәрдемдесті, оның таланты ашылып, ғалым-азамат ретінде “қанаты” қатайды. Нақ осы академиялық мектеп оның саясаткер, мемлекетшіл реформатор, Қазақ КСР Жоғары Кеңесі, егемен Қазақстан Парламентінің бірқатар комитеттерінің жетекшісі, ТМД Парламентаралық Одағының белсенді қайраткері ретінде қол жеткізген тамаша табыстарын айқындаған негіз, самғау алаңы болды. Тағдыр Түлкібастан (Түркібас) шыққан қарапайым жас жігітке, оның ең өнімді жұмыс істеген жылдары туған республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде жариялануымен және қалыптасуымен тұспа-тұс келген шақта өзін ғалым, парламентарий ретінде көрсетуіне басқаша өмір жол ұсына алмас-та еді. Оразалы осы айтулы жылдардың маңызын іштей терең түйсінеді және өзін дүбірлі оқиғаларға қатысушымын деп қарап, олардың іске асырылуына қосқан үлесін сезінеді.

Оразалының санасында жастайынан-ақ туған халқының мүдделері, қажеттері мен арман-аңсары басым түсіп жатты. Меніңше мұның бәрі оның кіші отаны – Қаратау сілемдерінің, оның Қазақстан тарихының даңқты беттерін жазған айтулы перзенттерінің рухы мен ұмтылыстарынан дарыған ғой деп ойлаймын. Маған ол жерлерде әлденеше рет болудың, халықпен араласудың орайы келген, және де Тұрар Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Бауыржан Момышұлының өмірлік ұлағаты олардың ұрпақтарының

ерекше мақтанышына айналған деген әсер қалыптасты. Олардың аурасы мен ғажайып тұлғасы адамдардың тұлбайы мен санасына сіңген. Шынымен де осынау оазис жан жадыратады, ол “Мың бастау” деген атқа жайдан жай ие болмаған. Арыс өзені бойындағы ауылдар жап-жас тоғайларымен жүздеген шақырымға жалғасып, Шымкентке созылып жатыр. Елді мекендер бірі бітсе, екіншісіне жалғасатын Орталық Еуропаның аумағымен өтіп бара жатқандай әсерде боласың. Бұдан соң қазақтар құтберекелі жерлерді таңдай алмаған дегенге сендіріп көр. Оларды шөл далаларға, резервацияға өгей-тарих отарлау ығыстырып тастаған.

Меніңше, Оразалы Сәбденнің бойына азаматтық, отансүйгіштік дәнін оның кіші Отаны екен тәрізді. Ол отанының аты – Түрік қағанаты кезінде түрік тайпалары бабаларының бірінің есімімен “Түркібасы” деп айтылған. О.Сәбден Парламент қызметінің барлық жылдарында мемлекеттік мүдделерді дәйекті түрде басшылыққа алып, патриот ретінде қызмет етті, стратегиялық деңгейдегі заңнамалық және нормативтік актілер шығаруға бастамашылық жасады. Бұл 1990 жылдардың бас кезінде барлық деңгейде кең пікірталасын туғызған, экономиканың нақты секторын қолдау мен орта тапты қалыптастыру идеяларын ұсынған “Жаңа экономикалық саясат тұжырымдамасына”, сондай-ақ ғылым мен ғылыми-техникалық прогрестің көкейкесті мәселелеріне де қатысты. Ол Жоғарғы Кеңестің Білім және ғылым жөніндегі комитетінің төрағасы бола отырып, мұғалімдердің, ғылым кандидаттары мен докторларының, аспиранттар мен кіші ғылыми қызметкерлердің еңбек ақысының ұлғайтылуына қол жеткізді. Мұның бәрін “Білім беру туралы Заң”, “Ғылым және ғылыми технологиялық саясат туралы Заң” арқылы жасады. Еліміз әлі жүйелік-қаржылық экономикалық дағдарыста тұрған кезде, ал экономиканы сауықтырудың

монетарлық тұжырымдамасы елді “prosperity” даңғыл жолына шығарудың бірден-бір амалы болып көрінген тұста, принципті сипаттағы бұл ұсыныстардың маңызы ерекше еді. Бұл, шетелдік кеңесшілер нарықтық бейімделудің әліппесін ескермей ел экономикасын нарық қыспағына киліктірген кезең болатын. Мұндай жағдайларда О.С. Сәбден өзін дәйекті, өткір саясаткер ретінде танытып, жалғыз өзі ең қымбат капитал – елдің ғылыми және педагогикалық әлеуетінің мүдделерін қорғады.

Республика әлі терең депрессия жағдайынан шықпаған ең қиын кезең 90-шы жылдардың аяғында О. Сәбден “Қазақстан экономикасын қалпына келтіру үшін не істеу керек?” атты іргелі монографиялық еңбегін шығарды, онда экономикалық реформалардың баламалық тұжырымдамасы ұсынылған. Ол өндіріс факторларын пайдаланудың жаңаша жолдарына, мемлекеттік басқару мен нарықтық реттеудің басқаша принциптеріне бағдарланған. Монография елімізде нарықтық реформаларды шығармашылықпен тереңдетуге оң ықпал етті. Кітап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына лайықты түрде ие болды. Оның ғылымдағы 25 жылдық шығармашылық ізденісі мен республика Парламентіндегі сан қырлы қызметі осылайша қорытындыланған секілді. Республиканың жоғары заң шығарушы органында 4 мерзім бойы мүше болған кезінде О. Сәбденнің саясаткер, азамат, қоғам қайраткері ретіндегі әлеуеті толықтай дерлік жарқырай ашылды.

Оразалының мемлекет адамы, елдің патриоты ретіндегі өмірлік жолы одан әрі Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры лауазымында көрінді. Ол онда Қазақстанның мүдделерін, екі ел арасындағы шынайы ынтымақтастықты дәйекті түрде, принципті позициялар тұрғысынан қорғады. Өкінішке орай, ректордың принципшілдігі оның жеке карьерасына келеңсіз әсерін тигізді.

Әділеттілік пен шындыққа ұмтылған басшы қалтарысқа “ысырылып” қалды. Оның позициясы мойындалғанның өзінде осылай болды. Бірақ бұл “қамшының өрмесі өз сабын жөнге сала алмас” дейтіндей жағдай еді. Республиканың жоғары заң шығарушы органында және Түрік мемлекеті тарапынан жас республикаға жоғары достық ишарат белгісі мен қолдауы ретінде дүниеге келген халықаралық жоғары оқу орнын басқарған жылдарында О. Сәбден өзін саясаткер ретінде сезініп, әрекет етті, мемлекеттік маңызы бар міндеттерді шешуге күн сайын қатысып отырды. Бірақ тағдырдың тартуы дегеніміз сонда, ол бастағаннан-ақ ғалым болып қалып, өз шешімдері мен ұсыныстарында жүйелік көзқарастарды басшылыққа алып келеді. Осы жылдардың барлығында ірі жүйелік-ғалым, экономиканы ұйымдастыру мен басқару жөніндегі маман ретінде Қазақстанды нарықтық реформалау жайында өзгеше жолдар ұсынып жүр.

Тағдырдың өзі де соны қалағандай, жоғары органдардың жолдамасы бойынша қазір О.Сәбден өзінің “Alma mater”-іне – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Экономика институтына басшылыққа оралды. Барлық жылдарында бұл институт, басқару экспериментінің академиялық табиғатын сақтап, экономикалық теория мен практиканың іргелі мәселелерімен толыққанды айналысып келеді. Оразалы Сәбденнің бастамашылдығы мен шығармашылық белсенділігі ғылыми ұжымның жұмысына игі ықпал етуде. Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 50 елдің қатарына кіруін ғылыми қамтамасыз ету үшін экономикалық ғылымның принципіалды жаңа проблемалары, республиканың бара-бар бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуінің, индустриялық-инновациялық стратегияның, корпоративті басқару мен меншік қатынастарын реттеудің көкейкесті мәселелері басымдықпен қойылып, шешілуде. О. Сәбден бұл орайда ұжымды ғылымның экономикалық

саясатқа, мемлекеттік басым міндеттерді шешуге белсендірек араласуына бағдарлап, соны талап етеді. Оның академиялық ғылым мен ірі, тағдыр-талайлы шаруашылық шешімдерінің ықпалдасуына көзқарасындағы жаңашылдық пен жетістік бастауы міне осында. Ғылыми қызметті демократияландыру, барлық санаттағы қызметкерлердің шығармашылық мүмкіндігі мен бастамашылдығын ашу тұрғысында О. Сәбден “Қазақстанның ғалымдар одағын” құруға мұрындық болды. Бастаманы академиктер шоғыры мен республиканың жетекші ғалымдары қолдады. Оразалы Сәбденнің “Ғалымдар одағының” президенті болып бірауыздан сайлануы ғалымның сіңірген ғылыми еңбегі мен ұйымдастырушылық талантын мойындаудың көрінісі.

Оразалы Сәбден өзінің 60-қа толар шағында шығармашылық күш-қуатының нағыз толысқан кезінде тұр. Оның туған республикасының игілігі, гүлденуі мен құт-берекесінің артуы жолында ойға алған ізгілікті істері көп. Оның өмірлік ұстанымы осындай. Біздің ортамыздағы мерейтой иесі, ежелгі гректер айтатындай “акмэ” жағдайында, толысқан, рухани және күш қуатының кемелденген шағында. Біз, оның әріптестері, оған осы үйлесімнің әлі ұзақ жылдар бойына сақталуын тілейміз.

Академик К. Нәрібаев

Көрнекті қайраткер, білікті басшы, белгілі ойшыл-ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор Оразалы Сәбден 60 жасқа толып отыр. Орекең сияқты ардақты азаматтың қоғамдағы орны өмір сүрген жас санына қарап емес, сол өмірдің мазмұны мен мағынасына, бітірген берекелі істеріне, еліне сіңірген ерен еңбегіне қарап анықталатыны айқын. Өйткені профессор О. Сәбденнің осы уақытқа дейін сан-салада тындырған тірліктері әрі қомақты, әрі маңызды. Әсіресе, ғылымдағы еңбектері бір төбе.

Оразалы ғылымға жастай келді. Әлі беті ашылмаған тың тақырыпты таңдап алып, ойдағыдай кандидаттық диссертациясын қорғап, ең жас ғылым кандидаттарының бірі болды. Ғылымда ашқан жаңалықтары мен өндіріске енгізген тиімді ұсыныстары үшін, Орекең орда бұзар отыз жасында Ленин комсомолы сыйлығының иегері атанды. Қамал алар қырық жасында докторлық диссертация қорғап, экономика ғылымдары саласындағы ең жас доктор болды. Содан бері О.Сәбденнің экономика ғылымын дамытуға қосқан үлесі ұлан-ғайыр. Үш жүзге жуық ғылыми еңбектері жарық көрді, оның ішінде өте қомақты ондаған монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары бар.

Еліміздің егемендік алып, экономикамыз нарықтық қатынастарға көше бастағанда, осы нарықты алғашқылардың бірі болып зерттеген, өзінің келелі, ұстамды, өндіріске пайдалы ұсыныстарын іске асыруға ұмтылған белсенді ғалым ретінде көзге түсті. Осы тұрғыдан ерекше ажыратып айтатын мынандай мәселе бар. Ғалым-депутат О. Сәбденнің ғылыми жетекшілігімен жасалған еліміздегі “Жаңа экономикалық саясат Тұжырымдамасы” ҚР Жоғары Кеңесінде қабылданып, іске асырылуға ұсынылды. Бұл ресми құжат экономикамыздың дұрыс бағытпен дамуына үлкен әсерін тигізді.

Осы уақытқа дейін нарықтық экономика өзін-өзі реттейді деп Өкімет тікелей оған араласудан аулақ болып келген. Тек заң шығарумен ғана айналысып экономиканы басқаруда өз рөлі мен жауапкершілігін төмендетіп алған. О. Сәбден көптеген дамыған елдердің нарыққа көшу тәжірибесін зерттей келе, осы өтпелі кезеңдегі Өкіметтің тікелей атқаратын міндеттерін анықтап берді. Нарықтық кеңістікті кеңейте отырып, отандық тауар шығаратындарға мемлекеттік көмек керектігі баса айтылды. Әлеуметтік мәселелерді шешу Өкіметтің мойнында екендігі ескертілді.

Осы Тұжырымдаманың маңыздылығы сонша, оның негізгі қағидалары көп уақытқа дейін Өкіметіміздің жасаған бағдарламаларында тұрақты орын алып, экономикамыздың дамуына үлкен үлесін қосты. О. Сәбденнің 11 ғылыми еңбектерінде жан-жақты зерттеліп, “ҚР нарықтық экономиканы дамытудың концептуальды негіздері” деген атпен жүйеленген қомақты еңбегі 2003 ж. Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

О. Сәбденнің қайраткерлік қызметі өзінше бөлек әңгіме. Ол 1990 ж. бүкіл ғалымдар атынан, Қазақстан Ғылым Академиясы атынан ҚР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. 1990-1993 жж. осы Кеңестің ғылым және білім саласынындағы Комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Жоғарғы Кеңестің келесі 13 шақырылымында тағы да депутат болып сайланып, 1994-1995 жж. оның экономикалық реформа жөніндегі Комитетінің төрағасы болды.

Орекең бұдан кейін де екі рет Мәжіліс депутаты болып, Парламентте өз қызметін үлкен абыроймен атқарып келді. Депутат ретінде О. Сәбденнің жасаған игілікті істері толып жатыр. Оның бірі жоғарыда айтып кеткен жаңа экономикалық саясатты іске асыру болса, оның жалғасы ретінде елімізде оқу жүйесін жақсартуға арналған жаңа заңдарды

қабылдауға ат салысуы болды. Оларды жай қабылдап қана қойған жоқ, сол заңдар арқылы мұғалімдердің еңбегін жеңілдетіп, апталық жүктемесін азайтып, жалақыларын көтеріп, кейбір әлеуметтік мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызды. Депутат О. Сәбденнің ұсынысы бойынша 1999 ж. қабылданған “Білім туралы” заңның жаңа үлгісіне үлкен жақсы жаңалық енгізілді – ғылым кандидаттарына бір минимальді жалақы көлемінде, ал ғылым докторларына екі минимальді жалақы көлемінде қосымша ақы төленетін болды. Бұл жаңалық ғалымдардың жағдайын бір көтеріп тастады. Мұндай жақсылықтар депутат О.Сәбденнің қызметінде көптеп кездеседі.

Орекең қоғам қайраткері ретінде бір елдің шеңберінен шығып, халықаралық деңгейге танылған азамат. Ол ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясында білім, ғылым және мәдениет саласындағы тұрақты комиссияның басшыларының бірі болды. Сөйтіп осы салаларда халықаралық талапқа сай келетін модельдік заңдарды жасауға, солар арқылы ТМД елдерінің арасындағы интеграциялық үрдісті дамытуға өз үлесін қосып үлгерді.

Профессор О. Сәбден 2001-2003 жж. Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің президенті қызметін атқарды. Осы жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасын жақсартып, ғылыми потенциалын нығайтты. Біраз мамандықтар бойынша жаңа ғылыми орталықтар, аспирантура, магистратура, докторлық диссертациялық кеңестер, колледждер мен лицейлер ашылды. Ауылдан оқып шыққан балаларға университетке тегін түсіп оқуға мүмкіндік жасады.

Қазір Орекең еліміздегі белгілі ғылыми орталық Экономика институтын басқарып отыр. Осы ұжымның көптен бері қордаланып қалған мәселелерін шешіп, оны әйгілі ғылым орталығына айналдырмақ. Ойың орындалсын, жоспарың іске асын демекпіз Орекеңе.

Профессор Оразалы Сәбден өз мерейтойын үлкен творчестволық табыстарымен қарсы алып отыр. Еліміздегі ғылыми ортада және білім жүйесінде оның абыройы өте биік. Халықаралық және отандық бірнеше ғылым Академияларының толық мүшесі, академигі. ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының төралқа мүшесі және экономика секциясының төрағасы. Оның үстіне 2006 ж. белгілі ғалымдардың ұйғаруымен құрылған “Ғалымдар Одағының” президенті болып сайланды.

Орекеңді 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, басына бақ-береке, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, мол творчестволық табыстар тілейміз.

ҮЛКЕН ӨМІРДІҢ КІШКЕНЕ ТАРИХЫ

*“Адамилықтың ешнәрсесі
оган жат емес...”*

Осындай кездерде болатындай және тәжірибе көрсетіп отырғандай әріптес-ғалымдар, қоғамдық және саяси тұлғалар, жұмыстарындағы ортақ қолдаушылар, жолдастары мен жерлестері мерейтой иесі Сәбденге өздерінің мақалалары мен сындарын оның биографиялық мәліметтеріне, оқиғаларға, қиын да күрделі ғылым аясындағы жетістіктеріне, Оразалының белгілі парламент мүшесі, Қазақстанның саяси және қоғамдық өмірде атақты адам болуына, өзінің бағытын иеленетін және Қазақстан Республикасының білім мен ғылым аясындағы еңбегіне лайықты атағына арнайды. Әрине, авторлар барлық мақалаларын, көптеген атақтары мен құдай оны кенде қылмаған басқа да жетістіктерін айтып, той иесіне лайықты мақтаныштарын жеткізуге тырысады.

Алайда, жинақтаманы құрастырушылар ондағы мақалалар стилі жағынан өзгешеленгенімен, оның мазмұны жағынан, жарайды, жақсы және қайырымды болсын, бірақ “құрғақ” әсірелеуші, шаттанарлық және мақтамалы жинақтамаға айналып кетпейді ме деп дәйекті түрде қауіптеніп отырып, Оразалы мен оның отбасының байырғы досы маған О. Сәбден туралы өзімнің пікіріммен бөлісіп, тек жұмысы мен ғылым жағынан емес, жалпы қауымға белгісіз, Оразалы мен біздің күнделікті өмірімізбен байланысты басқаша бір, тың оқиғалар туралы жазу жайындағы ұсыныстарымен маған жолықты. Оразалы өмір сүрген және өмірін жалғастырып та келеді, жасаған және халықтар арасында жасап келеді, жаңашылдыққа ұмтылды, жетістіктерге қуанды, ащы

мұң мен қателіктерді бастан кешірді, ғылымның шыңын бағындырды және оның бәрін жалғыз жалаңаш аралда жүріп емес, жұбайы Жанатпен бірге отбасын құра отырып, балалары мен немерелерін өсіруде, өзінің бауырларына қамқорлық танытуда. Ол ең алдымен адам, сондықтан өмір сүруде және халықтар арасында адамдар үшін жасауда және Оразалыны қоршаған халық, әріптестері, жолдастары өз кезегінде оның жетістіктерінің себепкері ретінде ол үшін уайымдайды, сонымен бірге қуанады. Сондықтан жалпы қатарды бұза отырып, осы мақсатта толықтырулар енгізуге тура келді.

Оразалымен танысу және оның ары қарай нағыз азаматтық достық пен балаларымыз бен отбасымыздың арасындағы достыққа айналуы, қателеспесем 1971 ж. күзінде оның Қазақ ССР Ғылым академиясының Экономика институтына жұмысқа келуімен басталды. Ол мінезінің ақкөңілділігі мен қарапайымдылығының арқасында институттың шағын ұжымына тез-ақ сіңісіп кетті, өз адамымыз болды, сосын жас ғалымдар арасында жетекші және кейіннен ақырындап “step by step” ретінде үлкендердің сенімі мен құрметін жаулап алды.

Егер Оразалыны адам және тұлға ретінде айтатын болсақ, онда ең алдымен оның туа біткен мінезін айта кеткен жөн. Оны үлкен еңбек сүйгіштігі және жалпы жемістілігі мен ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қабілеті ерекшелейді. Сондай-ақ, ол мақтауға тұратындай сапалы күрескер ретінде көрінеді: қойылған мақсатына жетудегі табандылық пен талаптылығы (тіпті қайсар деп айтатын едім). Зерттеу жұмысындағы ғылыми мақалаларды дайындау мен жобаларға қатысуда және парламенттік қызмет кезінде заңнамалық актілерді талқылауда, сондай-ақ кез-келген басқа да істерде Оразалы белгілі келбетте ойшыл, тыңғылықты, ой-пікірін талдауға қабілетті болып

көрінеді. Өзінің тиянақты да терең білімділігіне қарамастан, ғылымдағы ең биік шыңдарына жете отырып, жаңа білімді меңгеруге ұмтылуды, өзінің ғылыми қорын жан-жақты кеңейтуді доғарар емес. Сондықтан, өзінің мақалалары мен республика басшылығына жазған хаттамаларында Қазақстан экономикасының сапалы серпілісін қамтамасыз ету үшін республика экономикасын диверсификациялау және оның бәсекеге қабілеттілігін көтеруді О. Сәбден мүмкіндігінше дәйектеп, экономиканы басқару мен жоспарлаудың жаңа лайықты әдісін енгізуге, мамандарды оқыту мен дайындауға, сондай-ақ инновациялық процестерді ынталандыруға ерекше көңіл бөліп, табандылықпен ұсынатындығы кездейсоқ емес.

Оразалының мінезінің жақсы жақтарын әлі де көп айтуға болады, оның мәдениеттілігі, өмірлік жолда шығатын қиындықтарды жеңудегі табандылығы, өзгерген жағдайға тез бейімделіп соған жылдам әсер ету қабілеттілігі, жақсы жағынан қарастыратын болсақ қандай істе болсын жаңашылдықты ізденудегі талпынысы мен құмарлығы. Ал дәл сол уақытта ол қарапайым өмірде жинақтылығымен, ұқыптылығымен және сақтылығымен ерекшеленетін адам болып табылады. Мысалы, ол киімдерін іліп қойып немесе пәтердің кез-келген жеріне тастай салуы мүмкін (жинайтын адам бар игі), сосын ұмытып, затын немесе қағазын қай жерге тастағанын есіне түсіру қиынға түседі. Кейде ол маңғаз кейіпке енеді, бірақта оған ол жараспайды, себебі жалпы қарасақ ол айтарлықтай қарапайым адам. Ол парламенттегі тәжірибелік кезеңде және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінде ораторлық өнердің жоғары қабілетіне ие болу керек болатын, алайда, сөйлеу және өзінің ойын дұрыс жеткізу қабілетіне қарамастан оратор бола алмады.

Оразалы өткір қалжыңдар мен әзіл-оспақтардың мәнін түсінеді (“қалжың” – бұл қазақтардың ұлттық қасиеті), өзі

қалжыңдағанды жақсы көреді, өзіне айтылған қалжыңдар мен мысқыл ескертпелерге ренжімейді, егер де қалтырасаң немесе ренжісең өзіңе қиын болатындығын біледі.

Оның отбасына, жұбайы Жанатқа, балаларына, немерелеріне, бауырлары мен туысқандарына деген қамқорлығы бөлек бір арнайы әңгімеге лайық. Бұл жайында олардың өздері айтсын, ал біз Оразалының үлкен өмірімен байланысты кішкене бір оқиғаға өтеміз. Адам солай жаратылса керек, бұрынырақта болған кейбір өмірлік жағдайлар, яғни уайымдауға тура келген, және де шытырман үзінділер уақыт өте келе жылдар өткен соң күлкілі және жан жылуымен еске оралады, яғни бұл да өміріміздің бір бөлігі.

* * *

70 жылдардың басында экономикалық ғылымға деген жаңа көзқарастың пайда болуымен, экономикалық құбылыстар мен үрдістерді талдаудың прогрессивті әдістерінің енгізілуімен, экономика-математикалық оптимизациялық модельдерді қолдану және өңдеумен байланысты жаңа адамдардың келуі Экономика институтында экономика ғылымын дамытуда жалпы көзқарасты біріктірген, қоғамның рөлін күшейтуге талпынған, әкімшілік қызметінің шынайылығы мен ашықтығын, институтты партиялық және кәсіподақтық етіп ұйымдастыруда, сондай-ақ спортта, туризмде және қоғамдық өмірге жалпы қызығушылық танытуда жас зерттеушілер топтамасы қалыптасты. Ал осы қызметкерлердің арасындағы байланыс кейбіреулерінде тығыз азаматтық достық пен отбасылар арасындағы достық қатынастың нығаюына алып келді.

Барлық достары мен қызметтестері Оразалының оларға таңсық спорт және туризм аясында жылдам қабылдап,

дағдыланатын және қысқа мерзімде жақсы жетістіктерге жететін таңғаларлық қабілетін айтатын (алайда сол уақыттың өзінде ол КСРО бойынша еркін күрестен мастер болатын). Мысалы, ол бәрімен қатар шахматты, үстелдік теннисті, волейбол немесе кейіннен бильярдты үйренуді бастаған болатын, сосын қысқа уақыттың ішінде басқа қызметтестерінің қабілетін басып озып, оларды жеңе бастады және осы спорт түрлерінде тәжірибелі ойыншылар мен мастерлердің “белдеуінен басатын” болды. Оны “жан-жақты спортсмен” деп бекер айтпаған.

Есімде, кезінде Оразалы өзінің шамамен 7 жасар сүйікті баласы Қайратпен бірге оңтүстіктің қазағы Шымкенттіктерге бұрынырақ таңсық болған қыстық спорт түрі – шаңғы тебуді үйрене бастағандығы. Мен, тумысым солтүстіктің қазағы оларға және оның туысы Қалдыбаев Оразбекке Есентай (Весновка) өзені қасындағы трамплин аймағында шаңғыда қалай жүру, жүгіру және сырғанау керектігін көрсеткен болатынмын. Тіпті бір реттен кейін құлағаны мен жарақаттанғанына және жалдамалы шаңғының сынғанына (әрине оны МНС-тік жалақыдан төлеуге тура келеді) карамастан Оразалы мен Қайрат сенімді түрде қажырлылық танытып, айтарлықтай биік төбелерден батыл сырғанап бастады. Ал Қалдыбаев Орекеге шаңғыны үйрену қиынға соқты, алайда ол да берілгісі келмеді. Кейіннен ол бір ылдидан қалай түсе алатындығын көрсетпекші болды. Алдымен ол жерден Оразалы екеуіміз түстік, шаңғыларды қойдық, сосын осылайша Орекеге түсуді ұсындық және қалжыңдай оған: “Абайла, анау тұрған талға соғысып қалма” дедік (тал шаңғыдан 20 метр жерде тұрған болатын). Айтқандай-ақ болмады, Орекенің сырғанап бастағаны сол еді, қандай да бір күш шаңғысын солға қарай бұрып, тура талға қарай бағыттап жіберді және сол қарғыс атқыр талға соғысты да қалды (шаңғының бірі сол жақта, бірі оң жақта).

Қазір соны ішек сілең қата еске аласың, ал ол кезде біреуге құлкілі болған жоқ тұғын.

Шахмат 70 жылдары бізге “ауру” сияқты болатын, біз түскі үзіліс кезінде немесе кешке жұмыстан кейін бес немесе үш минуттық шапшаң-партияларға ғана отыра алатынбыз. Тіпті кейбіреулеріміздің арамызда шахматтық үзілістер арасын да кандидаттық диссертацияны да істеп үлгерді деген сияқты әзіл жүретін. Қатаң шахматтық шайқаста талай шахматтық кәсіподақ сағаттары сынған болатын. Бірақ осындай шынықтырулар академиялық шахмат олимпиядасында Экономика институтының командасы әрдайым құрметті алғашқы орындарда тұруға себепші болды. Оразбек Қалдыбаев, А. Мурзин, Зада Қаржағанұлы Қаржағанов сияқты мықты шахматшылармен қатар Экономика институтының жақсы шахматшылар арасына Оразалы Сәбден де ытылып шықты.

80-жылдардың басында біз жаппай үстел тенисіне құмартуға ұрындық. Бұрын ешуақытта ракетканы қолда ұстамаған біз бұл құмар ойында шарды тек сеткадан асыруды үйренген жоқпыз, сонымен қатар кеспелі соғуларды, шарды айналдыруды және қорғануды үйрендік. Тағы сол уақытта кейбір қызметтестер сияқты тек шамалы допқа тигізуді үйренген, ал Оразалы бұл ойынды тез меңгеріп алды.

Біздің ерекше айналысатынымыз туризм, тауға шығу болды. Жорыққа сенбі, жексенбі күндері жазда да, қыста да шығатынбыз. Біздің компания Алматының айналасындағы таулардың барлық туристік бағыттарын шарлап шықты. Біз ең атақты Мохнатку тауының шыңынан бастап, “Просвещенец” демалыс үйінен Көк-жайлау арқылы Үлкен Алматинка өзенінің белдеуіне дейін, Медеуден Кім-Асар асуы арқылы Бутаковка шатқалына дейін жеттік. Осылайша демалыс күндері неғұрлым күрделі бағыттарды бағындырдық: Алматау турбазасына дейін (Талғар қ. ары)

және ол жақтан екі кішігірім асулар арқылы қайта Бутаков-ка мен Медеуге шығатынбыз.

Менің 1973 жылғы “үгіт-насихат” пен “жарнамаман” кейін топталып жорыққа шығып, өзімізге айтып жеткізе алмастай тау шыңындағы Көлсай көлінің кереметін аштық. Өмірінде оны тек бір көрген адам тау жотасы мен биік Тянь-Шаньдық шыршалар жиегіндегі маржандай жарқыраған су айналарын ешқашан ұмытпас.

Көлсай көлі осыдан жүз елу жылдай бұрын тау жыныстарының қозғалысындағы жер сілкінісі кезінде топырақ көшкінінен тау шатқалындағы өзеннің екі жерінен тау жынысарымен бөгелу нәтижесінде пайда болған. Кристалды таза салқын су 60-70 метр тереңдігімен таудың кереметі мен ормандар анық шағылысып, көрінуде; демалып құмарың қанбастай таза ауа; ол жерде қабандар, бұғылар, қояндар және басқа да жануарлар өмір сүреді, сондай-ақ әрине қасқырлар (өйткені айналасында шопандардың шаруашылықтары көп), онда әртүрлі биіктік белдеулерінде көптеген ағаштардың түрлері (оның ішінде ең әдемісі – шыршалар), көптеген өсімдіктер мен жемістік бұталар өседі. Бұл жер жиі жауып тұратын жазғы жауындардан кейін қалалық саңырауқұлақшылардың еркін алаңы, жергілікті тұрғындардың (негізінен 90%-ы қазақтар) оған қызығушылығы төмен. Есесіне жергілікті тұрғындар 60-жылдардың соңында КазМУ-дың ихтиологтары тәжірибе ретінде жіберіп, Көлсай көлі мен шатқалды бойлай қарқынды көбейе бастаған форельдің (кейбіреулері 50 см. дейін және салмағы 4-5 кг. дейін жететін) дәмін білді. Кеңестік жылдары қорықтағы көлдер мен форель қатаң қорғалатын, алайда 90-жылдардың басы мен ортасындағы ретсіздік кезінде жергілікті тұрғындар осы патша балығын тазалап аулап алуға (әсіресе қыстағы мұз астынан аулау нәтижесінде) сәл-ақ қалды.

Біздің топ Көлсай көліне тұрақты түрде барып тұруға құмартып алды. Бірнеше рет салмағы 40 кг. болатындай ауыр дорбашалармен бірінші көлден бастап екіншісіне, ары қарай үшіншісіне шықтық, сосын таулы Сарыбұлақ асуы арқылы Қырғызстанға өтіп, Ыстықкөл көлінің жағасындағы академиялық демалыс үйі “Самалға” демалып, шомылуға және қыздырынуға тоқтадық. Және әр жорығымыз күлкілі жағдайлар мен оқиғаларсыз болған емес, оның ішінде міндетті түрде Оразалы да болатын.

Көлсай көліне бірінші барған кезімізде біз басқаларға қарағанда ерте оянып, жан-жақтағы кеңістік пен төмендегі көлдің кереметін және де қоршаған табиғи ортаны жақын жердегі құзғын тау биігіне көтеріліп көріп қайтуды ұйғардық. Жоғары көтерілгенде бізге үлкен сырғымалы тастар шоғыры кездесті және оны айналып өтудің орнына біз ақымақ (Оразалының айналып өтуге уақыт жоғалтқысы келмеді) тікелей кесіп өтуді ұйғардық. Оразалы бастамашы ретінде шөгіндінің бойымен бірінші қозғалып, ортасына дейін жетті. Осы кезде тастар массасы қозғалысқа келіп үдемелі түрде сырғи бастады. Біздің батырымыз тастармен бірге сырғанай отырып, сасып қалды (төменге қарай 300 метрдей сырғанауға тура келді). Мен тастар шуының арасынан айқаладым: оңға қарай сырғана, онда шөгіндінің ортасында бұталар бар, солардан ұстап қалуға тырыс. Ол батылдығына мініп, солайша істеді. Мен шөгіндіні жоғары жағынан тар жолмен айналып, сәтсіз досыма қарай түсіп, ұзын сырық ағаш тауып алып Оразалыға қарай создым. Ақырында ол сырыққа жармасып, әрең дегенде ытылып тас бұғауынан шықты.

Келесі бір кезі біз екінші көлде палаткаларда демалып жатқанбыз. Ауа-райы бірден бұзылып сала берді, жаңбыр мен дымқыл қар жауа бастады, күн суып, қалың тұман түсіп кетті және біз тездетіп асу арқылы Ыстық-көлге

кетуді ұйғардық. Біздің артымыздан қозғалған жанымызда тәжірибелі инструктор жетекшісі бар Омскіден келген үлкен жас туристер тобы болатын (кейін анықталғанындай бізді олар осы жерді білетін жергілікті адамдар деп ойлапты). Қалың тұман арасында жүре отырып, киімдеріміз бен кедыларымыз су болды, қатты қалтырадық, сондықтан қыздырыну үшін екі жүз грамнан “жетті”. Жаурап қалмас үшін тез жүрдік, біз Оразалы екеуіміз “жетекші-теке” сияқты алдында жүрдік. Бірнеше сағаттан кейін бір шопанның палаткасына келіп Ыстық-көлге емес, қайта айналып екінші Көлсай өзеніне келгенімізді білгенімізде есеңгіреп қалдық.

Осындай суық жағдайға қарамастан жарты сағаттан кейін біздің ізімізбен осында тәжірибелі инструкторы бар омскілік туристер келгенде ішек-сілеміз қатып күліп алдық. Сол кезде бізді ақырын ғана балағаттап (“сендер ғой жергілікті, сендер үшін біз де адастық”), өзін жамандап (“ақымақ, ақымақ”), шашын жұлған болатын.

Көлсай көлдері мен Қапшағайда Оразалы өзін нағыз балықшы екендігін көрсетті. Оның балық аулауға деген ерекше ықыласы мен жан дәрменсіз құмарлығы бар, ол азанғы, түскі және кешкі тамақсыз сағаттар бойы қармақты (оның толық саймандар жиынтығы болатын) ұстап, шаршаусыз жылтыраған спиннингін лақтырып және жемтігін сиқырлап отыра беретін. Тіпті масалар мен басқа да қансорғыштардың мазалағаны оған бәрібір болатын. Мысалы, менің ондайға, әсіресе масаларға ешқандай шыдамым жетпейді.

1984 жылдың жазында Қапшағайда Оразалы екеуіміз тағы бір қызық оқиғаға себепкер болған болатынбыз. Бізге төрт күн демалыс берілді, сол уақытта суқойманың жағасына барып шомылып, демалып, балық аулап қайтуды ұйғардық. Сәтіне орай райком партиясының бірінші хатшысы болған Экономика институтындағы бұрынғы әріптесіміз Кәрім Нұрмұхамедов бізге жақсы бір кондиционері және

тоңазытқышы бар қапшағай жағасындағы коттеджге орналастыруға уәде берді.

Келгенімізде Кәрім бізге арнайы тапсырмамен орналастырылып, кешке шығып кететін поляктік жолдастар тобына қосылуды ұсынды және бізге онда үш күнге қалуға болады деді. Ұсынысты қабыл алдық. Поляктар ЦК КПСС-тің Қоғамдық ғылым академиясының аспиранттарының түлектері болып шықты және оларды 15-16 адам жұбайлары және балаларымен бірге КСРО-ның әдемі жерлеріне экскурсияға жіберетін.

Таныстықтан кейін және шулы шомылу мен қыздырырудан кейін бізді поляктармен бірге партиялық тапсырмамен Қапшағай мейрамханасының жұмысшылары дайындаған дастархан басына шақырды (дастархан басында сол уақыттағы барлық астар бар: кара және қызыл икра, балықтар, қазы, кәуаптар, бесбармақ, кристалды арақ, армяндық коньяк, грузиндік вино...). Поляктарды ЦК КП-ның Жоғары партмектебінің партұйымдастырушы хатшысы, жасы егделеу орыс азаматы күтті және өзі асаба болды. Алайда біраз уақыттан кейін асаба өзін жайсыз сезініп, көрші бөлмеге барып демалып алуды ұйғарды және дастархан басына Оразалы екеуімізге басшылық жасауды сұранды.

Біз тартыншақтап оны қабылдадық, бірақ бірнеше минуттан кейін санамыздың түбінде жатқан поляк сөздерін еске түсіріп (пан, пани, дзякую, вшистка една, пся крэв, матка боска ченетоховска және т.б.), құмарлығымыз қызып кетті және соның арқасында қонақтардың сеніміне кіріп, дастархан басын шулата бастадық.

Бір кезде маған Кәрім поляктарды күтуді тапсырған жас партиялық азамат келіп, сыбырлап:

- Шәке, поляктар ішуді қойды.

- Ал мен не істей аламын, біз оларды зорлап ішкізбейміз ғой.

- Ертең бастығым менің жұмысыма қанағаттанбай ұрсады, ал мұнда әлі жарты жәшік арақ пен жарты жәшік коньяк бар.

- Білесіңбе, көрелік! Давай бәрінің рюмкаларына арақ пен коньяктан толтырып құй.

Сол жерде біздің поляктар қиналып: “Пан Шаке, енді біз ары қарай іше алмаймыз ғой”. Мен оларға: “Өтінем, бізді тыңдаңыздар, егер тост ұнамаса, онда рюмкаға тиіспей-ақ қойсаңыздар болады”. Келісті. Және үш тостты соңына дейін ішіп қойды.

Алғашқы тост: “Біз бәріміз білеміз атақты да қайсар польшалық рыцарьларды, тевтондылармен болған Грюнвальдалық шайқастан бастап ортағасырлық крестоносцтерді, пан Володыевскиді, Костюшконь, ақын Адам Мицкевич және революцияның рыцарі Феликс Дзержинскийді. Тосты қазіргі кездегі дастархан басында отырған рыцарь Войцех Ярузельский үшін ұсынамын!” Бәрі қарсылықсыз ішіп қойды.

Екінші тост: “Егер әр елден бірінші кездескен жүз қызды жинап алатын болсақ, онда әдемі қыздардың ең үлкен пайызы поляк қыздарының арасында болады дейді. Тарихта қалған атақты польшалық ханымдар мен арулар: Марина Мнишек, Наполеонның өзін таңқалдырған графиня Валевская, балерина Кшесинская, екі рет Нобель сыйлығының иегері Мария Складовская, барлық КСРО жігіттерінің зарыққан арманы – киноактриса Беата Тышкевич. Ақыр аяғы ондай арулар біздің компанияны поляк қыздары сәндеп тұр. Сол үшін польшалық керемет ханымдар үшін ішіп қояйық!” Барлығы, әсіресе, еркектер ерекше құлшыныспен ішті.

Үшінші тост автоматты түрде алғашқы екеуінен шықты: осы жерде бізбен сіздердің сүйікті балаларыңыз отыр. Сол үшін болашақ керемет графиня Валевскилер мен келешек Польшаның батыл рыцарьларына арнап алайық!

Біз Оразалы екеуімізге қолын ысқылап, риза кейіппен жас партиялық: “Қатырасындар! Ертең мен Қарекеге айтамын, ол сенбес. Ішімдіктің жартысын да тауысып қойды”.

Сол кезде марапаттан шаттанғандықтан мені “алып кетті”: “Ал мен поляктермен бұдан да зорын қатыра аламын. Давай енді олардың бокалдарына толтырып құй”. Жігіттің көзі шығып кете жаздады: “Сендер не, олар рюмканың өзін зорға ішіп отыр”, деп бокалдарды шайып, оған толтырып құюға кетті.

Поляктар түсінбей: “Бұл не, пан Шаке, не дегенің? Бұндайды ішу мүмкін бе?”

Оразалы жауап беріп: “Қазір ол бірдеңені айтады, менің өзім қызығушылықтан дірілдеп тұрмын”.

Мен сол жерде тұрып, ескі польшалық гимнді айта бастадым (қарағандылық шахтада жүргенде польшадан ауып келген жарушы кейде айтатын, соның кейбір жері есімде қалыпты, ал сөздерінің нақты айтылуын ұқпаймын):

“Еще польска не сгинела, кеде мы пиемо,
Еще вутка не сквасняна, кеде мы жиемо.
И сквасноици пуси, еще русси полякови,
Пся крэв, чистыть буде муси...”

Сондағы басталғаны! Барлық біздің польшалық ханымдар мен жігіттер орындарынан атып тұрып, хорменен қосылып ескі польшалық гимнді айта бастады. Сосын алақайлап бокалдарын созды. Мойындау керек, біз бұндайды күткен жоқпыз және аңырап қалдық. Кешкі бесте автобус келді, біз жүргізушінің және мейрамхана қызметкерлерінің көмегімен балалары таңғалып және түсінбей қарап тұрған польшалық есін білмейтін мамалар мен папаларды арттық.

Жас партиялық пен мейрамхана қызметкерлері жұмыстың нәтижесіне ризашылық танытып, бізге екі тоңазытқышқа ішімдіктер, азық-түліктер мен деликатестер толтырып берді. Ертеңіне таңертеңмен Оразалы мені оятады: “Шәке,

кеттік балық аулаймыз, қазір жақсы ілінеді” – “Сен не, қайдағы балық? Тоңазытқышта балықтың түрлері толып тұр, әлі ұйықтау керек”. Ол сол бойы балық аулауға кетті, ол іске оның құмарлығы сондай.

Бізбен бірге болған және басымыздан өткен басқа да көптеген оқиғалар мен жағдайларды еске түсіруге болады. Өкінішке орай бір мақаланың шегіне барлығын сыйдырып қою мүмкін емес. Сондай-ақ, Оразалы Сәбденнің үлкен өміріндегі келесі 65, 70, және 75, сондай-ақ ауылы алыс емес 80 мен 90 жастық мерейлік мерекелеріне арналып шығарылатын жинақтарға да қалдыру керек. Тек біздің барлығымызға жаратушымыз денсаулық, күш-жігер берсін, халқымыз бен еліміздің бақуаты арта берсін, сонда ғана жаңа кітаптар мен әңгімелер, шаттыққа толы ойлар жазылады.

ф.ғ.к. **Осман Асылы Әлиқызы**
АРМАНДАУҒА ДА, АРДАҚТАУҒА ДА БОЛАДЫ

Оразалы Сәбден – инженер, белгілі ғалым, білгір экономист, нарықтың талабына сай істерді ұршықша үйіріп жүрген экономика ғылымдарының докторы, профессоры, халықаралық инженерлер Академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, т.т. санамаласам саясат жетпейтін сан түрлі жақсылық иесі. Оның адамгершілігі мол, кісілігі зор елі үшін жаралған жан. Ешкімді жатсынбайтын, терең ойлы, қазақы жібек мінезді, ғылымға жастай араласқан адал да пәк, қасиетті, танымды саналы азамат. Ол елі ұмытпайтын, жұрты жадында сақтайтын ауқымды оң қадамдар жасап, жемісті істер атқарды. Есімізден шығып, жадымыздан өшіп бара жатқан VII-VIII ғасырдағы құнды дүниені жаңғыртып, бабалар рухын көкпен тілдестіріп, табиғатпен үндестіре еске түсіріп, “Түркібасы кесенесі” әулиесін күдірет тұтып, тәу етіп, зиярат жасауға халқына тарту етті.

Осы Түлкібас топырағынан 500-ден астам ғылыми атағы бар ғалымдар шыққан. Оның арасында 90-ға жуығы ғылым докторы. Бұл ғалымдардың басым көпшілігі кеңес кезеңінде, ғылым-білімнің инемен құдық қазғандай қиын, талап күшті кезінде, сүйеусіз маңдай терімен толассыз еңбекті арқаланып Кеңес дәуірінде кенеле қол жеткізген ғалымдар.

Ал, сүйкімді де қасиетті осы ауданның шалғайдағы туыстығы тұтас, таулығы тұрақты, бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан шағын ғана 32 түтінді ауылымнан ғылымның әртүрлі саласының қаймағын ағызып, майын тамыза меңгерген 16-ты перзенті ғылыми атаққа ие белгілі ғалымдар. Олардың бесеуі ғылым докторы, профессор мен академиктер. Мысалы: Сүлеймен Жүсіпбеков, Нұрғали

Сарыбеков, Оразбек Қалдыбаев, Оразалы Сәбден, Махмұт Сарыбеков. Бұлардың арасында екі ғылым докторы мен екі ғылым кандидаты бір отбасынан өрбіген. Яғни Оразбек пен Оразалы ғылым докторлары, Айман мен Қаныбек Қалдыбаевтар ғылым кандидаттары.

Оразалы бауырым қарапайым шаңырақта дүниеге келді. Алыс ауылда өсті, қалаға өрмеледі. Еңбектің арқасында көптеген жақсылықтарға қол жеткізді. Алған білімін баянды етіп, өзінің қажыр-қайратымен ғылым шыңына шықты. Ақыл-парасатымен, еңбекқорлығымен жемісті істерге кенелді. Қайда қызмет атқарса да тиянақтылығымен, білімділігімен табандылық таныта білді. Елдің жайын да, қоғамдағы өзгерістер мен жетістіктерді де, өзіне тиісті мақсат-міндеттерді де, саясатты да жақсы игерді. Өмірден көргені мен түйгені мол тәжірибелі Орекең тәуелсіздік алғалы да ел өмірін өзек ете маңызды мәселелерге мән бере араласты. Әсіресе, білім, ғылым саласымен аянбай айналысып келеді. Халқының мұң-мұқтажын, сыздаған жарасын өз жүрегінен өткізіп, сезіне білген тәжірибелі де талапты парасатты жан. Оның өзіндік көзқарасы мығым, табанды, өзгемен тізе түйістіріп, ой бөлісіп, биіктігі мен білгірлігін таныта білетін, талантты қазақы қасиетті білімдар. Қоғамда мұндай өрелі перзенттердің орны бөлек, өздері дара. Бүгінгі қиюы кетіп, қасиеті қашып, мәртебесінен айырылған білім-ғылымның орны толмас олқылықты қалпына келтіруге атсалысып, жауапкершілікпен қадағалап жүрген азаматтардың бірегейі.

Ғылым мен білімді, елі мен жерін бары мен нары деп білген ол қоғамға өлшеусіз қызмет етіп, аянбай еңбек сіңіріп жүр. Бала күнінен халқының атын шығарып, ұлтын танытқан спортшы. Жастайынан ғылымға араласып, ұзақ жылдар бойы ҰҒА-да жұмыс істеген. Өз міндетін мүлтіксіз атқарған саналы абзал жандардың бірі. Ісіне ұқыпты, бастаған

жұмысын тыңғылықты орындап тындырымды атқарып жемісті тамамдағанды жақсы көретін өзгеден де соны талап ететін іскер ғалым.

Оразалыны елжанды азамат етіп баққан әкесіне, ұлтының ұлы етіп өсірген анасына рахмет. Жақсы жандардан тәрбие алған бауырым, халқының жүрегінен орын алған айтулы перзент. Айтулы еткен әкесі марқұм Ережеп көкем мен Ұрзада жеңешемнің пейілдері кең, өздері мейірімді, жылы жүректі, мейірім-қайырымға толы қамқор аға мен аналары өмірдің мәнін, тұрмыстың сәнін келтіріп, тіршіліктің ыстық-суығына төзімділік таныта білген, ұрпағының тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы болған әке-шешесі аласармас асқар таудай қалқан болды. Ұлағатты ұстаздай білімді, өз ісінің білгірі аға мен жеңешемнің қарапайымдылықтары кішіпейілділіктері, іскерліктері, адамгершіліктері әрбір іс-қимылдарынан, кісімен қарым-қатынасынан көрініп тұрады. Кісі жүрегінің ақтығын, көңілінің кіршіксіздігін сезген аға-жеңгеміз, өз жан жүректерімен бірден баурап алатын. Аға шапағатының шуағына бөленіп, жеңешемнің аналық мейіріміне, қамқорлығына кенелгендер санына жету қиын. Ыстық ықылас танытып, қайырымдылық жасап, жып-жылы алақандарымен қаншама адамның маңдайынан иіскеп, басынан сипап, арқасынан қаққан. Бояуын қалыңдатып, әсерін қоюлатқаным емес, сенбесеніздер, Оңтүстік өңірінің үлкендері мен Түлкібас ауданының кез-келген жасы мен жасымысынан сыр тартып сұрасаңыз, Ережеп көкем мен Ұрзада жеңешемді біледі. Көпшіліктің осы үйден дәм татып, су ішкенін, төрінде отырып, түнегендігін жыр ғып айтады. Ағаммен тілдесіп көсіле сөйлескенде ішкі сарайың тазарып сала беретін. Төңірегің толайым әсем әннің ырғағына бөленгендей әсерленесің. Оқығаны аз, тоқығаны көп, көреген әке-шеше – өскен ортасы мен балаларына өнегелі тәрбие

берген жандар. Қолға алған ісін тындырмай, нәтижесін көрмей тыным таппайтын да, өзгеге де тыныштық бермейтін аса талапшылдығы көрініп тұратын.

Өзі тындырымды, ұстамды, жан-жақты, алғыр, қабілет-қарымы ісінен тез аңғарылатын. Бухгалтерлік жұмысты жан-жақты меңгерген, баянды жұмыстар атқарып аянуды білмейтін білгір маман болатын.

Қажырлы еңбегінің арқасында екінің бірінің қолы жете бермейтін атақ-абыройға молынан кенелді. Ауылымыздың да абыройын асқақтатты. Өмір сүруге құштар пенде оның тереңіне үңілген сайын өзін дүниеге жаңа келгендей сезінеді. Шаршап шалдықпайтын, қызыққа да тойып біттім демейтін, бір құдірет ілгері жетелейтін, өмірді жан тәнімен сүйетін аға айналасына үнемі нұрын төгіп, шуағын шашып жүретін, кісіден жан жылуын аямайтын.

Ауыл-аймаққа сыйлы отбасы 7 бала өсірді. Олардың төртеуі ғылыми атақ иелері. Ағасы Оразбек пен Оразалы ғылым докторы болса, Айман сіңілім мен қыран қанатты, қазақы пейілді Қаныбек бауырым ғылым кандидаты. Төртеуі - ғылымның төрт тармағын тарқата меңгерген ғалымдар. Текті жерден шыққан балалар тентектікке емес, көрегендікке бой алдыра өсті. Асыл уақыттарын текке өткізбеді. Ата-ана бойындағы адами адал, таза, пәк қасиеттер ұрпақ бойына сіңіп, өмірлерінде ұштасты. Көргені мен түйгені көп жан-жақты Үрзада жеңешем асыл адам кісілігімен ешкімді жатсынбайды. Біздерді өзінің перзентіндей, келіндерін қызындай еркелетіп, күйеу балаларын ұлындай сеніп ақылшы, кеңесші, қамқоршы көреді. Өсек-өтіріктен алыс, барынша адалдыққа үйреткен нағыз отбасының ұйтқысы, ел анасы болып отырған Үрзада жеңешеме перзенттерін адалдыққа тәрбиелеп, бірлікке баулыған ұрпағының жақсылығын көруге өмір, Алла көңілді де қызық ұзақ ғұмыр берсін деп тілеймін.

Адами сыйластыққа сызат түсірмей, кісілік кейіптен

айнымай баршамызды бауырына басып, аспай, саспай, өзін қай ортада да мәдениетті ұстап келеді. Жеңешем өзімбілдікке салынып, өзгенің ой-пікіріне бөгет болмай, үлкенмен де кішімен де тең дәрежеде сыйласа білуде. Үлкен шаңырақтың шуақты жарасымдылығына шаң тигізбей, жаттық пен тексіздікті жуытпай келеді. Құда-құдағиларымен де іні-сіңілілеріндей сыйласуда. Өсірген атпал азаматтар аналарын алақанына салып, төбелеріне көтеріп, жеңгеміз еркелеп жүрекжарды ыстық тілектер буына бөленіп, жұртшылық ықыласына кенеліп жүр. Мұндай жарасымдылықтар ұзағынан болғай?!

Оразалының әке-шешесінің бойында тұп-тұнық табиғи тазалық тұнып тұр. Табиғи тазалық ұрпағына да дарыған. “Қаланың жақсы болуы көшесінен, баланың жақсы болуы шешесінен” деп қазағым бекер айтпаған. Менің пайымдауымша, таза адам ғана алға қойған мақсатына толықтай жете алады. Таза адамның ойлау қабілеті де басқалардан күштірек келеді. Ондай адамды өзі емес, өзгелер іздеп табады. Сондай-ақ, таза адам өз ісіне көбірек үңіледі. Үнемі рухани жан-дүниесінің баюына күш жұмсайды. Анау-мынаудан бойын аулақ ұстайды. Оны ата-анасы – бұл сенің жерің, сенің елің, сенің қалаң, сенің ауылың деген патриоттық рухта тәрбиеледі. Сондықтан да болар, ұл-қызы халқының сыздаған жарасын өз жүректерінен өткізіп, ел дегенде емір-не, жұрт дегенде жұмыла білген қайсар да, табанды адал азамат болып өсті.

Осындай таза, адал жандар тәрбиесін көрген Оразбек аға мен Оразалы інім – таңғы шықтай таза өсіп, ғылым, білімнің биік шыңына көтерілгендер. Дәстүр қаймағы бұзылмаған, хан жайлаған Қаратау мен би билеген Алатауға алтын көпір болған, ауасы таза, суы тұнық, жері құнарлы, таулары мұнарлы, жемісі дәмді, елі сәнді рухани ұлт ордасы Оңтүстік Қазақстан өңірінің бабалар рухы дарыған,

ізі өшпеген қасиетті Түлкібастан түлеп ұшқан, Алматыда қыранша қалықтаған Оразалы бауырымның шыққан жері текті, өзі ата қуатты білегі, ана мейірімді жүрегі бар жан. Оның санасында үздіксіз де, үзіліссіз қазақы қалыптағы ата-ана үні қалыптасып қазақ тілінің сарынына тербеліп өсіп, тебіреніп жетілді. Марқасқа Ережеп көкем мен ел анасы Үрзада жеңешем, Оразбек аға жан-жақтарына парасат жылылығын шашқан жалынды жүректі адал жандар ортасынан шыққан, ұлттық қасиет құлағына естіліп, санасына ұя салған Оразалының да жаратылысы бөлек, ғалымдығы дара, білгірлі биік, танымы терең болды. Үлкен мен кіші көңіл кілтін дәл таба білетін Оразбек ағасы бала кезінен Оразалыны өрге сүйреді, ғылымның тұнбасына жүзгізіп, терең тамыр жайғызып, жақсылыққа жетеледі. Рақымды, періште мінезді Оразбек аға қарапайымдылығымен, терең сүңгір ойшылдылығымен інісін үнемі өзіне үйлестіре білді. Өмірдің сан қилы қимыл әрекеттерін, ғылымның алуан түрлі жолдарын, тіршілік тұтамдылығын ұқтыра ілгерілетті. “Көргені жақсы көш бастар” дегендей, көргені көп, түйгені тиянақты Оразалының өмірдегі қызметі, ғылымдағы жолы мәнді де, мазмұнды. Үлгілі отбасынан өнегелі тәрбие алып, ол жолдан айнымай, ауытқымай түнгі ұйқысын бұзып, күндізгі тыныштығын кетіріп, тұлпар тұяғындай тұрақты, болаттай беріктігімен белгілі білгір ғалым, танымал қайраткер, ғылым мен білімнің шын жанкүйері екендігін баршаға паш еткені жұртшылыққа аян. Оразалының барлық болмысы білім, ғылыммен тікелей байланысты. Алғашқы адымынан бастап, ғылымның кедір-бұдыр, қиындығы мол, маңызды жолында бар қайратын аямай, өзі де аянбай келеді. Оразалы барлық жан-дүниесімен бойына біткен қабілет-қарымын, дарынын елінің мүддесі мен игілігіне арнаудан жалықпай, абыройлы белсенділікпен атқаруда. Толассыз еңбек пен үздіксіз ізденістің нәтижесінде кісіні толғандыратын да,

таңқалдыратын қыруар ғылыми еңбектер жазып, қаншама ұсыныстарды терең ұқыптылықпен қарай, қоғам өзгерістерін қалт жібермей көре біліп, жауапкершілікпен жаза біліп, жариялаған да. Өзі шағын, атқарған істерінің шоқтығы биік те жемісті. Сондықтан да, ірі экономист-ғалымның өзгеден еңсесі жоғары асқақ. Нарық заманының тың тақырыптарына түрен салып, пікір білдіріп, түрлі мәселелерге мұқият қарап, іс тетігін тамыршыдай таппаса, құр даурықпай, дәлелді де, дәйекті оң қадамдарынан белгілі болып тұрады. Қай қызметте жүрсе де жетесіне жеткізіп, сүйегін шағып, майын сорады. Қазағымның бағына берілген перзентінің ғылымға берілгендігіне қарап, ой түзеп, ойы мен болмысына қарап, бой түзеуге болады. Оразалыға қай міндет жүктелсе де білгірлігімен абыройлы атқарады. Жан-тәнімен беріле халықтық мүддеге сәйкес істейді. Оның әрбір ойы мен сөзінің шегеленіп аяқталуы қорғасын құйып балғамен соққандай салмақты. Адамгершілігі мен қарапайымдылығы қабаттаса біткен інімнің кісілігі мен кішілігін өз замандастарынан оқ бойы озық. Мұндай бауырларымның жемісті істеріне мен де жетсем екен деп армандауға да, оның адал еңбегін ардақтауға да болады.

Алайда, азаматтың адами қалпынан айнымай, жеке өз басының мүддесінен қоғам мүддесін жоғары қоя білген, атақ-даңқы шығып, жақсылығы жұртшылыққа жайылған, үлкенге іні, кішіге қамқоршы аға болғанын ел таныған, жарды жарып шыққан шынардай, ғылымның шыңына шыққан белгілі Сәбден Оразалы інім бұл жетістіктерге оңайшылықпен қол жеткізе қойған жоқ. Түнгі ұйқысын бұзып, күндізгі тыныштығын кетіріп, қарағайға қарсы біткен бұтақтай, барша саналы өмірін халыққа қызмет ету мен ғылымға бағыштаған Орекең есі кіріп, есейген кезінде өмірдің қаншама ащы-тұщы ауыртпалығының азабын көріп, тауқыметін тартты. Қанша жан ауыртар, жүрек

сыздатар небір жанға жайсыз, адам баласына жат қиын-қыстау жайларды бастан өткізді. Мұндай қиындықтарды саналы түрде өзінің табандылығымен, білімдарлығымен, тазалығымен, адал еңбегімен, жанындағы жауқар Жанат жарының қайсарлығымен, аналық қайырым-мейіріммен, туыстар мен достардың қолдауымен, дем беруімен қанша иілгенімен сынбай жеңіп шықты. Шыбықтан шынар болып өскен Орекең, мұнар болып, өзгеден даралана, асқар Алатаудай асқақтап биік қалпында қалды. Елінің қуатты болып өркендеуіне, ғылымның өсуіне сүбелі үлес қосып, сөзі мен ісін сай етіп, ғылымның ақ жолында еңбегі ерең, өзгеге өнеге. Оразалы ғалымдық пен үкіметтік қызметті абыроймен қатар атқарып, қоғамға аянбай қалтқысыз қызмет етуді адамгершілікпен алып жүрген бүгінгінің біртуар ойшыл да ойлы тұлға – Тұрар Рысқұловы дер едім.

Орекеңнің мұндай мәртебеге көтеріліп, жоғарылауына жаны жайсаң жары – Жанаттың еңбегі ерек, ісі бөлек. Жанатта аналық мейірімді жүрек, кісілік қайырымды кең мінез, ізгілік пен адамгершілік, инабаттылық пен шапағат, қайрат пен қайсарлық, батылдық пен батырлық бар. Ол келім-кетімнің көңілін тауып, қонақтарды ашық қабақ, жылы шыраймен қарсы алатын дастарқаны мол, жаны жомарт, өзі мәрт қазақы қалыптан айнымаған келісті келін. Жанат Оразалыға қайрат-қуат пен рух беретін, барын барды етіп, ұқсата білетін, тоқтау айтып, ой қосып, кем-кетікті толтыра, қиындықты жеңдіре, сағын сындырмай, азаматтық биігінен аласа етпей, жан жүрегімен беріле қолын соза білген жан серігі, жел өтінде тұрар қалқаны. Ол ата-ене, қайнағаларымен ақылдаса, қайныларымен әзілдесе, түйінді мәселені шешіп, абысындарымен кеңесе, келіндерін өзіне жақын тарта келісе отырып, күңіретпей күлдіріп, сырласа сыйласады. Үйдің берекесін кіргізіп, бірлігін нығайтып, ынтымағын арттырып, сырттағының сырын біле, іштегінің

ойындағысын орындап, істерді тындырымды түрде жүзеге асыруға ұйытқы бола білетін, іскер жан. Оның жүрегі жұмсақ, қолы ашық, көңілі дария көпшілікті бірлікке баули білетін, жұртшылық көңілінен шыққан батыл да батыр, өрісті де өткір, істің көзін таба білетін талантты да талапты. Орекеңнің қол жеткізген жемісті жетістігі мен көтерілген биігінің куәсі әрі қамқоршысы, демеушісі, қол ұшын берген көмекшісі, қорғаушысы, қалқаны өздеріне қанат, қуат болып өскен алтын асықтай, кандидаттықты қорғайын деп тұрғанда жетесіз жендеттердің ойда-жоқта қолынан қаза тауып, ай аман, ел тынышта Қайратынан айрылып, қанаты қайрылып, төбеден жай түскендей елдің есін кетірген, орны толмас қазаға тап болғанда да қайсарлықпен доспен табысып, дұшпанмен алыса отырып, көз жасын көл қылып есеңгіреп егіліп аңырап қалғанда да батылдық таныта, үлкен міндеттерді кісілікпен атқара, Орекеңді өрге сүйреп, жанына серік бола жүрегіне сезім ұялатып, камал болды. Орекең өмірінде Жанаттың алар орны айрықша. Құдайым көп көрмей бірлікте бала-шағамен, туған-туыстың қызығын қызықтап (көріп) жүз жасап, бір жастықта қартайып, жақтары түспей жамандық көрмесін!

Оразалы қандастардан кемде, бауырлардан кенде емес. Олардың әрқайсысының орны айшықты, өзінше бөлек. Тәңірім таңданып, Аллам көп көрмесін Оразалының өрісі кең. Інісі Қаныбек өмірдің қай саласынан болса да хабардар. Оның бойынан өзіндік ерекшелігі мен іскерлігі, еңбекқорлығы мен тапқырлығы дараланып тұрады. Онда өзгеге ұқсамайтын сүбелі сөзі мен тұжырымды терең ойы айқын сезіледі. Қаныбек үлкендерді ағалағанмен жағаламай, жарасымды інілік ізетпен ізденісін келістіріп, толымсызын толықтырып, тынысын кеңейте, алғыр қамқоршы екендігін көрсете білетін азамат. Онда жаратылысы бөлек жандарда ғана кездесетін жасандылығы жоқ зиялылық, зерделік пен сергектік бар. Жақсылықты да, жамандықты да көре білетін,

керіартпалыққа төзе алмайтын турашыл жан. Ол ұжымға ой салатын, жаңалыққа жаны құмар сауатты, қоғамға құнды жан-жақты идея ұсынатын, оны жүзеге асыруға жұртты жұмылдыра білетін абзал азамат. Игі істерді жүзеге асыра орындауда өзіне де, өзгеге де жоғары талап қоятын талапты да талантты маман. Қаныбек бауырым байтақ даласындай дарқан, бабасындай жомарт. Жұртшылықтың қадіріне жетіп, құрметіне бөленген, үлкен жүректі тұлғалы, халқының ардақты ұлы. “Арыстаннан алтау туғанның арлан болар біреуі, қасқырдан алтау туғанның тарлан болар біреуі, атадан алтау туғанның ақылмен ел бастар болар біреуі” дегендей, пайым парасатымен, ақыл-ойының биіктігі мен жүрген ортасында оқ бойы озық тұрған тұрпатты турашыл тұлға. Ол өн бойында тұнып тұрған әдептілік пен адамгершілік, ізеттілік пен ізденгіш сияқты толып тұрған қазақы қасиеттерден бір жаңылмай келеді. Үлкенді сыйлап, кішіге қамқоршы, перзенттік мейірім шапағаты мол адамды тани да, бағалай да білетін, жолдастықты қадірлейтін-құрметтейтін сабырлы да салмақты жан. Ол ағайынның ары үшін, қоғамның қамы үшін аянбай қызмет етіп жүрген өзіне қатал, өзгеге адал адам.

Түсінігі бар, пейілі кең бауырым Қаныбек кіммен болса да тіл табыса білетін, ешкімді жатсынбайтын жора-жолдасы көп, мейірімге толы жүректі де талантты ұйымдастырушы, қабілетті де қарымды, кеудесінде от ойнаған інімнің дауысы дарияны тербететін, істі істей де, істете де білетін білгір басшы, білікті қызметкер. Қайда істесе де, қандай қызмет атқарса да халық жадында жатталып қалатын ізгі істердің иесі. Жақсы көретін інімнің озық ойлы, өнегелі іскерлік жолы баршаға үлгі. Айтып тауыса алмайтын қазақы қасиеттері мен азаматтық қырларын сөзбен суреттеп жеткізе алмайтын адамдық пен адамгершілігі, қамқорлығы мен шапағаты қаншама десеңізші. Мейірімі мол Алла тек бергенін көп

көрмей мерекелі де берекелі отбасы болып, жарымен жарасымды өмір сүріп, жүз жасасын деп тілеймін!

Ағайын, Қадыр ағайым айтқандай: “Сүйген сүйсінеді, күйген күрсінеді”. Ана сүтін ақтаған ұл-қызымыздың еңбегіне сүйсініп, сүйе білейік!

ҚР БҒМ Экономика институтының
аға ғылыми қызметкері, э.ф.к., доцент
Н.Ж. Бірімбетова

ОЙЫМЫЗ БІР ЗАМАНДАС ТУРАЛЫ

Өмір солай құрылған, ол жалғыз жүріп өтер жол емес. Бір адамның өміріне жүздеген адамның тағдыры қатысты болуы мүмкін. Осынау өзара байланыста бір уақытта жетістіктер мен өтініштер, қуаныш пен қайғы, тылсым тыныштық пен буырқанған көңіл күй қатар өріліп жатады.

Жалаңаяқ балалық шақ, мектеп, жоғарғы оқу орнындағы студенттік кез, зауыт, Ғылым академиясы, еліміздің Парламенті, жоғары оқу орнындағы ректорлық және де қайталап Ғылым академиясы – міне осы тізбек Оразалы Сәбденнің өмірлік қызметінің негізін құрайды, мүмкін оның болашақ шығармашылығының бақытын да айқындайтын болады.

Экономика институтына 1973 жылы, менен екі жылдан соң келді. Ол өндірістен келгендіктен, сол кездің өзінде-ақ кемелденіп қалғандығы сезілетін. Әрине, ол жастар ортасына бірден-ақ қосылып кетті. Мақсаткерлік факторы өзінің оңды рөлін атқарды: Оразалы өз жұмысын әртүрлі қиындықтарды жеңе отырып ешқандай әбігерсіз ұйымдастырғаны сондай, кандидаттығын да, докторлық диссертациясын да біздің бәрімізден бұрын қорғады.

Жоғары лауазымды қызметтер атқара отырып, саяси және ғылыми салада жоғары атаққа ие бола жүріп ол қарапайым, адамдармен етене араласатын кішіпейіл қалпында қалып келеді. Оған күнделікті тұрмыстық проблемалар да жат емес. Егер оған біреу өтініш айтып жатса, оның “жоқ” демейтінін білемін, тіпті солай болатынына сенімдімін. Менің бұған көзім жеткен. Бұл сонау алыс тартқан балалық шақтағы тәрбиенің жемісі. Оның ата-анасы сүйікті де сүйкімді ұлын

еркелете отырып, оның бойына ізгі адами қасиеттерді сіңіре білген. Оның бойына сіңген жақсы қасиеттер бүгінде өз жемісін беруде.

Оразалы Экономика институтына үшінші рет қайтып оралды, мұның да өзіндік бір мәні бар. Ол бұрынғысынша жастық жігерлі, бірақ кемеліне келіп толысқан, бұрынғысынша қарапайым, бірақ өмірге деген көзқарасы терендей түскен. Әрине, мен де өзгердім, сонда да болса біздің шынайы өмірге көзқарасымыз сәйкеседі, мұның өзі біздің қатынастарымызды айтпай-ақ түсінісетіндей, ал өзара түсіністігімізді пайдалы етеді.

Менің өзім де кез келген адамның бойынан тек қана жақсы қасиеттерді көремін, өйткені жақсының жанында жаман нәрсе көмескі тартып қоя береді. Бұл адамда жақсы қатынастың қалыптасуына жәрдемдеседі. Осынау жалпы пәлсапалық ойлардың Оразалыға қатысы жоқ, өйткені мен оған ешқашан күмәнмен қараған емеспін. Онымен қандай қиын жорықтарға да бара аламын, және де ортақ күш жігермен шыңға көтеріле алатынымызға сенемін.

Бұл кітап оның 60-жылдық мерейтойына арналып шығатындықтан біздің Жанат жеңгемізге, оның балаларына (мұны марқұм Қайратта еститініне сенімдімін): сіздердің барлықтарыңызды Алла тағала жарылқасын! Сіздерді алдан күткен өмір, оның діңгегі Оразалы болғандықтан, барлықтарыңыз үшін шуақты, мерейлі де бейбіт болсын деген жүрекжарды сөздерімді арнаймын.

О.СӘБДЕНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕРЕГІ

Оразалы Сәбден 1947 жылы 20 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында, Тастұмсық ауылында туған. Оразалы Ванновкада Абай атындағы орта мектебінде оқыды. Мектепті бітірген соң 1965 жылы Шымкенттегі химия-технология институтының теле-механика және автоматика факультетіне оқуға түсті, оны 1970 жылы ойдағыдай бітіріп, инженер мамандығын алып шықты. Оқып жүрген кезінде Оразалы спортпен: гимнастикамен, күреспен, тенниспен белсенді түрде айналысты. 1965-1972 жылдары бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы атанды, ал 1968 жылы еркін күрестен КСРО Спорт шебері атағына ие болды. Жоғары оқу орнын бітірген бетте Оразалы Сәбден Шымкент қорғасын зауытында инженер-электрик, одан соң “Қазмонтажавтоматика” тресі іске қосу-жөндеу басқармасында инженер болып жұмыс істеді.

Кейін, сол кездері республика кәсіпорындарында еңбекті ғылыми ұйымдастыру жөніндегі талдамаларды енгізумен айналысқан Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ КСР Ғылым академиясы Экономика институтының директоры Р.М. Петуховтың шақыруымен Қазақ КСР ҒА Экономика институтына жұмысқа келді.

Институтта Оразалы Сәбден экономистен бас ғылыми қызметкерге дейінгі өсудің барлық сатысынан өтті. О. Сәбденнің ғалым болып қалыптасуына Қазақстанның көрнекті ғалымдары: академиктер С. Бәйішев, Т. Әшімбаев, А. Қошанов, О. Баймұратов, ғылым докторлары М.Г. Исаева, О.К. Қалдыбаев, З.К. Қарғажанов, сондай-ақ профессор Р.И. Қосмамбетова мен э.ғ.к. А.К. Зақұмбаев үлкен рөл атқарды. Ол 1978 жылы “Экономикалық-статистикалық және жүйелік әдістер негізінде жабдықтар жөндеуді ұйымдастыру мен

жоспарлау ісін жетілдіру” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады, 1980 жылы оған “Қазақстанның машина жасау кәсіпорындарында жабдықтар жөндеуді ұйымдастыру мен жоспарлау ісін жетілдіру” деген жұмыстар циклы үшін ғылым мен техника саласында Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді.

Институтта жұмыс істеген жылдарында Оразалы ғылыми жұмыспен қоса қоғамдық қызметпен де айналысты. Институттың Жас ғалымдар мен мамандар кеңесін және Алматы облысы бойынша да осындай кеңесті басқарды, кейін Экономика институтының кәсіподақ, партия ұйымдарының жетекшісі болды.

1986-1987 жылдары докторлық диссертациясын дайындау барысында ол Москвада КСРО ҒА Экономика институтында стажировкадан өтті. Оған мұнда аса көрнекті ғалымдармен – Л.И. Абалкин, С. Шаталин, Д.С. Львов, Д.М. Палтерович, А. Аганбегян, В.С. Кабаков, Р.З. Акбердин, С.А. Хейнман, Е.Б. Муханова, Е.А. Наумов сияқты академиктермен, ғылым докторларымен және басқалармен жұмыс істеуіне тура келді. 1989 жылы ол ҚазКСР ҒА Экономика институтында “Жөндеу өндірісі тиімділігін басқарудың экономикалық проблемалары” деген тақырыпта докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғады.

80-ші жылдары О.Сәбденовтің ғылыми қызметі халық шаруашылығын басқару, өнеркәсіп өндірісінің тиімділігі, оны техникалық қайта жарақтандыру мен қайта құру, пайдалануды оңтайландыру, негізгі қорларды жаңарту мен жөндеу проблемаларын зерттеуге бағытталды.

1989 жылы О.Сәбден ҚазКСР Ғылым академиясынан ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат болып ұсынылды және 1990 жылы депутат болып сайланды.

1990-1994 жылдары ол – ҚР Жоғарғы Кеңесінің Ғылымды және халыққа білім беру ісін дамыту мәселелері

жөніндегі комитетінің төрағасы болды. Бірқатар маңызды заңнамалық актілерді, соның ішінде “Ғылым туралы”, “Білім беру туралы” ҚР заңдарын талдап жасауға және қабылдауға қатысты. ҚР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған білім туралы және жоғары білім туралы алғашқы заңдар еліміздегі білім беру реформаларының бастауы болды. Олар егемен Қазақстанның мүлдем жаңа білім беру жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесті.

О. Сәбденнің басшылығымен 1995 жылғы ақпанда ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі бағдарламалық құжат ретінде бекіткен Жаңа экономикалық саясат тұжырымдамасы талдап жасалынды. Тұжырымдаманы әзірлеуде онымен бірге депутаттар О. Сүлейменов, В. Розе, сондай-ақ белгілі ғалымдар мен мамандар: Ғ. Қалиев, А. Қошанов, К. Сағадиев, С. Байзақов, О. Қалдыбаев және басқалар жұмыс істеді. Бұл Тұжырымдаманың көптеген ережелері ҚР алты үкіметінің (1990-2001 жж.) қызметінің бағдарламаларында пайдаланылды және нарық қатынастарының қалыптасуында, елімізде әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттеуде мемлекеттің рөлін күшейтуде оңды рөл атқарды.

О. Сәбден – белгілі қоғам қайраткер, кәсіби саясаткер. 1990-2001 жылдар аралығында О. Сәбден мемлекеттің Жоғарғы органына төрт рет сайланды. Бүгінгі таңда О. Сәбден төрт мәрте сайланған бірден-бір депутат болып қалып отыр, және де ол Қазақстанның “КИНЭС” рекордтар кітабына енген.

ТМД Мемлекеттерінің Парламентаралық Ассамблеясында ол Ғылым және білім беру, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі тұрақты комиссиясы басшыларының бірі болды. О.Сәбден Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі экономикалық жүйелерді реформалауды заңнамалық қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосты, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы

жағдайында ғылым мен ғылыми-техникалық саясат желісі бойынша мемлекетаралық байланыстарды жолға қоюға және нарықтық экономиканы қалыптастыруға, сондай-ақ ТМД елдеріне арналған үлгілік, ұсынымдық заң жобаларын қабылдау жөніндегі парламентаралық жұмыстарға қатысты. О. Сәбден ТМД елдері депутаттары арасында бірінші болып ТМД елдері Парламентаралық Ассамблеясының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Осы жылдары О. Сәбден отандық экономика ғылымын дамыту мәселелері бойынша жұмыс істеді: оның бастамашылығымен және тікелей қатысуымен Астанада Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінің базасында және Түркістанда Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің базасында экономикалық мамандықтар бойынша докторлық диссертация қорғау жөніндегі екі диссертациялық Кеңес ашылды. Бұл кеңестердің ашылуы шалғай шетте, өңірлерде ғылыми мектептердің дамуына мүмкіндік берді. Астана үшін бұл экономикалық ғылым жөніндегі тұңғыш докторлық кеңес болды, бұл елордадағы жоғары оқу орындарында экономикалық білім беруді дамытуға серпін берді.

О. Сәбденнің “Наука. Образование. Рыночная Экономика” (1994 г.), “Экономическая политика переходного периода на рубеже XXI века” (1997 г.) атты кітаптары оның Білім беру және ғылым жөніндегі комитет төрағасы болған кездегі қызметінің қорытындысы болды.

О. Сәбден – өмірлік белсенді позициясы бар ғалым. Ол Қазақстан экономикасы дамуының, ғылым мен білімнің неғұрлым көкейкесті проблемалары бойынша өз көзқарастарын 20-дан астам баянжазба түрінде тікелей ҚР Президенті мен еліміздің Үкіметіне тапсырған. Оларда Оразалы Сәбден өз позицияларын қорғады, әрдайым биліктің әрбір тармағы өз қызметтерін мұқият және тиімді

атқаруын жақтады, реформалар бағытын тиімді жүзеге асыру жөнінде ынтымақтасуды, бірлесіп жұмыс істеуді ұсынды. Бұл жазбаларда айтылған негізгі идеялар республикада қабылданған заңдар мен еліміздің стратегиялық даму бағдарламаларында нақты көрініс тапты.

О. Сәбден ғылыми салада және білім беру саласында зор беделге ие. 90-шы жылдары О. Сәбден – “Қазақстан Инженерлер одағын” (1992-1995 жж.) құрушылардың бірі болды, ол сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдауға арналған ҚР Инновациялық қорының авторы (1992 ж.), Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының академигі (1992 ж.), Халықаралық Инженерлік академияның академигі (Мәскеу қ. 1992 ж.) болып сайланды, Конституциялық комиссияның мүшесі ретінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясын әзірлеуге қатысты. Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясы мен ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының, Еуразия Халықаралық экономика академиясының академигі болып табылады, ҚР Білім беру ісінің үздігі 1998 ж.

2001 жылы О.Сәбден Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің (ХҚТУ) президенті болып екі мемлекеттің келісімімен тағайындалады. Оның бастамасымен осында 2001-2002 жылдары алғаш рет түрік жағының есебінен ауылдан келген 3000-ға тарта студентті ақысыз оқыту ұйымдастырылды. Оңтүстік өңірде жаңа ғылыми орталықтар, 5 ҒЗИ, аспирантура және магистратура құрылды, колледждер және дарынды балаларға арналған 2 лицей ашылды. Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде президент болған кезінде ол университет жанынан 4 тілде “**Түркі халықтарының көркем панорамасы музейін**” жасау идеясының бастамашысы және Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданындағы Азаттық ауылында оның жеке қаржысына орнатылған “Түрікбасы

әулиесі” тарихи монументін жасау идеясының авторы болды. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің археологтары жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ежелгі екі қала – Қарашық пен Шарафкент (ҮІІ-Х ғасыр) табылды.

2003 жылы О. Сәбден М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында жұмыс істеді. 2003 жылы ол 11 монографияда көрініс тапқан “Қазақстан Республикасындағы нарықтық экономика дамуының концептуалдық негіздерін” талдап жасағаны үшін **Ғылым, техника және білім беру саласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алды**. Сөйтіп ол экономика саласында Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты болды.

2005 жылы О. Сәбден “Қазақстан – АҚШ” талдау және болжау институтын ашып, оның президенті болды. Институтты құрудағы мақсат – екі елдің экономикалық және саяси-әлеуметтік проблемаларын, олардың өзара байланыстарын зерттеу.

2006 жылдың ақпанында О.Сәбден экономика ғылымының іргелі проблемаларын зерттеу жөніндегі республикадағы бірден-бір ғылыми орталық – ҚР Білім және ғылым министрлігі Экономика институтының директоры болып тағайындалды. Қазіргі уақытта Оразалы Сәбден ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006-2008 жылдарға арналған “Жаһандану жағдайында экономиканың жаңа сапасын қалыптастыру мен дамыту: стратегиясы, институттары мен механизмдері” атты іргелі зерттеулер бағдарламасының ғылыми жетекшісі болып табылады. Бағдарлама 27 тақырыпты, соның ішінде Экономика институтының бөлімшелері мен оның филиалы орындап жатқан 11 тақырыпты, сондай-ақ тең атқарушылар орындап жатқан 16 тақырыпты қамтиды. Бұған қоса, 2006 жылы Экономика

институты қолданбалы зерттеулер бойынша 3 тақырыпты, сондай-ақ О. Сәбденнің бастамашылығымен “Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі: бағалау өлшемдері мен оны арттырудың жолдары” деген тақырыпта зерттеулер орындады.

О. Сәбденнің басшылығымен институттың қызметінде оңды өзгерістер болды. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруі жөніндегі жаңа міндеттерді іске асырумен байланысты уақыт талабына сәйкес Институтта құрылымдық қайта ұйымдастыру жүргізілді – экономиканың нақты секторының проблемалары жөніндегі жаңа бөлім құрылды, 7 бөлімнің атауы өзгертіліп, қызмет бағыттары қайта бағдарланды.

О.Сәбденнің ой-жоспарларына сәйкес, Институтта “Жаһандану жағдайында Қазақстан экономикасының орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігі проблемасы” деп аталатын Іргелі зерттеулер бағдарламасы аясында дайындалған кітапшалар топтамасы шығарыла бастады. Институтта “Экономика: стратегия және практика” деген ғылыми журнал шығарылуда. Ол Орталық Азия мемлекеттері Одағын құрудың қолданбалы міндеттерін шешу мен олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда едәуір рөл атқаруды мақсат етеді.

Оразалы Сәбден Институт директоры ретінде Институттың кадрлар құрамын жасартуға, мемлекеттік тілді дамытуға, ғылым мен білім берудің ықпалдастығын тереңдетуге, халықаралық шығармашылық байланыстарды дамытуға зор назар аударып келеді. Қазіргі кезде оның басшылығымен Халықаралық Экономикалық Форумның Бағдарламалық кеңесімен (Варшава қ.) бірлесіп Алматы қаласында “Еуропа-Орталық Азия” ІІ Форумын өткізуге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі проблемалары жөніндегі халықара-

лық конференцияны өткізуге әзірлік жасалуда. Оның ғылыми жетекшілігімен 4 докторлық, 10 кандидаттық диссертация қорғалды.

2006 жылы О. Сәбден бір топ ғалымдармен және академиктермен бірге өзі бас болып Қазақстан Ғалымдар одағын құруға бастамашылық жасады және оның І съезін өткізді. Бұл Одақтың ғылыми-ұйымдастырушылық мәселелерімен қоса басты міндеттерінің бірі - ғылымның беделін және ғалымдардың әлеуметтік мәртебесін көтеру болып табылады. Қазірдің өзінде О. Сәбденнің басшылығымен Ғалымдар одағы ғылыми қызметті ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру, қолайлы жағдайлар жасау және ғылыми қызметкерлердің еңбегін ынталандыру жөнінде бірқатар түбегейлі ұсыныстар әзірледі.

О. Сәбден халықаралық деңгейдегі ғалым және көрнекті қоғам қайраткері ретіндегі бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстанның орнықты дамуын, оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі ғылымның рөлі, Қазақстанның әлемдік экономикалық қауымдастықтағы орны мен рөлі туралы мәселелер бойынша, жаһанданудың өзекті мәселелері және басқалар жөнінде өзінің терең талдау мақалаларымен жиі көрініп жүр. Ол 300-ден аса ғылыми жұмыстардың, соның ішінде “Наука и научно-техническая политика в условиях рынка: глазами парламентария” (1992 ж.), “Что делать... для восстановления экономики Казахстана?” (2000ж.), “Рыночная экономика: учебное пособие” (2002ж.), “Финансово-кредитное регулирование деятельности промышленных предприятий Казахстана: проблемы и перспективы” (2003ж.), “Бәсекелестік экономика” (2007 ж.) сияқты және басқа да іргелі еңбектердің авторы. О. Сәбден инновациялық экономиканың, “білім экономикасының”, бәсекелестік экономиканың теориялық және практикалық проблемалары бойынша зерттеулерін жалғастырып, ұдайы шығармашылық ізденіс үстінде келеді.

Жақында ғана академик О.Сәбден ғылымға сіңірген ерен еңбегі үшін, Дүние жүзінің ең үздік ғалымдарына берілетін **“Ресей мемлекетінің Ломоносов Орденімен”** марапатталды. Өз елінде 60 жас асқарынан асқанда биліктің марапатын алмаған Орекеңді шет ел қалай бағалайтынын көріп отырсыздар, ағайын.

ЭПИЛОГ

Оразалы Сәбден жайлы жазған өмірдерек аяқталуға жақын. Оның 60-жылдық ғұмыры көптеген адамдарға, әсіресе жастарға үлгі боларлықтай. Орекең үлкен өмір мектебі – еңбек жолынан сүрінбестен нық қадаммен алға басып келеді. Өзінің адамгершілігі мен адалдығының, әділдігі мен білімдарлығының арқасында өз ортасында, көпшілік қауым арасында зор беделге ие болып, елдің ілтипаты мен сыйқұрметіне бөленген жан.

Ұшқыр ойлы, сергек зерделі Оразалы сонау мектеп қабырғасынан қазіргі алпыс жылдық айтулы датаға дейін ғылымда болсын, еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде бір басына жетерлік, бір ғұмырлық дүние жасады. Ештеңеден именбей, билік басындағылардан жасқанбай ел игіліне бағытталған жасампаз бастамаларын ашық пікір таластардан да қорғай білді, қоғам өміріндегі небір өрескел заңсыздықтарға, келеңсіз қылықтарға кеудесін көлденең тосып қарсы тұрды, мойымады, өзінің кісілік бетбейнесін жоғалтпады. Бір өзіне тән құрыштай қайсарлық, тек өзіне тән табиғилығы, халқына деген адалдығы мен сүйіспеншілігі, оны өзінің азаматтық тұғырнамасынан адастырмай, шатастырмай Қазақ халқының жарқын болашағы үшін ешқандай “бақай сезім” сияқты көлеңкелі көріністерден аулақ ұстап, балаға тән пәктілік пен адами тазалық қалпында сақтап келеді.

Х.А. Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті президенттігінен “саяси шешімге” байланысты босағанда да және 2004-2007 жылдары Парламентке сайлау кезінде болған мұндай өрескел әділетсіздік пен қаскүнем қатыгездікке ешбір мойымай қасқайып қарсы тұра алды Орекең.

Орекең өмірдің бұл сынынан да мүдірмей өтті. Ол азаматтық рухын түсірмей, тағдырдың кездестірген қиын кезеңдерін қара нардай көтерді.

Қазіргі экономикамыздың өсіп-өркендеп, халықтың әлауқаты біршама тәуір бола бастағанына сонау 1991-жылдан 2002-ға дейін Парламентте тынымсыз еңбек етіп, елге қажетті талай заңның қабылдануына бір кісідей ат салысқан халық қалаулысы – Оразалы Сәбденнің қосқан үлесі аз емес.

Орекең өзінің табиғи дарындылығы – ерекше талантының қазақи қабілетті ұлттық ерекшеліктерінің арқасында өз ортасында, сайлаушылар алдында, әріптестері арасында, қажырлы еңбегі мен асқан ұйымдастырушылық қабілеті арқылы сый-құрметке ие болған қарапайым қазақ баласының бірі.

Оразалы қолға алған істерді аяғына жеткізуде табандылық танытып, өз мүддесі-халық мүддесін батыл қорғай біледі.

Оразалы Сәбден бойына біткен іскерлік пен қайсарлық аса зерделі қасиетімен үндестік тауып, оның тұлғасын асқақтата түседі.

Орекең – ата-ана дәстүрінен тамаша тағылым алған, өсіп-өнген елдің төл перзенті.

Өздерінен ой-өрісі де, тағылым тәрбиесі мен беделі де биік болған Оразалыны кейбір әріптестері мен қызметтестері іштарлықпен көре алмады, өткір мінезі мен тумысынан біткен турашылдығы да талайларға жаға қойған жоқ.

Оразалы өмір көрген, ел тұрмысын, әдет-ғұрпын, мәдениеті мен салт-дәстүрін терең білетін, жан-жақты түсінігі мол, өте сауатты білімдар азамат. Шекесі кереқарыс, нақ марқасқаның өзі Орекеңнің өмірге, білімге, ғылымға деген құштарлығы таң қаларлық, үлгі етерлік. Мінезі тұрақты, табанының бұдыры бар, табысқа аса желпіне қоймайды, қиындыққа қажымайтын нар қасқа.

Оразалы Сәбден жүріс-тұрысы мен іс-әрекетіне мінезі тең, көркіне көңілі сай келген, үлкенге іні, кішіге аға бола

білген табиғаттың заңдылығымен халқының бақыты үшін жаралған, дүниеге сирек келетін тұғыры биік тұлға!

Орекеңнің отан сүйгіштігін Оразалы Сәбденнің авторлық идеясымен түсірілген **“Жаралы сезім”** атты көркем суретті фильмнен көруге болады.

Ғылыми басылым

ЭКОНОМИКА
таңдамалы еңбектері

ЖАҚЫПБЕК Л.Д.

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН
(О.Сәбден туралы)

НА БЛАГО НАРОДА
(о Сабдене О.)

ХІІ том

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті Экономика институтының
Ғылыми кеңесінде бекітілген

Редакторы: Шорманова М.Б., Барнаханова Д.Ж.
Компьютерде беттеген: Байханова М.С.

Басуға 18.01.2011 ж. қол қойылды.

Пішімі 60 x 84 ^{1/16}
Шарты баспа табағы 15,3 Есепті баспа табағы 21,4.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті Экономика институтының
компьютерлік баспа орталығында (КБО) басылды.

050010, Алматы қаласы,
Құрманғазы көшесі, 29
тел.: 261-01-75

ISBN 978-601-215-043-8



